

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Б. Қ. Қапасова

**ТІЛ МӘДЕНИЕТІ.
ШЕШЕНДІК ӨНЕР**

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

Қ 40

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

Сағындықұлы Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Сарбалаев Ж. Т. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор;

Баратова М. Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қапасова Б. Қ.

Қ 40 **Тіл мәдениеті: Шешендік өнер:** Оқулық. – Алматы, 2014. – 224 бет.

ISBN 978-601-217-479-3

Оқулық тіл мәдениеті мен шешендік өнердің тілдік ерекшеліктерін қоғам дамуымен қарастырады. Аталған нысанның негізгі теориялық мәселелерін түсіндіре отырып, жаттығу, жазба жұмыстарымен бекітіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқулықтың тәжірибелік сипаты басым. Қазіргі қоғамға қажет іскерлік тіл оралымдары мен құрылымдарының жазбаша және ауызша үлгілерін қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері мен пікірталас мәдениетін игертуге бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар студенттердің өз бетімен дайындалуына мүмкіндік береді. Оқулық гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға арналған.

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

ISBN 978-601-217-479-3

© Қапасова Б. Қ., 2014

© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2014

КІРІСПЕ

Жаһандық үрдістер ұлттар мәдениеті мен руханиятына үлкен өзгерістер әкеліп жатыр. Ғаламдық тұтасу, әлемдік жаңа қатынастар ұлттардың өз руханиятының ең басты өзегі – тіліне қайта қарауды қажет етеді. Кез келген ұлттың тілі қоғамдық сұраныс пен қажеттілікті өтеген шақта ғана толыққанды қатынас құралы бола алады. Қазақ тілі – әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен өзгеше орын алған тілдердің бірі. Бүгінгі әлем материалдық байлық үшін де, рухани байлық үшін де ең бастысы – оның бар екендігіне мақтан етуден гөрі, дұрыс жарату, ұлт үшін пайдаға асыра алу мүмкіндігімен өлшенетіндігінде. Сондықтан болар, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қоғамдық мәнін айқындау, қолданыс кеңістігінің жаңа бағыттарын белгілеуде бірнеше Мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Сол бағдарламалардың қолданыстағысы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басымдық беріп отырған негізгі тұстарының бірі тіл мәдениетін дамыту «зиялы ұлттың күш-қуаты» екендігіне баса назар аударады.

Тіл мәдениеті мен шешендік өнер туралы зерттеулер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында түрлі қырынан зерттеу нысаны ретінде алынғаны белгілі. Мәдениеттің негізгі бастауы тіл қатысудан басталады. Сондықтан да болар, қазақ тілінде де сөздің астармен, әдеппен жетуі басты назарда ұсталынады. Бұның қоғаммен өзгерісі, түрлі сипаттарының зерттелуі 1970-жылдардан кейін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы арнайы ашылған бөлімнің ғалымдары еңбектерінде кең қарастырылды. Ғалым М. Балақаев қазақ тіл білімінде алғаш рет тілдік норма деген ғылыми терминді қалыптастырды. Тіл мәдениеті бұған дейін көркемдікпен ғана байланысты болып келсе, ғылыми зерттеулер тілдік норма шеңберінде түсіндірілді. «Сөз өнері» (1978), «Өрелі өнер» (1978) ғылыми жинақтары жұртшылықтың назарына ұсынылды. Аталған зерттеу сөз өнерін (тіл мен әдебиетті) жалпылай алып, сөз қолданудағы, көркемдік ой жасаудағы шеберлікті

тіл мәдениетімен байланыстырады. «I Әдеби тіл стилистикасы», «II Сөздер төркіні», «III Сөз саралау мәдениеті», «IV Сөйлеу мәдениеті және орфография», «V Терминология мәселесі» деп аталатын бес бөлімдері бар.

Тіл мәдениетін зерттеуде ғалым М. Балақаевтың («Қазақ әдеби тілі»), Р. Сыздықтың, Н. Уәлидің еңбектері мол. Р. Сыздық «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» еңбегінде Ғалым алдыңғы норма, тіл мәдениеті, кодификациялау деп аталатын терминдерге ортақтықты – тілдегі заңдылықтарды сақтау деп түсіндіреді, ғалым бір ғана тілдік дерекке қатысты дәлелдері тарихи, саяси, әлеуметтік, заңдық, шаруашылық, тұрмыстық т.б. мәселелерді жете білуден ғана анықталатын тұстар деп анықтайды.

Тіл үнемі даму үстіндегі үрдіс. Сондықтан да сыртқы бөтен тілден сөз алмай, таза бір тілдің негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл болмайды. Тіл мәдениетін зерттеуде тіл білімі ғылымы дәстүрлі ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, жаңа әлем қатынастарына қарай икемдеуде. Әр ұлттың жаңа әлемдегі рухани байлығының ең асылы тілдерінің қоғаммен бірге дамып, өз халқы үшін қызмет етіп, жаһандық өркендеуге өз құндылықтарымен жауап беруі ұлттың сақталуының кепілі екені белгілі.

Тарихы тым тереңнен бастау алатын тіліміздің сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ саясат, шаруашылық, тұрмыс, рухани құндылықтар тілі болғанын дәлелдер деректер де жеткілікті.

Тіл – халық тарихының, әдет-дәстүрінің, әдебиетінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің көрсеткіші десек, ұлттық сипатты анықтар салт пен әдетті, халықтық тағлым-танымды, рухани қазынасын сақтаушы да – ана тілі. Қазақ тілінің бай ауызекі сөйлеу үлгілері көркем де бай болса, жазба нұсқалары әр кезеңіндегі ұлттық тілдің әдеби негізін танытар белгілер.

Біздің мақсатымыз – ата-баба аманат еткен тілді қадірлей білу, көркемдігі мен байлығын сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу ғана болып қоймай, оның қоғам қажетіне қызмет етуін дағдыға айналдыру. Осы тұста қазақ тілінің қоғамдық қызметі дегенде оның нарық тіліне айналуын, ғылым мен өркениет тілі болуын қамтамасыз ету.

Бұның басты шарты – тілдің сөздік қорын барынша пайдаланып, сөйлеу мен жазу тілінде ұлттық қалыпты сақтау мен дамыту.

Қазақ тіл білімінің теориялық негіздерімен толық танысумен бірге тәжірибеде қолдануға төселу, қарым-қатынас тілі ретіндегі ерекшеліктерін үйренудің өзіндік сипаттары бар. Сөйлеу тілі мен жазба тілдегі қолданыстардың бірқатар ерекшеліктері көңіл қойып, баса назар салатын тұстарды айқындайды. Сондықтан да біз оқулықта тіл мәдениеті мен шешендік өнердің басты ерекшеліктерін анықтай отырып, тәжірибеде дұрыс қолдану үшін қажет дағдылар мен қажеттіліктерді қалыптастырудың әдіс-тәсілдеріне жаттығу жасауды мақсат еттік. Осы тұста қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметтері мен оған қажетті тілдік сөз орамдарын, сөздер мен сөз тіркестерін сөйлеуде орнымен қолдану үшін сөз қолданудың дәстүрі мен сөз әдебінің негізгі деген шарттарын көрсеттік. Шешендік өнер, соның ішінде қазақ шешендік өнерінің құрамдас бөліктері мен көркемдегіш құралдары, қазіргі шешендік өнердегі пікірталас мәдениеті мен оның түрлері, жаттығу, басты бөліктері мен ой мен сөз, сөйлем қатынастарын ашудағы сипаттарына талдау жасау міндеттері белгіленді.

Сөз мәдениетінің негізін тағы да ұлттық әдеп пен тәрбиеден табамыз. Әдептіліктің өзін әдемілікке балаған ел дәстүрі өз тілінде таза да көркем сөйлеуді қажет етеді. Тілді үйрену – өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу – ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан дүниесін, сырын білу, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту.

Тілді оқулықтан ғана үйрену өте мардымсыз болады. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады. Оқулық «Тіл мәдениеті» және «Шешендік өнер» деп бөлініп, әрқайсысының негізгі нысандары талданып, жаттығу жұмыстарымен бекітіліп отырады.

I бөлім. Қазақ тілі – ұлт тілі. Тіл мәдениеті және ұлттық мұрат

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамның өзгеруімен бірге адамдар танымына да өзгерістер кіреді. Тіл мәдениеті ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғаммен бірге тілдің, сол тілді тұтынушылардың қарым-қатынас мәдениетін реттейді. Тіл мәдениеті тіл заңдылықтарын сақтау, ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тән нормалар таза, әдеби тілмен сөйлеуге дағдылану, тілдік қарым-қатынастағы әдеп пен нақтылықты, әсерлілікті, түсініктілікті талап етеді. Тіл мәдениеті нысанына мәтінді мәнерлеп оқу, өз ойын қисындылықпен байланыстыра алу, жазуда орфографиялық норма дағдыларын қалыптастыру талаптарын игерумен де анықталады.

Тіл мәдениеті зерттеу нысаны ретінде ғалымдар Р. Сыздық, Т. Қордабаев М. Балақаев, Н. Уәли еңбектерінде кеңінен зерттелді. Бұның бастауында қазақ халқының сөз өнеріне өзгеше жауапкерлікпен қарайтын талабы да бар. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» өлеңіндегі «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» немесе: «Іші – алтын, сырты күміс сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы?» – дейтін жолдарынан бастап кейінгі сөз зергерлерінің тілді өнер ретінде сақтаудың басты шарты оның алғашқы ұлттық қалпын сақтау, халықтық өзегін үзбеу тілі білімі мен әдебиеттегі негізгі ұстанымдары екені белгілі. Тілдік қарым-қатынастағы ізеттілік, сауаттылық, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік заңдылықтарды дұрыс қолдану – тілдің мәдениетін сақтау ғана емес, ұлттық танымды қадірлеу. Осы тұрғыда ғалым Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деген пікір білдіреді. Ғалым Р. Сыздық сөздің лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтарын сақтаумен бірге лингвистилистикалық нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажеттігін айтады. Тіл мәдениеті ғылымын ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп

шартты бөлу қалыптасқан. Бүгінгі қоғам жазу тілі мен ауызша сөйлеу тіліндегі ара-жікті жақындата түскендігін еске алсақ, тіл мәдениеті дегеніміз – тұтас сөйлеу, жазу, оқумен бірге қоғамдағы сөз өнерінің мәдениеті ғана емес, әр адамның білім мәдениеті мен әдеп мәдениетін біріктіріп, тілдің қоғамдық қатынас қызметін бар айшығымен көрсете алуы.

Тіл байлығын, әдетте, біз сөз байлығымен өлшеп үйренгенбіз. Сөз байлығы әркімнің сөздік қорымен байланысты болғанымен, басты байлық – ой байлығы. Ой байлығы ғана сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі жеткізіп қана қоймай, ойға бастайды, тыңдаушысын бей-жай қалдыра алмайды. Сөзді түрлендіре қолдану, әр сөзге қажет тіркесер, сабақтасар, ой ашар сыңарын дәл тауып қиюластыру сөздің парқын білу мен ойға жетелеу – тіл мәдениетіне қажет талаптар. Сөздерді бір-бірімен жалғастырып қана қоймай сол арқылы стильдік бояуын мен бір-біріне әсер етер керектісін дөп басып табу ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасады.

Ой байлығы адамға табиғат берген сый екені де рас. Бірақ ежелгі шешендер өмір жолына назар салсақ, олардың тарих пен өнердің, бар ғылымның кешегісі мен бүгінгісін жетік білгендігін, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгергендіктерін байқаймыз.

Сөз қолдану мәдениетіндегі қалыптасқан терминдердің бірі – тіл тазалығы. Тіл үнемі даму үстіндегі үрдіс. Сондықтан да сыртқы бөтен тілден сөз алмай, таза бір тілдің негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл болмайды. Тіл ұлттың жаны дегенді еске алсақ, жұртты құрметтеу – оның тіліне қояр талаптарды орындау. Жаһандық үрдістер қазақ тіліне деген өзгеше көзқарастарды қажет етеді. Себебі әлемдегі кең таралған ағылшын, қытай, араб, француз, испан, орыс тілдерімен қатар тұрып, дүние-ғаламның бар сырын бір тілде – өз тілінде жеткізу міндеті – кез келген тіл үшін де бүгінгі ғаламдасу әкеліп отырған күрделі сындардың бірі. Оймен біріккен сөз ғана қоғамда ұтымды қолданыс ретінде сақталады. Биік елдік мұрат, терең білім, ой мен сөз бірлігі – тілді сақтайтын басты белгілердің бірі болып қала береді. Ұлтты сақтап, жұрттық тілекті егемендікке жеткізген тілдегі мәдениеттілік болатын. Ой мен сөз

бірлігі. Мағына мен құрылым тұтастығы. Мәдениеттілік басы да осы – сабақтастықта, бірлікте, жарасымдылығында. Бұның дәлелі – қазақтың көркем әдебиеті, ой мен суреті қиюласқан шешендік сөздері. Шешендік сөздер – ой мен көркемдігі жарасқан, құрылымы ақылға қонымды, уақыт өткен сайын тереңдігі ашыла беретін асыл қазына. Шешендік сөздер – ұлт тілі мәдениетінің бар шарттарын орындауымен де елге жақын, заман өткен сайын қажет бола берер сөздер.

1-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

Қазақ тілі

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады.
Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды.
Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың?
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

(М. Жұмабаев)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлең қай жылдары жазылған? Осы кездегі халық тарихы жайында не білесіздер?

2. Ақын өмірі мен шығармашылығын өлең идеясымен сабақтастыра әңгімелеңіздер.

3. «Күш кеміді, айбынды ту құлады» осындағы символдық кейіпкер халық па, тіл ме?

4. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды табыңыздар. Жеке сөз және сөз тіркесі қалпында жұмсалыуында қандай айырмашылықтар бар?

5. Өлеңнен тілдің қандай белгі, қасиеттері көрсетілген?

6. Өлеңді жаттап алыңыздар.

2-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, тапсырмаларын орындаңыздар.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа **құлай аққан, құлай ағып** Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың Найман мекені. Сол Алтай мен **сол** Күршімнің қысы – қыспақ, жазы – Самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт **Алтайдың, Алтай** сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де **аспан**, сыры да **аспан**, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жары тау еркесі киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңкыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді.

(Ж. Аймауытов)

құбыла – шығыс жақ

мәйек –

тыраңдасып –

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар. Табиғатты суреттеуде қолданылған сөздердің мағынасына, өзара ұйқасына, құрылысына, айтулы сазына назар аударыңыздар.

2. Жазушының Марқакөлдің сипатын, орналасқан жерін суреттеуінде қандай ерекшеліктері бар:

а) Өскемен, Бұқтырма, Алтай, Күршім жер атауларын не үшін пайдаланған?

ә) Жоғарыдағы ел, жер, өзен, көл, таудың суретін, табиғатын бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестерінің қызметін анықтаңыздар.

3. «Ар жағында», «оң жағында», «қақ басында», «алақанның аясында» тіркестерінің синонимдерін жазыңыздар.

4. «Күз күзеткен», «қысы қыспақ», «түрі де аспан, сыры да аспан», «жазы самал» тіркестерінің мағынасын ашып айтыңыздар.

5. Сөйлем ішіндегі бір сөздің екі рет қайталанып берілуінің мағыналық, эмоциялық әсері қандай?

3-жаттығу. Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, кестеге толтырып, әрқайсысымен сөйлем құраңыздар.

Ақберен, ақбөкен, алаша, әбес, айтымпаз, айығу, алагеуім, әупілдек, өрескел, әлеумет, сергу, томаға, бесін, сөзуар, кілем, керік, ләйлек, сұңқар, әсемпаз, қылаң, сөйлеу, жүгіру.

Зат атауы	Жан-жануар, құс аты	Сын, бейне, түс, қасиет	Қимыл-қозғалыс	Уақыт

4-жаттығу.

...Кәрі аңшы Ақшегірдің томағасын тартып, үндемей **тасқа** шүйіліп отыр еді. Бір мезгілде алыстағы қағушының айғайы естілді. Ақшегір елең етіп, барлық үлкен денесі екі ғана отты шегір

көз болғандай болып, қызыл тасқа **шаншылып, қадалып** қалды. Артынан аз уақытта аңшының қолынан атып жөнелді. Сол кезде қызыл тастың аңшыларға қараған қарсы беттегі бір **жарықтан** түлкі **етекке** қарай **шұбатыла** берді. Ақшегір аңшылардан бұрын **қабат тастың** арасынан қылып еткен жонын көрген екен. Денесі ыстық оттай қайнаған шыдамсыз қыран жай отындай **жарқ етіп**, аспанға шықты. Етекке түсе алмай асығып, **қарбаласып** қалған түлкі ежелгі кекті жауын кең жерге шығып тоса алмай, қызыл тастың **қия бетіне** құйрығын **шаншып**, керіп тұрып қалды. Майданға шығып, қызықтырып тұрған жерін көрген қыран **айналып, аспандап көтеріле берді**. Аспандаған сайын жынын шақырған қара бақсының қабағындай төңкеріліп, қайта-қайта **түйіліп, көтеріліп**, күші мен ызасын жиып жүрді. Аяғында жерге қарсы **қасқарып, төсін төсеп, бір екпіндеп көтеріліп алып**, бетін бұра сала түлкіге қарай **шаншыла жөнелді** (М. Әуезов. «Бүркіт аңшылығының суреттері»).

«... Сол уақытта тағы да Баймағамбеттің «кеу» деген жіңішке, қысқа белгісі тас арасында жаңғыра шықты. Қарашолақ **ытқи** жөнелді. Бұл жолы ызалы ынтамен, қос қанатын ширақ сермеді. Шапшаң оралып, аз аяда **ширақ айналып**, қос қанатын **қыса сермеп, екі-үш дөңгеленіп, биіктеп** алды. Енді Тұрғанбайдың алдындағы құздың бауырына қарай қос қанатты аспанда бір **қайшыландырып** жіберіп, топшысын **үшкірлеп** лезде құдия жөнелді. Тұрғанбай үн қатқан жоқ еді» (М. Әуезов. «Абай жолы»).

3. ... Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сыпсың қағып із шалғанда.
Бүркітші – тау басында, қағушы-ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға,
Көре тұра қалады қашқан түлкі
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.

Аузын ашып қоқақтап, тісін қайрап,
 О да талас қылады шыбын жанға.
 Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,
 Шабар жерін қарамас жығылғанға.
 Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі,
 О да осал жау емес қыран паңға.
 Сегіз найза қолында, көз аудармай,
 Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
 Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
 Көктен қыран сорғалап құйылғанда

(Абай. «Қансонарда бүркітші шығады аңға»)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Төмендегі сөздерді жазып, мағынасын еске сақтаңыздар.

топшы – адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.

үшкірлеу – сүйірленіп, алдыға қарай созыла түсуі.

қырым – алыс жер, қия шет.

саға – өзен немесе өзен сілемінің қабысып түйіскен жері.

Бұл жерде сай-саланың түйіскен жері

3. Үш мәтіннің ортақтығы мен айырмашылықтарын анықтаңыздар.
4. Келесі сөздердің мағынасын «Түсіндірме сөздіктен» қарап жазып алыңыздар:

томаға –	бет –	құдия –	
қарсы бет –	қағушы –	қия бет –	жон –

5. Кестені толтырыңыздар.

Таулы жердің сипатын білдіретін сөздер	Түлкінің қимылын білдіретін сөздер	Бүркіттің қимылын білдіретін сөздер

6. «Аң аулау», «құс салу», «құс баптау», «ит жүгірту» тіркестерінің мағынасына талдау жасаңыздар.

7. «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» (Абай) тақырыбына әңгіме құрастырыңыздар.

Ұлт тілі тарихының деректері

Қазақ тілі түркі тілінің қыпшақ-ноғай (Н. А. Баскаковтың топтастыруы бойынша) тобынан тарайды. Түркі тілдеріне қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, татар, құмық, башқұрт, т.б. тілдері жатады. Түркі тілдерінде ортақ әдеби, мәдени, мұра – қазіргі қазақ халқының да рухани құндылықтары. Қазіргі қазақ тіліне негіз болған түркілік жазба ескерткіштері аз емес. Түркі жазу нұсқаларын көне, орта және араб жазуымен жазылған ескерткіштер деп бөлінеді. Орхон-Енисей, Ж. Баласағұн «Құтты білік», «Кодекс куманикус», М. Қашқари «Түркі сөздерінің жинағы» – түркі мәдениетінің ескерткіштері.

Көне жазба мұралар (XIV – XV ғасырларға дейінгі)

1	Көне түркі кезеңі	IV-IX ғ.ғ.	Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама» т.б.
2	Ислам дәуірі	X-XII ғ.ғ.	Әл-Фараби («Музыканың ұлы кітабы», «Аргонон», «Логика» т.б.), М. Қашқари («Түркі сөздерінің жинағы», Ж. Баласағұни («Құтты білік») А. Иассауи («Даналық кітабы»), А. Иүгінеки («Ақиқат сыйы») т.б.

3	Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі	XIII – XIV ғ.ғ	«Кодекс куманикус», Рабғузи («Рабғузи киссалары»), Құтып («Хұсрау- Шырын»), Хорезми («Махаббатнама») т.б.
---	----------------------------------	----------------	--

Түркі тілдері жалғамалы тілдер қатарына жатады. Түркі тілдерінің түп-тамырының бір арнаға тоғысатындығы сөздердің мағынасынан, дыбыстық жүйесінен, морфологиялық құрылымынан, синтаксистік құрылысынан да көрінеді.

Тілдік ұқсастықтармен бірге қазақ тілінің, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінің әрбірінің өздеріне ғана тән ерекшеліктері де бар. Төмендегі кестеге қарап, қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен ұқсастығын және олардан айырмашылығын анықтауға болады.

қазақ	ауыз	сөйле	қыс	тіс
алтай	өөс	сөстә	қыш	тиш
әзірбайжан	ағыз	сөйлә	гыш	диш
башқұрт	ауыз	хөйлә	қыш	теш
қырғыз	өөз	сүйлөө	қыш	тиш
өзбек	оғиз	суйла	қиш	тиш
ұйғыр	егиз	сөзли	қыш	тиш
татар	авыз	сөйлә	қыш	теш
түрікмен	ағыз	сөзлә	гыш	диш
түрік	ағыз	сөйле	қыш	дис
тува	аас	сөгле	қыш	диш

Тарихты білу, оның бастау алар кезеңдеріне үңілу, бүгінгі күнге қажетін табуға ұмтылу – барлық халықтарға тән дәстүр. Әрі халықтың бақ-беделін, абыройын көтерумен бірге, мысалы, жоғарыдағы кестеге қарап қазіргі қазақ тіліндегі «ас», «сөз» сияқты сөздердің фонетикалық, лексикалық өзгеріс қалпын да тануымызға мүмкіндік туады.

Халық өз тарихын ертеден есте қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырған. Соның үздік үлгілерінің бірі – әр ата, әр ру, әр жүз шежіресі мен аңыз-әңгімелері.

Қазақ тілінің де тарихы тереңнен тамыр тартады. Есте жоқ ескі замандар ізін халық тілінен табамыз. Ендеше қазақ ұлты да өзінің бай қазынасы сақталған халық тілінің сыр-сазын танып, оны арғы, бергі, бүгінгі мұрамен, әдебиет, дәстүр, мәдениет, өнермен, сабақтастыра алғанда ғана әлемнің рухани құндылықтары қатарында өз қолтаңбамыз қалады.

5-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Аудармасын түпнұсқамен салыстырыңыздар.

1. Едгүті есід қатығды тыңла.	1. Мұқият тыңда, терең ұқ.
2. Ырақ ерсерйаблақ ағы бірүр. Иағұқ ерсер едгү ағы бірүр	2. Жырақ тұрғанға – жаман сыйлық. Жақын тұрғанға – жақсы сыйлық.
3. Ашық тосық өмезсен Бір тодсар ачық өмезсен.	3. Аштықта тоқтықты білдірмейсің, Бір тойсаң аштықты білмейсің.
4. Ару обуту иіг.	4. Өлімнен ұят күшті.
5. Иуйқа ерікліг топла – ғалу үчүз. Иінчге ерікліг үзгелі үчүз.	5. Жұқаны таптау – оңай, Жіңішкені үзу-оңай («Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріен)
6. Емгексізін тұрғұ иок мұнда тамұ	6. Бейнет шекпей тұру жоқ мұнда бекер
7. Едзгүлүкүг көрмедзіп ажұн шықар.	7. Ізгілігін көрместен дүние өтер!
8. Құш иафұзы сағзыған, Иығаш иафзы ұ азған, Иер иафузы қазған, Бүдүн иафұзы барсған	8. Құс жаманы – сауысқан, Ағаш жаманы – азған, Жер жаманы – қазған., Ел жаманы – барсған. (М. Қашқари «Түркі сөздігі»)

6-жаттығу. Қазіргі қазақ тіліне аударып жазыңыздар. Қандай дыбыстардың өзгерісін байқадыңыздар.

1. Іт үрәдір. Қой манрайдыр. Сыр мүнрейдір. Иылқы кишінейдір. Таох чақарадыр. Бөрі улуйдыр.

2. Алай айтылар: Шүкүр, барчадан бейік теңрігә.

3. Сенде, мендә йоқ, сенгір тавда йоқ, утлу тасда йоқ, қыпчақда йоқ (ол құс сүт дір).

4. Үзун ағач басында улу бітік бітідім [кесән].

5. Бес баслы елчі келиүр [Ол етікдә бес бармақ].

6. Иазда (қырда) йавлы токмақ йатыр [ол кірпі дір].

7. Ічер, иер, ініна кірер [Ол бычақ дыр].

(«Кодекс куманикус»)

7-жаттығу. Ж. Баласағұнидың «Құтты білік» шығармасындағы тіл жайында айтылған даналық ойларды қазіргі тілдегі мағыналас мақал-мәтелдермен салыстырыңыздар. Қазіргі тілден ұксас мақал-мәтелдер табыңыздар.

Үлгі: 159. Тіл кісінің абыройын арттырады, бақыт әпереді.

Тіл кісінің беделін түсіреді, басын жарады («Құтты білік»)

Тіл тас жарады,

Тас жармаса, бас жарады (Мақал).

162. Мені тіл аса көп азапқа салды.

Басым кесілмес үшін тілімді кесейін.

163. Сөзіңді күзет, басың кетпесін.

Тіліңді күзет, тісің сынбасын.

167. Тауып сөйлеген сөз білгенге саналады.

Білімсіздің сөзі өзінің басын жейді.

169. Көп сөйлеме. Аз сөйле бірер [ғана].

Мың сөздің түйінін бір сөзбен шеш.

173. Тіліңді күзетсең, басым күзетілді [де].

Сөзіңді қысқа етсең жасым ұзарды [де].

(Аударған Б. Сағындықов)


8-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, құрамына талдау жасаңыздар.

1. **Жасыл байтақ** жері бар.
Айдынды шалқар көлі бар.
2. **Аламанға** дем берген.
3. Ханның ұлы **қарауыл**,
Бектің ұлы **бегауыл**,
Хан жігіті **жасауыл** («Қобыланды батыр»).
4. Керегем менің **кертулі**,
Кертіліп отқа **жағулы**.
Туырлығым менің **тілулі**,
Тіліп тоқым **қылулы** («Қарабек батыр»).
5. Мен ақ сұңқар құстың **сойы** едім,
Шамырқансам, тағы кетермін.
Кетпей де **нешін** етермін? (Махамбет)
6. Көлдерде **қулар** шулайды –
Көкшіліден ол айуан
Сокқы жегенге ұқсайды (Шалкиіз).
7. Ішім – толған у мен өрт, сыртым **дүрдей**,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.

(Абай)

9-жаттығу. Сөйлемдерді үлгі бойынша толықтырып, көркемдеп жазыңыздар.

Үлгі: Күн бұлттанды.



- Күннің көзін бұлт жапты.
- Күннің көзі көмескі тартып,
бұлттар астында қалды.
- Күнді ентелеп, бұлт қамап тұр.
- Аспан түнеріп, дала күңгірт тартты.
- Күн қара бұлттар уысында қалды.

1. Балалар ән шырқады. 2. Қоңырау соғылды. 3. Айбек өзен жағасында тұр. 4. Бақшада гүлдер көп. 5. Ақ лақ сүйкімді екен.

10-жаттығу. Мәтінді оқып, негізгі түйінін айтыңыздар. Ғалым ойын өздеріңіз қалай жалғастырар едіңіздер.

...Қазақта жазу, сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тіл азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қақитып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л-дың» айтуға кемшілігі, естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп кәне өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады.

(А. Байтұрсынов. «Тіл тағлымы»)

терте – арба, шананың көлік жегетін жетек ағашы.

шыбыртқы – арба, шана көлігіне, мал айдауға арналған, кейде өріп, кейде өрмей жасаған ұзын қамшы.

11-жаттығу. Сөздерден сөз тіркесін жасаңыздар.

Үлгі: шегір көз, оқалы камзол.

1. Шегір, оқа, лауазым, лебіз, манат, ойпаң, өктем, перне, рухани, сонар, сәйгүлік, сүліктей, сүрме, сырғауыл, танымал, доғал, ғибрат, дода, күнгірт, етжеңді, бап, бөктергі.

12-жаттығу. Көшіріп жазыңыздар.

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа жыртыстың бұл-матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи – құда-құдағылар сыбағасы. Шапан,

кемзал, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сыяпат.

Қалыңмал басы – Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді.

Екі жаққа да мәлім ілу киітке орай. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен киіт құн жағынан қаралас болатын. Бірақ Құнанбай оны есептемей, Алшынбайға өз бергенінің дәл өзін жібермепті. Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс – осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңай көрсетпеу. Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек. Той оңай емес. Көп қиын қаммен, асықпай істеледі. Сол тойдың артынан барып қана қол ұстау кеші болады. Сүйтіп, Абай алғашқы күн ғана емес, тағы екі күн өткенше де өз қалыңдығы қандай екенін, кім екенін көре алған жоқ, білген жоқ. Бұлар келген күннің ертеңінде Ербол ғана барып, Ділдәға амандасып, жүз көрісіп қайтты. Қалыңдықтың түсін, отырысын Ербол айтқысы кеп еді. Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты ырза боп, сүйсініп келген. Бірақ Абай айтқызбады. Сөзді басқа жаққа бұрып кетті

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлттық дәстүр лексикасына қатысты сөздерді тауып, мағынасын анықтап, мәнін ашыңыздар.
2. Ұлттық киімдер атауларын теріп жазып, қатарын толықтырыңыздар.
3. Бұл, матаның тағы қандай түрлерін білесіздер.

шаршы – жыртыс – жамбы –

бесік жамбы ілу –
тайтұяқ –
киіт – құда-құдағиларға киім-кешек түрінде берілетін сыйлық.

13-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Бұқар жырау ғалам-табиғат-қоғам қатынастарын адам тұрмыс, тірлігімен қалай сабақтастырады? Жырау ойын жеткізуде қандай тілдік тәсілдерді қолданады? Жауаптарыңызды жыр жолдарындағы лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тілдік тәсілдермен дәлелдеңіздер.

Айналасын жер тұтқан

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз.
Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп.
Бір жаһанда соғысып,
Кегін алмас деменіз.
Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес деменіз.
Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас деменіз.
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас деменіз.
Қулық туған құлаша
Құрсақтанбас деменіз.
Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес деменіз.

Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметтері

Тіл – адамзат қоғамындағы ортаны біріктіруші, ұйымдастырушы. Ендеше тілдің негізгі қызметі – қоғам мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу, пікір алысу, арасын жалғастырушы қызметін, яғни қазіргі, бүгінгі, келешек арасына дәнекер болатынын да еске алатынымыз сөзсіз.

Тілдің, сөздің осындай қызметтерімен бірге халық жанында сөз киесі, сөз дауасы, сөз құдіретін, қасиетін құрмет тұтар тыйым сөздер, мақал-мәтел, даналық ойлар, сөз тіркестерінің де қолданар орнына қарай өз ерекшеліктері сақталған.

Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Жақсы тілек, игі ой адамды бақытқа жеткізеді деген түсінікті ашады. Мақал-мәтелдер – осының айғағы. Жақсы сөз естіп, білгір жанмен әңгіме құрса, «бір жасап қалдым» деген.

Қазақ халқы бір-бірінің қуаныш пен қайғысына, шаттық пен мұңына ортақтасып отыруды парыз санаған. Қуанышқа құтты болсын айтып, қайғы-мұңды сөзбен, тіл күшімен сейілтуді дәстүр еткен.

Халықта барлық қызық пен қуаныш, қайғы мен зар сөзбен өрнектелсе, дау-дамай, ұрыс «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шешілген.

Қазақ тіліндегі ұлттық дәстүр, тағылым, таным сипатындағы сөздер қоғамның түрлі сатысында алуан жағдай, жайға қарай үлкен қызметтер атқарған. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халық қағазға түспесе де, хатқа жазылып басылмаса да, кесімді уәжді, қорытылған тұжырымды заң деп қабылдаған. Тілдегі сөздің осындай ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдық қызметін шартты түрде төмендегідей негізгі топтарға бөлуге болады.

- Дау-дамай, ұрыс, қақтығысты шешетін сөздер (шешендік сөздер, билер дауы)

- Сенім, күш, айбын болатын сөздер (сыйыну, табыну сөздері)

- Ем, дауа, тән жарасын жазар сөздер (аластау, бәдік, түрлі ауруларды емдеу кезінде айтылатын сөздер)

- Өткенді екшеп, болашақты болжар сөздер (бал ашу, құмалақ салу, қобыз ойнау, т.б.)

- Тілек, жақсылыққа арналған сөздер (бата, тілек, алғыс)
 - Тыйым сөздер, қарғыс сөздер
 - Жан жадыратып, көңіл қуаныш өсірер; қуаныш әкелер сөздер (қошемет, қоштау)
 - Есе қайырып, кек қуып, намыс оятар сөздер (аруақ шақыру, ата-баба аруағына сыйыну)
 - Қуаныш, қайғыға ортақтасар сөздер (құттықтау, көңіл айту)
- Қызметтеріне қарай түрлі орындарда қолданылатын сөздер, көркемдік бояуымен, нақты, белгілі ортада қолдану өрісі, айтылу саз, әуенінің бөлектігімен айшықталады.
- Қазақ халқы осы арқылы сөздің қоғамдық-әлеуметтік орнын белгілеп қана қоймай, психологиялық, философиялық, танымдық мәнін де ашқан.

14-жаттығу. Мәтінді оқыңыздар. Тапсырмаларын орындаңыздар.

Бірде Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі бірігіп, ел арасында даулы мәселелер көбейіп кетті, барымта жиі қайталанатын болды деген себепті желеу етіп ел жинап, мәслихат өткізбек болады. Дуанбасылар шақыртқан соң халық жиылады. Халықтың басаяғы түгел жиналып болғанымен, дуанбасылар келе қоймайды. Шілденің аптап ыстығында Жанқұтты шешен дуанбасыларды күтеді. Осы уақытта Жанқұтты келмейтін болды деп халықты таратып жіберіп, өзі үшеуінің алдынан шығады.

Алшынбай тұрып:

– Е, Жанқұтты, халық жиналды ма? – депті.

– Халық жиналмақ түгілі, жиылыс бітіп қойды. Сіздер кешіккеннен кейін сырқаттанып қалды ма деп, жиылыста қаралатын төрт мәселенің біреуін өзім шешіп, үшеуін үшеуіңізге қалдырып, кейін бір кезі келгенде айтар деп, халықты таратып жібердім, – депті Жанқұтты.

– Оның да дұрыс болған екен, бізге қайсысын қалдырдың, – депті Алшынбай.

Сонда Жанқұтты тұрып:

– Мұсажан, асықтың қаржысының билігін саған қалдырдым, Алшеке, тақыр жердің билігін саған қалдырдым, Құнанбай, ақ тобық аттың шабысының билігін саған қалдырдым, – деген екен.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінде аты аталған Мұса, Алшынбай, Құнанбай, Жанқұтты туралы не білесіздер?

2. Барымта, желеу етіп, дуанбасы, аптап сөздерінің мағынасын анықтаңыздар.

3. Жанқұтты шешеннің дуанбасыларға қалдырған билігін таратып айттып беріңіздер.

15-жаттығу.

1. Бесікті аластау

Алас, алас, баладан алас,	Келді, міне, баласы.
Иесі келді, пәлесі көш!	Көш, көш, пәлесі,
Алас, алас, пәледен алас,	Келді, міне, егесі.
Көзі жаманның көзінен алас!	Аталарың ақырса,
Тілі жаманның тілінен алас!	одан қорықпа,
Қырық қабырғасынан алас,	Аналарың, ағаларың шақырса,
Отыз омыртқасынан алас.	одан қорықпа.
Алас, алас, аласы,	Сылдыраған бұлақтан қорықпа.

2. Бұлт шақыру

Ат басындай ақ бұлт ...
Қой басындай көк бұлт...
Қоғалы көлдер құрыды,
Құба жондар шөлдеді.
Қолдан қара жауын бер!
Жандай досым, ақ бұлт,
Омыраудан соқ бұлт!
Ескек желді сұр бұлт,

Еріктірмей жете көр!
Тасқындасаң тас жаудыр,
Қаһарлансаң қар жаудыр,
Буырқансаң мұз жаудыр,
Мұздай темір құрсандыр!
Кел бұлт, кел бұлт,
Екі енеге тел бұлт!

Арнау жыры

Кер, кер, кер жылан,
Кереге басты мер жылан
Бір жылан бар – сұм жылан,
Бір жылан бар – сұр жылан.
Бір жылан бар – жеті жылғы ту жылан,
Құралай таудың басынан
Қуып келген қу жылан.
Пайғамбарлар демінен
Дегелек келді, шық жылан.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөздердің мағынасын жазып алыңыздар. Кейінгі сөздердің мағынасын тауып жазыңыздар.
2. Үш мәтінге ортақ ерекшелік не?
3. Бесікті неге тілден, көзден аластайды?
4. Ұшықтау туралы не білесіздер? Ұшықтаудың аластаумен байланысы бар ма?
5. Бұлттың қандай түрлері айтылған?
6. Аластау, шақыру, арбау жырларының басқа қандай түрлерін білесіздер?

16-жаттығу. Сөйлемдерді топ-топқа бөліп жазыңыздар.

1. Бүйіріңді таянба! 2. Қайырлы, құтты болсын! 3. Басқа амандық, денге саулық берсін! 4. Алды ашық екен. 5. Көсегің

көгерсін! 6. Азамат бопты деген осы! 7. Екі бүйірінен қысып бара ма, қалай?! 8. Тізеңді құшақтама! 9. Көкті жұлма! 10. Бағың жансын! 11. Тілегің қабыл болсын! 12. Жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын! 13. Маңдайы жарқырап-ақ тұр екен! 14. Қуатым-ау, тіл-көзден сақтасын, адам болғаныңнан, айналдым. 15. Бауы берік болсын, өмір жасы ұзақ болсын! 16. Шаңырағы биік, босағасы берік болсын! 17. Киімді желбегей жамылма! 18. Малды басқа ұрма! 19. Иә, оңдай бер, жол түсіп тұр ғой. 20. Саусағыңды шошайтпа!

1. Тыйым сөздер:

2. Тілек сөздер:

3. Бата:

4. Болжау, жол ашу сөздері:

5. Қошемет, сүйсіну сөздері:

17-жаттығу. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыздар, мазмұнын айтыңыздар. Ұлт мінезі мен өнерінің (ауыз әдебиеті үлгілерінің) даламен үйлесімділігі жайында не айтылған?

Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы жөніндегі заметкалар (үзінді)

...Егер Гомердің ертегі жырлары мен Геродоттың халық аузынан естіп жинаған аңыздары қаншалықты тарихи қастерлі болса, егер бұрмаланған, шексіз аңыз атаулының негізінде оқиға мен шындық болса, онда өздерінің ата-бабаларының тұрмысын бейнелейтін және салыстырған кезде тарихи нұсқалармен бәр-бәрінде үйлесетін қазақтардың жағымды және дәйекті аңыз-жырларының, олардың өмір салтының, әдет-ғұрыптарының, сондай-ақ қазіргі үлгі-өнегелерінің тарихи маңызға ие болуы күмәнсіз. Қоғамның бүкіл көпшілігінің сезінуіне, өмірі мен процесіне байланысты таза халықтық ақыл-ой туындылары ретінде, ақыр соңында, бір адамның атынан айтылғандай бүкіл халықтың аузынан тараған

туындылар... ретінде бұл аңыз-жырлар тарихи да, филологиялық та, психологиялық та ынта-ықыласқа лайықты.

Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар... Сахарада тынысыңыз бір түрлі кеңейіп, ой-өрісіңіз де қанат жаза түседі, онда етек-жеңді кеңге салып, емін-еркін жүресіз. Ұшы-қиыры теңіздей шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп-нәзік гүлдер бейне жасыл дастарқандай боп жайылады... (Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік жанға жайлы бір сыр бар...)

...Қазақтар өздерінің көне аңыздары мен нанымдарын соншама балауса күйінде сақтап келгеніне таң-тамаша қаласыз, бүкіл шексіз даланың шалқар шетінде, әсіресе өлең-қиссаларының бірдей үндесуіне одан бетер таң-тамаша қаласыз және оларды салғастырып қарар болсаңыз түпнұсқасы егіздің сыңарындай барабар келеді.

Халық аузындағы нақыл сөздері зерттеудің этнография үшін маңызы бар, өйткені халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы ондай сөздерден айқынырақ көрінеді.

(Ш. Уәлиханов)

18-жаттығу. Тыйым сөздерді төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыздар.

1. Үлкеннің алдын кеспе. 2. Жағынды таянба. 3. Суға түкірме. 4. Тізеңді құшақтама. 5. Бүйіріңді таянба. 6. Түнде суға барма. 7. Малды басқа ұрма. 8. Қу таяқ таянба. 9. Шашыңды жайма. 10. Сырт киімді желбегей жамылма. 11. Босағаны керме. 12. Саусағыңды шошайтпа. 13. Күлді баспа. 14. Таңдайыңды қақпа. 15. Табалдырықты баспа. 16. Ошақтағы отты өшірме. 17. Кір суды баспа. 18. Аяқ киімді төрге шығарма. 19. Бас киімді жерге тастама. 20. Бет-аузыңды қисандатпа. 21. Тіліңді шығарма. 22. Ерніңді шығарма. 23. Үлкеннің сөзін бөлме. 24. Көкті жұлма. 25. Көкті баспа. 26. Айға қолыңды шошайтпа. 27. Асты аттама. 28. Нанды баспа. 29. Басыңды шайқама. 30. Киімді теріс киме. 31. Отқа түкірме. 35. Кісіні аттама.

Таным түсінікті білдіретін тыйым сөздер: Түнде суға барма.

Салт-дәстүрге қатысты тыйым сөздер: Үлкеннің алдын кеспе.

19-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашыңыздар.

Ауыздығымен алысқан тор төбел де ыршып кетті. Дала сырына қанық қу бала Еркебұланмен қатарласа беріп:

– **Қасқыр шоқаққа** салыңыз... Сонда ат дүбірі естілмейтін болады, – деді.

Бұлар жолдан бір шақырым алыстамай-ақ қуғыншылар қала жолымен ағып өтіп кетті. Содан кейін қуғыншылар да, қашқындар да бірінен-бірі адасып қалды.

Ана белдің астында деген **қыстауды** Қайсар әлі таба алмай келеді. Улыкөл де жоқ, Қисық там да жоқ. Түн қараңғылығы қоюлана түсті. Қалай кетіп барады, **бет алыстары** қай жақ, оны екеуі де біле алмай келеді. Қайсар адасқанын сезінген сайын қысылып, қысылған сайын **тақымын** да қысыңқырап қоятын сияқты. Меңіреу дала бір дыбыс бермейді. Бір от жылт етпейді. Аспаннан да бір жұлдыз жылт етпей қойды.

– Аға, мен адастым.

– Ештеңе етпес. Таң атқанша бір елге кездесерміз. Енді **қасқыр шоқағынды** қойып, **сары аяңмен** отырайық. Әйтпесе, **жапан түзге** шығып кетерміз... Мына торы ат **сол жағына қарай ығыса береді**. Осының **еркіне жіберсек**, бір ауылға апармас па екен?

Қосарлана шапқан ат дүбірі **қақ жолға** түскен соң тіпті айқындалып келеді.

– Ойбау, мынау **ырсылдақ** – **қараның шабысы!** Ол жетпей қоймайды. Иттің малы, **алдынан келсең** – **тістеп, артынан келсең** – **теуіп**, жолатпап еді! Екі **қолтығында екі тесігі бар...** Ендігі дегенді білмейді! – деді Қайсар.

– **Тесігі бар** деген немене?

– Кәдуілгі дем алатын ше! Оны жұрттың бәрі біледі.

– Енді қайттық.

Тірі адамның жүзінде де екі-үш түрлі сезімнің белгілері бола береді екен-ай! Байғұс бала неден қорқып, неден қуанды екен? Аз күлімсіреген көзіндегі мұң елесі неден түсті екен? Өзімшіл көңіл «сен үшін қорықты, сен үшін қуанды» дегісі келеді. Ақын ойын аяқтатпай, Қайсар бөліп кетті.

– Аға, **жырық қараны** бауыздап жібердіңіз бе? – деді.

– Ө?..

Бала жігіттің батыл сұрағына Еркебұлан таңданып қалды.

– Жырық қараны деймін, бауыздап жібердіңіз ғой?

– Жоқ, алақанның қырымен ұрдым.

– Содан өліп кетті ме?

– Өлген жоқ, талып кетті... Бір минутқа жетпей есін жияды.

– Қап!..

– Неге, қап?

– Өліп кеткені жақсы болатын еді. Ол – талайды өлтірген жол тонаушы. Найзамен бір-ақ түйрейді екен. Бірақ енді ол ақсақ болып қалатын шығар... **Тақымына от жабысқанын** сезген жоқ. Сіңірі күйсе болды ғой!...

(Ғ. Мүсірепов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кейіпкерлер атының жүрісін, түр-түсін, мінезін білдіретін сөздермен сөз тіркестерін табыңыздар.

2. Алдыда болар қауіп-қатер, қиындықты жан-жануар, хайуанаттардың сезуі, белгі беруі жөнінде не білесіздер? Оны қалай атайды?

3. Сол жағына ығыса беру тіркесіне мағыналас сөздер мен сөз тіркестері қатарын толықтырындар (мысалы: ауыздығымен алысу, құлағын жымырайту, т.б.).

4. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашындар.

қасқыр шоқақ –

қыстау – қыста тұратын үй, мекен, тұрғылықты орын

тақым –

сары аяң –

Қоғамдық қатынастағы ұлттық тілдің мәні

Қазақтың рулық, халықтық дәстүр, әдетті берік ұстанған ортасы тілді де әр сөйлеуші, тұтынушының қоғамдағы орнына қарай ыңғайлай орнымен қолдануын талап еткен.

Жас ерекшелігіне қарай, ел-жұрт алдындағы беделі мен қызметіне, сіңірген еңбегіне қарай әркімнің айтар сөзі, сөз қолдана орны болады. Топ алдында елге арнала айтылар сөзді жасы үлкен ақсақал, қариялар, ел сыйлайтын азаматтар бастаған. Жасы кіші солардың рұқсатымен немесе сұрауымен ғана сөйлеген. Бұның бір жағы ортаны сыйлау, елді, үлкенді, дәстүрді құрметтеу болса, екінші жағы – тілдің тәрбиелеуші қоғамды қызметінің көрінісі.

Қоғамдық қатынастағы тілді іскерлік қатынаста және әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөздер деп бөлуге болады. Тарихи қалыпта алар болсақ билер сөз жарысы, ел мен жер дауына қатысты сөздерді:

- 1) сөз қағысы;
- 2) пікірлесу;
- 3) сұхбаттасу,
- 4) мәміле;

5) келісім деп шартты түрде бөлуге болады. Бұл сөздер мен сөз қолданыстарының түрлерін қазіргі қазақ тіліндегі іскерлік қатынастағы сөздердің бастауы деуге негіз береді.

Қоғамдық қатынастағы сөздердің қолданылатын орнына қарай қалыптасқан тұрақты сөздері мен сөз тіркестері бар. Іскерлік қарым-қатынас пен әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздердің едәуір ерекшеліктері бар.

Қазіргі қазақ тіліндегі іскерлік қарым-қатынастағы сөздерде дәлдік, нақтылық көбірек орын алып, суреттеу, көркемдеу бәсеңдеу тартса, әлеуметтік-тұрмыстық тілде сурет бояуы әлі де сақталған.

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөздерге негізінен отбасы, туған-туыс, ауыл-аймақ, ел ішіндегі ата-ана мен бала, туыстар, дос-құрбы, жора-жолдас, құда-жекжат арасындағы күнделікті, қарым-қатынас сөздері кіреді. Күнделікті тұрмыстағы сөздер түрлі

жағдайларға қатысты қолданылатындықтан, қазақ тілінің көркем де суретті болуының бір шеті осы тұсқа келіп тіреледі.

Қазақ дәстүріндегі қалыптасқан әдет бойынша үлкендер ортасының өз сөйлеу әдебі болса, үлкендер мен жасы кішілер арасындағы сөйлеу қалпының өз мәдениеті бар. Сондай-ақ отбасының, туған-туыс, ел-жұрттың бір-біріне сөйлеу мәдениеті, тілдесу әдебі арқылы қазақ халқы жалпы ұлттық сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін жасаған.

20-жаттығу. Сөздердің мағынасына назар аударыңыздар. Амандасудың әр түрі кімге қатысты екенін көрсетіңіздер.

- 1) Амансың (-сыз) ба –
- 2) Сәлеметсің (-сіз) бе –
- 3) Қайырлы күн (таң, түс, кеш) –
- 4) Ассалаумағалейкум –
- 5) Уағалейкумассалам –
- 6) Есенсің (-сіз) бе –
- 7) Мал-жан (-ыңыз) аман ба –
- 8) Денсаулығың (-ыңыз) қалай –
- 9) Қал қалай (-ыңыз) –
- 10) Сәлем –
- 11) Күйлі қуаттысыз ба?

21-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Өзара пікір қосыңыздар. Қорытып, берілген тақырыпқа әңгіме жазыңыздар.

Сәлем бере білеміз бе?

- 1) «Сөз анасы – сәлем» дегенді қалай түсінесіз?
- 2) Сәлем беру деген не? Екі адам кездесе, кім бірінші сәлем береді? Топқа қарсы келгенде кім бұрын сәлем беру керек?
- 3) Сәлемдесуді, ілтипат, ыстық көңілді қимылдармен қалай көрсетеді?

4) Сәлемдесу әдебін қалай жасаған жөн? Сәлемді қалай алған, қабылдаған дұрыс?

5) Ерін ұшымен амандасу, ауыз жыбырлата сәлемдесу дегенді тарата айтып, әдет тұрғысынан қалай бағалар едіңіз?

22-жаттығу.

Әдеп

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы кісі өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір бейшараға неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ғылым-білім үйренбеген кісі сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, менің оған әдепсіз болып көрінгенім лайықсыз болған болар еді, – депті.

(Ы. Алтынсарин)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгімедегі тірек сөздер мен тақырып арасында қандай байланыс бар?
2. Әдеп деген сөзге түсінік беріңіздер. Әдеп пен этиканың арасындағы мағыналық бірлік қандай? Ұлттық әдеп үлгілеріндегі жастарға тән қандай шарттар бар?
3. Әдептіліктің адам біліміне, оқыған оқуына қатысы бар ма? Сәлем беру, сәлем алудың қандай әдеп, ереже талаптары бар?
4. Сәлем беру мен сәлем алудың қандай өзгешеліктері бар?
5. Бас ұрып сәлем беру, бас иіп амандасу, қолын кеудесіне қойып сәлем беру, қол алысып сәлем беру, қол бұлғап сәлем беру аталған сәлем беру үлгілерінің кімдерге тән екендігін ашыңыздар. Ұлттық әдепке қатысы жағынан талдау жасаңыздар.

Тегімді менің сұрасаң...

(үзінді)

Тегімді менің сұрасаң,
Қалың Найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нөсердей
Жырын тыңда, Дулаттың.
Таскын судай ағызып,
Торқалы тобыр тойында,
Топ бас қосқан ойында,
Қасқа-жайсаң алдында
Топ жиынды дулаттым.
...Парақор баспақ биінді,
Ел бүлдіргіш бегінді
Әперіп сөзбен кегінді -
Улы тілмен улаттым.
...Ұйқы беріп, қайғы алған,
Қайғылыны уаттым.
Жырымды менің тыңдаған
Сөз ұғатын соңғы адам,
Тыңдаудан әсте тынбаған,
Гауһардай дүрі бұлдаған,
Сарқырап аққан жылғадан
Жыр арнасы суатпын

(Д. Бабатайұлы).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Өлеңді мәнерлеп оқуда қай тұстарға мән берілуі қажет? Төмендегі үлгімен талдау жасаңыздар.
 - 2.1. Ритмикалық топтарды бөлектеу.
 - 2.2. Бунақ екпіндерін жіктеу.
 - 2.3. Сөз екпіндерін көрсету.
 - 2.4. Акустика-артикуляциялық өзгерістерді анықтау.
 - 2.5. Логикалық екпінді айқындау.
3. Кестені толтырыңыздар.

Ақын жыры	сыры	жыр айтатын орны	тыңдау- шылары	сынау- шылары	өлеңдегі теңеу мен эпитеттер

24-жаттығу. Мәтіннің сөз қолдану ерекшелігіне талдау жасаңыздар. Автордың өз ойын нақтылайтын қандай дәлелдері мен деректері бар? Қ.Жұбановтың аталған мақаласын оқып, қазіргі күй жанрының пайда болуы жайындағы соңғы ғылыми деректермен толықтырып, «Қазақ күйі және әлемдік музыка өнері» деген тақырыпта эссе дайындаңыздар.

4. «Күйдің пайда болу тарихын зерттеу үшін, біздің ойымызша, мынадай материалдарды пайдалануымыз керек:

бірінші: біздің музыкамыз жайында түрлі мәдениетті елдердің жазып қалдырған тарихи деректері; екінші: халықтың музыкаға байланысты тарихи идеологиясы; үшінші: сол идеологияның бірі болған тіл материалдары. Тіл материалдары дейтініміз – түрліше музыка терминдері, бұлар мен басқа сөздердің мағынасының арасындағы байланыстар; төртінші: ең маңыздысы – музыканың өз материалдары, халық музыка шығармаларының, күйлердің өзінің ішкі құрылысын тексеру; бесінші: осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыка шығармаларын басқа жұрттың шығармаларымен салыстырып,

солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бірі мен бірінің араласып айқасқанын тексеру.

Бұл арада біз бұл мәселеге тиісті материалдарды түгендеп өтем деген ойдан аулақпыз. Бұл қазіргі уақытты бір кісінің қолынан келмейтін жұмыс. Мұнда біз бұл материалдардың бірқатарын ғана ұсынып, сонымен келешекте зерттеушілерге, тиісті мамандарға жол ашпақпыз. Оның үстіне, тарих, тіл деректері жөнінен, өз мамандығымыз басқа елдердің халық музыкасы жайындағы тарихи деректерінен бастайық (Қ. Жұбанов «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» мақаласынан үзінді).

25-жаттығу. Мақал-мәтелдер арқылы халық қандай мінездерді бейнелегенін үлгі бойынша жазыңдар.

Үлгі: Сөйлегенді үндемеген жеңеді (шыдамдылық, сабыр).

1. Иілген басты қылыш кеспес. 2. Көңілсіз жұмыс – өнімсіз. 3. Бал ұстаған бармағын жалар. 4. Мәуелі ағаш майысқақ. 5. Көпке жақын – көкке жақын. 6. Кіділік – ірілік емес. 7. Терең судың ағысы білінбес. 8. Ұра алмаған үлкен таяқ көтереді. 9. Талапты ерге нұр жауар. 10. Күш атасын танымас. 11. Ақылы жоқтың арманы жоқ. 12. Сөз тапқанға қолқа жоқ. 13. Ерінбеген етікші, ұялмаған әнші болады. 14. Көрмес – түйені де көрмес. 15. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы.

Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас тілі

Қазақ халқының тұрмыстық қарым-қатынастағы тілдесуі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың шеңберінде таразыға түсіп тұрады.

Болашағын баласының адал, бақытты ғұмырымен ғана елестетіп, соны арман еткен халық ұрпағын туған күнінен бастап бесік жырымен әлдилеп жақсылық тілейді. Есейе келе баланың әр ісіне, қадамына қуанып, «Азамат бол!», «Көп жаса!», «Елдің алды бол!», «Өркенің өссін!», «Қадамыңа нұр бітсін!», «Бағың жансын!», «Жұлдызың жоғары болсын!», т.б. мейірімге толы сөздерімен өсіреді. Балаға айтылатын сөздердің өзі айтушының шамасына

да байланысты. Үлкен апа-әпкелердің сағыныш, тілек, қошемет, сыйыну, табыну, тәубешілікпен айтатын сөздерін жас қыздар, бойжеткендер айту – әбестік. Ал қариялар айтар ақыл сөздер мен алғыс, ризалық, бата, тілекті жастар көп ауызға алмайды.

Әдеби тіл халықтың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, саяси, шаруашылық жағдайына байланысты туып қалыптасады. Қоғамдық өзгерістерге қарай әдеби тілдің де жалпыхалықтық тілмен сабақтастығы үзілмейді.

Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың, сондай-ақ кейінгі кезеңдердегі болсын қазақ қоғамындағы ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын, фонетикалық жүйесін, т.б. жай-күйін, сипатын, ерекшеліктерін анықтау, дәл баға беру мүмкін емес екені мәлім. Бірақ зерттеушілер XI-XV ғасырларда жазылған ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне құрылымы, жүйесі, т.б. белгілері жағынан ұқсастығын, кейбіреулерінің 70-80 пайызға дейін ортақтықтарын дәлелдеді.

Ешбір әдеби тіл халықтың әлеуметтік-тұрмыстық тілінен бұрын пайда болған емес. Сондықтан да белгілі бір халықтың әдеби тілі өзінен бұрын өмір сүрген тілдердің жалғасы. Жалпыхалықтық тіл – әдеби тіл стильдерінің де басты белгілерін айқындаушы әрі айырмашылық нышандарының да көрсеткіші.

Әдеби тіл мен әдебиет тілін бір деп бірінің орнына бірін қолдануға келмейді. Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің бүкіл болмысын, сан алуан мүмкіндіктерін аша алмайды. Әдебиет тілі – бейнелі сөз қолданыс үлгісі. Әрине, қазақ тілінің көркем, айшықты екенін еске алсақ, ұлттық тілде поэтикалық қолданыс үлгілері көп. Қысқа жанр түрлерінен бастап таңды таңға ұрып айтатын жырлар, ел мен елді бітістірер шешендер толғауы, дауды шешіп, басалқы айтып, барымта, қарымтаға жөн сілтеп, құн төлетіп, айып тарттыратын, төрелігін ханға да, қараға да жүргізетін билер сөзінен публицистика мен көркем әдебиеттің де іскерлік қарым-қатынас стилінің де қатынас міндетін атқарған белгілерін табамыз. Қазіргі қазақ тілінің стильдері нақтыланған, әдеби тіл нормасы жүйеленген тіл екенін ескерсек, әлеуметтік-тұрмыстық тіл – әдеби тілдің негізгі арнасы. Бүгінгі тілде ауызекі тіл ресми тіл стилі, әдеби тіл стилі, ғылыми

тіл стилі, публицистикалық стиль түрлері бар. Сөздің түрлі сипатта айтылып, қызмет аясының, қолданылу өрісінің кеңеюіне де бастау болатын сөздердің өзі – әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздер. Осы сөздердің алғашқы мағынасы негізінде сөздер түрлі стильдік бояуымен құлпыра түседі. Қоғамдық, саяси, шаруашылық, тұрмыстық өзгерістерге байланысты тілде де өзгерістер болып тұруы заңды. Сөздер көнереді, жаңа сөздер кіреді немесе тілдегі бар сөздер жаңа мағынаға ауысады. Әдеби тіл үнемі даму мен қозғалыста болады.

Әдеби тілдің өзі де – жалпы халықтық тілдің сұрыпталған түрі. Әрі жалпы халықтық тілдің бір құрамы ретінде өмір сүреді.

Ұлттық тіл өзі қызмет ететін халық тілінің қарым-қатынас құралы болатынын есепке алсақ, қазақ тілі де қазақтың қоғамдық өмірінде, саяси-шаруашылық тұрмыстық ісінде рухани байлығы ретінде де қызмет атқарады.

Қоғамның өзгеруіне қарай тілдің стильдерге тармақталуы тілдік нормаларды қалыптастырады, әрі әлеуметтік-тұрмыстық тілдің жаңаруына, дамуына негіз болады.

Тілдің басты қызметі – халықтың рухани құндылығы, қарым-қатынас құралы бола алуы. Ендеше әлеуметтік-тұрмыстық тіл – қазіргі қазақ тілінде барлық стильдің тұғыры болуымен мәнді. Таратып айтар болсақ, қазіргі қазақ тіліндегі стильдер белгісінің барлығы бар.

– Публицистикадағыдай белгілі бір тыңдаушысы бар, жұртты қыздырып, елітіп әкетер күші бар;

– іскерлік: қарсылас елдің дау-дамайына қарсы тұрар қуаты, қарсыласын тоқтата алар уәжді мүмкіндігі мол сөздер;

– көркем әдебиет: бейнелі сөздер мен құрылым сипаты бөлек (ұйқас, тармаққа бағынды).

Әдеби тіл қоғамдағы барлық сала үшін қолданыс қызметімен анықталса, ұлттық тілден де ауызекі сөз өнері әлеуметтік-тұрмыстық тілдің де барлық деңгейде өз ортасының қажетіне жарай алғанын көреміз. Әлеуметтік-тұрмыстық тіл – әдеби тіл тірегі, ал әдеби тіл – әлеуметтік-тұрмыстық тіл белгілерін жинақтаушы.

26-жаттығу. Екі мәтінді салыстырыңыздар:

- а) Қайсысында мәлімет айтылған?
- ә) Қай мәтіннен автор көңіл-күйін білуге болады?
- б) Стильге қатыстылығына қарай талдау жасаңыздар.

Ертең күн бұзылатын
түрі бар.

Тегі күн бұлттанып,
жаңбыр жауатындай.
Өзен жағасына барып
демалуды ойлап едік.

Ертең ауа температурасы

10-12 градус жылы болады.

Түстен кейін күн бұлттанып,
жаңбыр жауады.

Енді үйден шыққым
келмей қалды.

27-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

Ауызекі тіл	Публицистикалық	Ғылыми	Ресми іс-қағаздары

Ғылыми журналға мақаласы, Президент жолдауы, түсіндірме жазба, досымен әңгіме, үйірмедегі баяндама, монография, қызметтік жазба, мәжілісхат, газеттегі мақала, отбасындағы әңгіме, жолдасына хат, нұсқау, реферат, сөздік, мақала (энциклопедиялық сөздіктегі), дебат, мерейтойдағы құттықтау, есеп, ұялы телефон арқылы туысқанымен сөйлесу, курстасымен реферат жазу туралы ақылдасу.

28-жаттығу.

1. Бір километрдей жүрген соң Мұхтар екеуіміз Алматыдан оны-мұны алып қайтқан әйелдердің ортасында қалдық. Төрт-бес еркек поездан бізбен бірге түсіп еді, олар артына да қараған жоқ. Елаған да қара үзіп кетті.

— Ішімізде бір-екі еркек қалғаны жақсы болды-ау... Қымсынбай, қорықпай осылай **ақыре-ен** жүріп отырып, үйге де жетіп қаламыз, —

деді мосқалдау әйел даусы. Мұнысы «бізді тастап кете көрмендер» дегені ғой бізге.

Бұл қалжыңсыз дауыс еді. Мұхтар да солай түсініп:

– Иә, бізді «**үй жолдас**» деулеріңізге болады. Алматыдан бірге шықтық, поезда бірге келдік. Біздің баратын жеріміз де сіздің ауылдарыңыздың маңайы болар, – деді.

– Е, бәрекелді, **көңілім жаңа орнықты ғой**, – деді жаңағы әйел.

– Апа-ау, жол-жөнекей кездескенге сене берме деген сөз де бар емес пе? – деді екінші бір әйел даусы.

– «Үй жолдастарымыздың» біреуі артына қараған жоқ қой!..

Бұл дер кезіндегі әйелдің дауысына ұқсайды. Қалжыңдаса кетуге де, айтыса кетуге де дайын, өзіне-өзі сенімді, бабындағы әйел даусы оны қостай кетті:

– Өзір елбесіп еріп келе жатырмыз ғой. Қай жерде бізді тастап озып жүре беретіндерін кім білсін...

– Озғымыз келсе **мана** озып кететін едік қой... Бірақ үй жолдас болған соң... – дей бергенімде бір аяғымды су толы жыраға тығып алып, аз-ақ ұшып түспедім.

– Ойбай, құлай көрмеңіз, – деді жаңағы әйел. Мені сүйей бергісі келгендей оң қолын соза беріп кейін тартып қалды.

– Пальтоңыздың етегі аяғыңызға орала бермегенде **алдақашан** озып кеткендей екенсіз, – деді тағы бір жастау әйел даусы. Мен бір ұпай ұтылғанымды мойындап, үндей алмай қалдым.

(Ғ.Мүсірепов)

2. Ақ орданың сыртындағы әйелдер жағы әруақ-құдайға сыйынып, сыбырласып қана сөйлеседі. Ал Серкебай **ақиланып** алса керек, ар-намысқа тиетін ауыр сөздер айтып айқайлап отыр. Қабылбек сонда қыбыр етпепті. Ләм деп тіс жармапты. Қабағын да қаппапты. Жаңабай жағы улап-шулап, намыс буып, кек қысып, орындарынан тұра-тұра ұмтыла бастаса, Қабылбек оларға тек қолымен белгі беріп, басып тастап отырады. Бірақ тіс жармайды. Аталас ағайын-туғаны бұған шыдамай, қаны қайнайды. Қабылбек тырп етпейді. Оның бұл қылығына ыза болған сотқар Серкебай одан бетер одырандап, айтпағанды айтса керек. Ақырында

атына қарғып мініп, он жігіті жанында, ауылына салып ұрып қайтып келіпті. Серкебай кеткен соң, Жаңабай жағы жабылып, Қабылбекке наразылық айтып жатса керек:

– **Ойбай-ау**, неге бізді бөгедіңіз?

– Ақ орданы басындырып қойғанымыз қалай?

– Әруак! Әруак! Әруактың сай-сүйегін сырқыратып қайтіп тірі жүреміз, **ойбай!**

– Байзақ датқаның басынан ешкім асып көрмеген! Біз не боп барамыз!

– Әлгі әуілдеген төбетті қуып барып, қара қан құстырмасақ, жер басып тірі жүргеніміз құрысын!

– Аяғынан салбыратып ағашқа іліп қоймасақ, атымыз өшсін!

– **Аттанайық! Аттан! Аттан! Байзақ! Байзақ!**

Дес бермей, **елеуреп**, өкпелері өрекіп, өршеленіп алған ағайындарын Қабылбек бір-ақ сөзбен қайырып салып:

– Тоқтат! – деп ақырып қалған. – Опық жейтін сол Серкебайдың өзі болады әлі, – депті.

Ағайындары амал жоқ тыйылыпты. Ал Серкебай әкесі Текебайдың алдына барып мақтанып тұрса керек: «Екі аяғын бір етікке тықтым Байзақ әулетінің. Қаһарлы Қабылбектің өзі жұмған аузын аша алмай қалды. Былай деп боқтадым, былай деп балағаттадым». Текебай сонда баласына:

– Ақымақ! – депті. Серкебай үйден атып шығып, өз **отауына** барып, екі күн қатарынан нәр татпай, өкпелеп жатып алыпты. Ал сайлауға дайындық қыз-қыз қайнап жатса керек.

Үшінші күн дегенде Серкебай әкесіне келіп, аяғына жығылады.

– Мені құдай **сыйлады**. Өзімнен жиырма жас үлкен Қабылбектің бетінен алып, тілім тиді. Ел көзіне қарайтын бет қалмады.

Текебай **ат-шапан айыбын** дайындап, жанына жиын ертіп, Қабылбектің ордасына өзі барған екен. Жаңабай жағы: Текебай қол жиып соғысқалы келе жатыр екен деп қалса керек, өздері де **сап түзеп**, сакадай-сай қарсы шығады. Қабылбектің ордасына ат шаптырым қалғанда Текебай қасына Серкебайды алып, басқалардан **оқ бойы озып шығып**, әкелі-балалы екеуі Қабылбек жағына келе жатады.

Қабылбек те: «Е, мынау соғысатын жерді айт деп келе жатыр ғой» деп өзі жеке шығып, Текебайға тура тартады.

Сонда Текебай **сонадайдан аттан түсіп**, Қабылбектің қасына келіп:

– Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә! – депті. Мына сөзден Қабылбектің **қабырғасы сөгіліп**, қалбалақтап атынан аунап түседі:

– О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да, сені мен аттан түспей тындаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл **әулетімізге таңба болатын** болды ғой, ой эттеген-ай. Ат-шапан айып сенен емес, менен, ақсақал! – деп үстіндегі зерлі шекпенін шешіп Текебай иығына жауыпты. **Дүниеден Текебай би де, Қабылбек болыс та өтті. Ал олардың аттан – даулы-аламан – тасыр өміріндегі бір парасатты сәт әлгі сол екеуі де аттан түсіп, бір-бірінен кешірім сұраған кез екен.**

(Б. Момышұлы)

мосқалдау – егде жастағы адам

елбесу – бір-біріне көмектесу, қол ұшын беру

текті – ата-бабалары елге сыйлы, халыққа қадірлі болған жандар ұрпағы

зерлі – әшекей сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын сары түстес қымбат металл

зерлі шекпен – зер жүргізілген шекпен

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіндерден сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтаңыздар.
2. Әңгіме кейіпкерлерінің тілдесуінен ұлттық әдеп, мәдениеттің, әдеттің қандай үлгілерін байқадыңыздар? Бірінші үзінді Ғ. Мүсіреповтің «Қарлы жаңбыр астында» деп аталатын әңгімесінен алынған. Әңгімені толық оқып шығыңыздар.
3. Мәтінде аты аталған адамдар жайында не білесіздер?

3.1. Әрқайсысының өмірбаянын, қызметін қысқаша әңгімелеңіздер.

3.2. Қазақ әдебиеті мен өнерінде ерекше орны бар М. Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің, Қ. Қуанышбаевтың, Е. Өмірзақовтың сөйлеу мәдениеті, өзара сөз қағысы, өзге адамдармен сөйлесу мәдениетін талдау жасаңыздар.

3.3. Адам бойындағы білім мен тәрбие, өнер мен талант және сөйлесу, тілдесу мәдениеті арасындағы сабақтастық туралы әңгіме кейіпкерлері мінез сипаттарына талдау жасай отырып, қандай қорытынды жасауға болады?

4. Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінен алынған үзінді кейіпкерлерінің сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениетіне қарап, қандай мінездеме бер аласыздар?

4.1 Екі үзіндіні салыстырып, ауызекі тіл стилі мен әдеби стильдің байланысын ашыңыздар. Көркемдеу құралдарының атқарар қызметіне талдау жасаңыздар. Көркемдеу құралдары әдебиет тілі үшін ғана қажет пе? Жоқ, әлде, ауызекі тілде де қолдануға бола ма? Қолдансақ, қандай сипатта қолданылуы керек?

5. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашыңдар. Синоним сөздермен ауыстырып жазыңдар.

6. Соңғы бөлек жазылған сөйлемнің мәнін ашыңдар.

6.1 Кешірім сұрау туралы не білесіздер. Күнделікті өмірде бір-бірімізден кешірім сұрай білеміз бе?

6.2. Кешірім сұрау мәдениетінің қандай талап, шарттары бар?

29-жаттығу.

Жазушы Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» кітабында ақындар айтысындағы батыр Бауыржан Момышұлының тағы бір ерлігіне куә болғанын баяндайды. Жазушы Қызылорда облысынан келген ақын қыз бен Шымкенттік ақынның айтысына елдің ынтызары қатты ауғанын айта келіп, халық назарын ерекше аударған қазақша киім киіп, үкілі домбыра ұстаған орыс қызы – ақын қыз Надежда Лушникова екенін жазады. Айтыс аяқталған соң әркімге әртүрлі сыйлықтар беріледі. Орыс қызы Надежда Лушниковаға ер адамның «Маяк» қол сағатын тарту етеді.

Осы шақта залдағы алдыңғы қатардан:

– Жоқ, Надя алмайды, бұл сағатты, – деген біреудің саңқ еткен қаһарлы даусы шығады.

Бұл ұзын бойлы, әскери киімді батыр Бауыржан Момышұлы болатын.

Жазушы Бауыржан Момышұлының сөзін төмендегідей береді.

«Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз! – деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды:

– Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, чешен, қырғыз толып жатыр, – деді ол енді төрешіге қадалып.

– Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Кешегі Мариям Жагорқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұлбұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!»

Бауыржан Момышұлы Н. Лушниковаға сағатты алдырмай, өзі дүкенге ертіп барып, таңдап жүріп «Лира» деген маркалы алтын сағатты сатып алып: «Надя, шеберлігің үшін. Б. Момышұлы 25.02.1964 ж.» деген жазуымен сыйға тартады. Надежда Лушниковаға Бауыржан Момышұлының сыйы деме, асыл өнеріңе берген қазақтың сыйлығы де, игілігіңе тақ деген тілек айтады.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі туралы не білесіздер? Үзіндіні оқып, халық батыры, жазушы Б. Момышұлын өзгелерден бөлектейтін сөйлеу стиліне талдау жасаңыздар.

2. Қазақ тілін өз ана тіліндей білетін, құрмет тұтатын Н. Лушникова сияқты басқа ұлт өкілдерінен кімдерді атай аласыздар?

3. «Тілімді менің құрмет тұтқан – бір тілекті туысқандар» тақырыбында эссе жазыңыздар.

30-жаттығу.

1. Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс,

күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Степендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияктанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық.

2. Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса бірегей болды. Сүмірейте, қылмита соқты: желдете, құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты.

– Ойт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!

– Ой, пәле-ай!

Мидай жазық құла түзде ішің пысып келе жатқанда, көзіңе сұлу орман, сәулетті тау көрінсе: көріктен, оттан айырылған, қабағынан қар жауған қариялардың ортасында, кенеттен атқан таңдай сұлу сәулем қыз көрінсе: қараңғы түнде ел таба алмай сандалап келе жатқанда, аяғыңның астынан қиуадан от жылт етіп көрінсе, қандай қуанып, кенелеп қаласың. Жапа-тармағай жым болып томсарып, тоң-торыс отырған жандарға әншінің әні де сондай әсер берді. Көңіл бір жадырап шайдай ашылды. Әттең, ауыздың дәмін ала алмай, құмарымыз қана алмай қалдық

(Ж. Аймауытов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгіменің тілдік өзгешелігіне талдау жасаңыздар.

1.1. Сөйлемдегі сөздер құрылымы: сөздердің саны мен лексикалық мағынасы, морфологиялық құрамы.

1.2. Жетішатыр қаласы туралы айтылған алғашқы бөліктегі әңгімелеуші эмоциясы: сөздер қолданысы, сөйлем құрылымы.

1.3. Көп нүктенің қойылу мәні.

1.4. Жазушының «кататься», «гуләйт» сөздерін қолдануының мәні.

2. Кейінгі әншінің ән айтуын суреттейтін бөліктің тілдік ерекшеліктері.

- 2.1. Етістіктердің қолданылуы.
- 2.2. Етістіктердің грамматикалық құрамы.
- 2.3. Әншінің ән айту кезіндегі қимылдары.
- 2.4. Тыңдаушы әсерін білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық, фонетикалық сипаттары.

3. Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінен алынған үзінді. Әңгімедегі Әмірқан әншінің прототипі қазақтың күміс көмей әншісі, әлемді үнімен тандандырған Әміре Қашаубаев туралы деректер жинаңыздар. Әнші өмірі мен өнері жайынан «Әнші Әміре» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

Қайталау

31-жаттығу. Көне түркі тіліндегі мақал-мәтелдерді қазіргі қазақ тіліндегі аудармасымен көшіріп жазыңыздар. Қарамен жазылған сөздерге лексикалық, морфологиялық талдау жасаңыздар.

- | | |
|---|--|
| 1. Ағылда оғлақ туғса,
Арыңда оты өнер . | Қорада лақ туса,
Арықта от өнер . |
| 2. Андық болса
Ат өлмес . | Анду болса,
Ат өлмес . |
| 3. Ай толун болса,
Елігін імлемес. | Ай толы болса,
Қолмен көрсетпес болар. |
| 4. Күзегу ұзун болса,
Елік күймес. | Көсеу ұзын болса,
Қол күймес |
| 5. Ач не иемес,
Тоқ не темес. | Аш не жемес,
Тоқ не демес. |
| 6. Оғлан ышы ыш болмас,
Оғлақ мүңүзі сап болмас. | Баланың ісі іс болмас,
Лақ мүйізі сап болмас. |
| 7. Арпасыз ат ашумас,
Арқасыз алп черік сыйум. | Арпасыз – ат жол алмас,
Арқаусыз – алып жау алмас. |

32-жаттығу. Оқып, ортақ мағына бірлігін көрсетіңіздер.

1. Қырғыздар. Этнографиялық очерк

...Қазақ – қызу қанды жан. Оның рухына жайсаңдық, ізгілік тән, ол ылғи да жайдары жүреді, жалпы сергек әрі еліктегіш ке-

леді, алайда «жүйкесі» көнбіс, ашушаңдыққа бара бермейді. Оның қызу қанды болуының себебі бәлкім, көшпелілердің өмір салтынан да болса керек. Қозғалысы шапшаң, үнемі ат үстінде жүруі қан айналымы мен зат алмасуына қолайлы болуы тиіс; бұған қоса дала тұрғындары дене қызуының жиі алмасуы, олар жұтатын таза ауа да; шөлейтте жол шеккенде сусынды көп ішпеуі, діни жоралғыларға байланысты тағамдар таңдауы, асқазан және ішек жолы қызметін жақсартуға жәрдемдеседі, бұлардың оның рух күшін сақтауға маңызды ықпалы бар; ақыр соңында, арақпен, апиынмен және темекімен жүйкесін жұқартуға әдеттенбеудің де біраз пайдасы бар. Жүйке салауаттылығы адамның иманды, өнегелік бейнесінен де жақсы көрінеді. Жаны жайсаң адам өзгелерге де іш тартады. Қазақ ниетімен ақкөңіл; ол сондай-ақ қастерлі қасиеттерге адал, басқаның қайғы-күйінген кезде салауатты және төзімді. Қатігездік пен кекшілдік қазақтар арасында кездеспейді десе де болады... Басқа да көшпенді халықтар сияқты олар меймандостықты ерекше қасиет тұтады, мұның өзі риясыз көмек көрсетуден байқалады... Ажалмен бетпе-бет келген қазақ ешқашан абыржып абдырамайды. Ұрыста және шабуыл кезіндегі көңгіштігі де қайран қаларлықтай. Ол мейлінше тату-тәтті өмір сүруді қалайды, қыңырлығы аз. Кек сақтамайды, тіпті, өздігінен қиян-кескі ұрыс салуға да әдеттенбеген (Н. Зеланд).

Н. Зеланд Петербург медицина академиясын бітірген. 1859 жылдан 1896 жылдар арасында Қазақстанның түрлі аймақтарында қызметте болған. Н. Л. Зеланд медицина, антропологиядан бірнеше еңбектер жазған. «Қырғыздар» деген еңбегі 1885 жылы Омбыда басылған.

2. Сібір жазбалары

... Мен өзім қазақ арасында тұрып, мынаған көзім әбден жетті: оларда анархия емес, қайта тек өзіндік, біздегі мәдени қатынастардан айрықша, алайда өзінше қалыпқа түскен мәдени қатынастар үстем болып отыр...

Қазақтардың өткен жүз жылдығы тарихынан бізге мәлім болып отырғандай, егер де ол шеткіз-шексіз далада соншалықты тентіреп

көше берген, соншалықты ұрыстар мен шапқыншылықты басынан өткірген болса, онда кез келген отырықшы тайпа баяғыда-ақ қырылып жойылып кеткен болар еді; ал, керісінше, көшпенділер үшін бұл бақытты кезең болды, өйткені нақ осы жағдайларда қазақтардың байлығы тасып, ықпалы артқан еді. Кең-байтақ далада өмір сүрген қазақтардың тілі жағынан тұтас бірлікте болып, Каспий теңізі мен Жоғарғы Ертіс қазақтары тіліндегі диаллектілік айырмашылық онша-мұнша аңғарылмайтынына қарамастан, барлық жерде де олардың салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының, тұрмысының, мінез-құлқының бірдей болуының аңғарылуына қарамастан, барлық уақытта да олардың басқа түркі тектес халықтарының елеулі айырмашылығы бар...

Дүйім халық жиналған барлық көпшілік той-думандарда әдетте ақындар қатысушыларды тарихи жырлармен, сондай-ақ ақындар сайыстарында және мадақтау өлеңдерін орындау кезінде өздерінің суырып салма өнерлерін орындау кезінде өздерінің суырып салма өнерімен еліктіреді. Ақындар мейлінше көп. Оларды барлық жерлерде қуана қарсы алады. Қазақтар тамаша шешен сөйлеп, әңгіме айтуды ұнатады, күлдіргі әзілді жиі айтады. Олардың әңгімелері әзілге, сықаққа толы келеді. Сондықтан да қазақтарда аса бай халық поэзиясының болуына еш таңдануға болмайды.

... Өз көршілестеріне қарағанда қазақтардың арасында шешендік өнер дамыған.... Қазақтың әр сөзді ойнақы ететіні соншалық, ол өлең сөзде ұзын сонар суырып салма шешендік өнерін танытып қана қоймайды, сонымен бірге оның әдеттегі тілі, сөздер мен тіркестер құрылымында белгілі бір әуен-ырғақпен ерекшеленеді, сөз төркіні айқын да дәлме-дәл мағына береді, демек қазақтарды Батыс Азияның француздары деп атауға толық негіз бар. Менің жазғанымдай, нақ осы халықтың өте-мөте бай халық әдебиеті пайда болғанына еш таңдануға болмайды.... (В. Радлов)

В. Радлов түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының тілін, этнографиясын, әдет-ғұрып, әдебиетін зерттеуші. Орхон-Енисей ескерткіштері туралы құнды еңбектер жазған. «Құтты білікке» тұңғыш ғылыми талдау жасаған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінді төмендегі тезис бойынша әңгімелендер:

а) қазақ халқының өмір сүру ортасы (қоғамдық құрылымы);

ә) өмір салты, тұрмысы;

б) денсаулығы;

в) жүйке салауаттылығы;

г) мінезі;

д) әдет-ғұрпы;

ж) өнері;

з) тілі.

2. Тезистің әр бөлігін тілмен байланыстырыңыздар.

2.1. Тілдің қоғамдық орны: басқару құралы ретіндегі рөлі.

2.2. Қазақ тілінің демократиялық сипаты: «дат» сөзінің тілдік ерекшеліктері мен мағынасы. («дат» деп бастап, хан алдында қарашаға дейін ыза, кек, мұң, қайғы, реніш, өкпе, т.б. барлығын да айтуына мүмкіндігінің болуы).

2.3. Кең дала, бостандық тілдің, ойдың еркіндігіне, көркемдігіне жағдай жасады.

2.4. Ұлттық дәстүрдегі ойын мен жырға, сөз сайысына ерекше мән беру және тіл өнерінің дамуы.

2.5. Жүйке сауаттылығы, денсаулығының мықтылығы және сөз өнері.

2.6. Ашық мінез, жайдары көңіл және тіл мәдениеті.

33-жаттығу. Төменде Оралхан Бөкейдің «Айпара ана» атты аңызынан үзінді берілген.

Айпара ана ұлының бетінен сүйген жоқ. Кең бітімді маңдайынан бір иіскеді де:

– Ал, балам, **жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын**, екі баланы тірі алып қайта алмасаң, өлтіріп кет, – деді. Жандос үнсіз басын изеді. Сосын жүз қадамдай артына қайырылмастан атын жетелеп жөнеле берді де, жалт бұрылып:

– Хош! – деді Айпара ана. Айпара ана құбылаға бетін бұрды да:

– О, алла тағала! Менің күнәкарларға жападан-жалғыз аттанған ұлыма **рахманың түсіп, жортқанда жолын қыла көр**. Білемін, бұл пәниде ешкім қалған ба. Мен де өлемін. Сен қаласың тек,

сен қаласың... Сонда бізден тараған ұрпаққа басына қайғы-қасірет түсіп, одан құтылар шамасы сарқылып отырған шағында, құдыретіңе басын игіз де, **тәубесін есіне түсір**. Тәубесін есіне түсіргенің – тас жұтатын тәуекелшіл, әрі өз тағдырын өзгеге қолжаулық қылып, рәсуәләтпайтын өр, кекшіл қылғайсың. Егер менің халқым қай **пайғамбардың үмбетіне** бағынарын білмей тығырыққа тірелсе, егер менің халқым **жер ортасы көктөбеде** қаңырап қалса... **тезге** салатын да өзіңсің...

Уа, жаратушы жақсы ием, ұлым **ғазиз істің жолында шейіт болса**, арман не, елімді сойқан соғыстан, дұшпанға таба қылар **жаманаттан аулақ қыла гөр**. Көз жасын көр қазақтың, әумин!»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Айпара ананың адам өмірі, тіршілік жайындағы ойлары қандай дағдылы сөздер мен дағдылы тіркестер арқылы берілген?

2. Қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

3. Халықтық таным, ұлттық қасиетті танытар қандай белгілерді байқадыңыздар.

4. Этнографизмдерге талдау жасаңыздар: таным-сенімді білдіретін және әрекет пен қимылға қатыстыларды бөліп жазыңыздар.

34-жаттығу. Тілек, алғыс сөздерін жазып қайсысын кімдер қандай кезде айтылатынын анықтаңыздар.

1. Бауы берік болсын!
2. Шаңырағы биік, босағасы берік болсын!
3. Қадамы құтты болсын!
4. Бағы жансын!
5. Айы оңынан тусын!
6. Алла разы болсын!
7. Тәңір жарылқасын!
8. Мерейі үстем болсын!
9. Мұратына жетсін!

10. Екі дүниенің қызығын көрсін!
11. Көсегің көгерсін!
12. Нұр жаусын!
13. Өркені өссін!
14. Бақытты болсын!
15. Періштелер жебесін!
16. Қатарының алды болсын!
17. Жұлдызы жансын!
18. Жұлдызы жоғары болсын!
19. Уайымы тамақ болсын.
20. Бақ-дәулет кетпесін!

35-жаттығу.

Ертеңінде Әйгерім Абайдың қасына еріп, бата оқырдың асын алып, Зылиқаны өзіне қосшы етті. Тәкежан үйіне тақай бергеннен бастап, жіңішке, нәзік үнімен өлеңдете, жылап келді. Қаралы үй тағы да кешегідей жылаулы жандарға толы еді. Тағы да әуелі үй ішіндегі әйелдің бәрі жылап тоқтаған соң, Қаражан өз жоқтауын айта бастағанда, соның төменгі жағында отырған Әйгерім, **үлкендерге жүзін толық көрсетпей**, қырындау отырып, **екі мықынын таянып ап**, нәзік, зарлы үн созды. Бұның үні шығысымен, Құнанбай бастаған үлкендер аса бір ден қойып, зор ілтипатпен тыңдады. Мүкүлбайдың артына белгі тастамай, көк балдырғандай арманға кеткен жайларын, Әйгерімнің ендігі қосып алған қаралы әні егілте сездіреді. Сай-сүйекті шымырлатып, барлық көзден жас ағыза тебіренітіп еді. Үй іші алғашқы жылаудан тоқырап қалса, Әйгерімнің ақын мұңынан қайтадан тегіс босап, жылап кетті. Ұлжанның өзі де үн салып қоя берді.

– Қалқам-ай, құлыным-ай, арманда кеткен қошақаным-ай! – деп, еңіреп жіберді. Еркектің де көбі үнсіз жастарын ірке алмай, еміреніп отыр. Әйгерімнің зарынан бір Мұқалбай дерті емес, тағы да Әйгерім мен өзіне мәлім сансыз өмір шерлерін еске алып, Абай да жылап жіберді.

(М.Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Этнографизмдерді топтап жазыңыздар.
2. Құрамына қарай: жеке сөздерден және сөз тіркесінен жасалғандар.
3. Этнографизмдердің мағыналық сипаттары: таныммен байланысы, дәстүрге қатыстылары.
4. Этнографизмдер мен ым-ишара, қозғалыс.

36-жаттығу.

Бөрілі менің байрағым

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен,
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.
Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз
Қарасайлап шабамыз.
Қызыл қанға батамыз,
Бөрілі байрақ астында
Ту түсіріп жау алған,
Қазыбек, Қастек атамыз.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Жоқты жонып табамыз.
Бөрілі байрақ астында,
Ту түсіріп, жау алған,
Шапырашты батыр бабамыз.
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым

(С. Аронұлы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Өлеңді мәнерлеп оқуда қай тұстарға мән берілуі қажет? Төмендегі үлгімен талдау жасаңыздар.
 - 2.1. Ритмикалық топтарды бөлектеу.
 - 2.2. Бунақ екпіндерін жіктеу.
 - 2.3. Сөз екпіндерін көрсету.
 - 2.4. Акустика-артикуляциялық өзгерістерді анықтау.
 - 2.5. Логикалық екпінді айқындау.

II бөлім. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Қоғамдағы қарым-қатынас **ауызша сөйлеу** немесе **жазбаша тілдесу** арқылы жүреді.

Ауызша сөйлеудің де, жазбаша тілдің де түп негізі – ұлттың ғасырлар бойы жасаған, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, жылдар сыннан өткізген жалпыхалықтық тілі. Қазақ халқының ұлттық дағды-дәстүрімен біте қайнасқан, елдің тарих, шаруашылық, мәдени, әдеби құндылықтарын жарқырата көрсететін – ауызша сөйлеу тілі.

Ауызша сөйлеу тілі күнделікті тұрмыста қолданылатын, бетпе-бет көріп отырған екі немесе одан да көп адамдардың бірімен сөйлесуі, пікір алысуы. Бұны ауызекі сөйлеу тілі стилі қарастырады. Оның басты ерекшелігінің өзі-өзара сөйлесу кезінде адамдардың пікірі ғана емес, мінез-құлқы, ой-өрісі, сөйлесе білу, тілдесе алу мәдениет, әдебін де көрсететіндігінде. Әдептіліктің басы сөйлесу, тілдесуден-ақ аңғарылады. Ұлттық дәстүр, мәдениетті бойға сіңірген жанның халықтық сөйлеу әдебін үйренуі, білуі шарт. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін бір отбасына теліп қоймай, ауыл, ел, ру болып қолға алған. Бір ауыл, ел, рудан өрескел іс істеген, әдепсіздік көрсеткен адам табылса, ел болып түзеген. Пікір алысу, сөйлесу кезінде адамның қимыл-қозғалысы, бет-әлпет өзгерісі де оның жан дүниесін, ішкі ойын білдіріп отырады. Дауыс ырғағы, сөзді орынды қолдану, екпін, кідіріс сияқты қосымша белгілер де сөйлеушінің пікір білдіріп қоймай, мәдениетін, тәрбиесін көрсетеді. Орынсыз дауыс көтеру, даурыға сөйлеу, жөнсіз айғайлау, дауысын құбылту, бет-пішінін өзгерту, сөйлесіп тұрған адамды соңына дейін тыңдамау, сөзді бұзып сөйлеу, сөйлемді бұзып айту, дөрекі сөздерді қолдану – тәрбиесіздік, әдепсіздік белгісі.

Мәдениетті, тәрбиелі адам ойын еркін жеткізуді мұрат етіп, тілдегі сөздік қорды барынша мол пайдаланып, орнымен жұмсап, ойды жүйелі, нақты, сабырмен айтуды дағдыға айналдырады. Ауызекі сөйлесудің басты шарты – сөйлесушіні тыңдай білу, пікірін, ойын дұрыс түсіну.

Ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік стильдік ерекшеліктері бар.

- Сөйлеу тілі қарапайым қарым-қатынас жасау кезінде айтылады;
- көбіне-көп алдын ала дайындықсыз өтеді;
- сөздердің, сөйлемдердің қалыптасқан қалпы өзгеріске түзеді;
- одағай, қыстырма, қаратпа сөздер көп қолданылады;
- дауыс ырғағы, бет-пішін, қол қимылдары қосымша қызмет атқарады.

Сөйлеу	
ауызша дыбыстар екпін, интонация * * ым-ишара қимыл-қозғалыс көзқарас айтамыз-естіміз	жазбаша әріптер тыныс белгілері * * шрифті бөлу тарау, бөлім параграф жазамыз-оқимыз
Сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлері Ауызекі сөйлеу Жазбаша сөйлеу	

37-жаттығу. Сұрақтарға мақал-мәтелдермен жауап беріңіздер.

1. Бір елі ауызға неше елі қақпақ керек?
2. Қызым саған айтам. Бұны кім тыңдасын?
3. Қызымның құлағына қандай сырға?
4. Кімнің алдында аузыңды тыйған дұрыс?
5. Піл көтермегенді не көтереді?
6. Қандай сөзден мән шықпайды?
7. Қандай ауыздан кесапатты сөз шығады?
8. Ойнап сөйлесең де, қалай сөйлеген жөн?
9. Аңдамай сөйлеген қайтеді?
10. Әншейінде ауыз жаппаған, той дегенде не таба алмайды?

38-жаттығу.

Қазақ әйелдері сөз мәдениетін, сөз әдебін ел дәстүр, дағдысын сақтаушылар ғана емес, қазақ ұғым, танымындағы сөз иесі, сөз киесі дегенді қадірлеп ұстап, баптаушылар да. Оған дәлел қазақ тілінде – табу мен эвфемизмдер.

Табу, эвфемизмдерді қолданатын әйелдер болса, екінші жағынан ауызекі тілді көркемдеуші, бейнелеуші де – солар.

Қазақ халқының тұрмысында табу төмендегідей жағдайларда қолданылған.

1) Келін қайын жұртының (қайын жұрты – күйеуінің елі, туыстары немесе ер адамға әйелінің туған-туыстары, ауылы) адамдарын өз атымен атамай, әрқайсысына өзі ат қоятын болған. Оны **ат тергеу** дейді. Ат тергеу жақындығына, жасына, жолына қарай қойылады. Мысалы: қайын сіңлілерін (күйеуінің қарындастары) «Шырайлым», «Еркем», «Тотым», т.б. десе, қайындарын (күйеуінің інілері) «Төре жігіт», Сұлу жігіт», Сылқым жігіт», «Мырза», «Шырақ» деп атаған. Қайын ағаларының, қайын апаларының аттарын бейнелеп, өзгертіп немесе қасиет, мінез, сипат ерекшеліктерімен жұмбақтап атаған. Мысалы: «Ұзын қайын аға», «Үндемес апай» т.б.

2) Қазақ тіліндегі табу сөздердің тағы бір саласы табиғаттың, аңдар мен қауіпті жәндіктердің, жазылмайтын аурулардың аттарын екінші бір сөздермен жұмсартып алмастыру арқылы қолданған. Мысалы: найзағайды **жасын**, қасқырды **атыжаман**, **ұлыма**, **қарақұлақ**, жыланды **ұзын** деп атаған. Халық қасқыр деп тура атаса, атын атап шақырып аламыз деп астарлы сөзбен айтқан.

Табу сөздер – халықтың әдет-ғұрпын, салтын, тұрмысын ашатын сөздер.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінге жоспар құрыңыздар.
2. Өздерің оқыған көркем әдебиеттерден табу сөздер теріп жазыңыздар.
3. Кестеге ат қойыңыздар.

Жасы кішілерге қойылатын аттар	Түр-түс, кәсібіне қарай	Кісі атының сыңарындағы сөздерді ауыстыруы
«Шырайлым», «Еркем», «Қаракөз», «Бикеш», «Ортаншым», «Кенже», «Мырза», «Төре» т.б.	«Бадырақ», «Семіз», «Ақын аға», «Жыршы ата», «Шешен қайнаға», «Ұста қайным» т.б.	Ақ – «шаңқан», қара – «баран», сары – «шикіл», алты – «бестен бірі артық», пышақ – «жаныма» т.б.

39-жаттығу. Мәнерлеп оқыңыздар.

1. – Иә, біздің ауылдың кісілері! Ахкем үйінде қонақ болдың, ішер асыңды іштің (Ахкем деп ол қайнағасы Тәкежанды айтатын). Енді қайтыңдар. Малдарыңа, шаруаңа жөнел, түге! – деді (М. Әуезов). 2. Осындай мінезін бар жұртқа қолданғанмен, Мәнікенің тісі батпайтын бір ғана кісі бар. Ол – Абай. Қайны болса бір сәрі еді. Өзі қайнаға, оны және Мәніке амалсыз кішілік жолы, келіндікпен «Әйнеке» деп атайтын (М. Әуезов). 3. – Кенженің өзі де көзі тірісінде, туысқан ішінде бір Шыраққа табынып кетті ғой. Марқұм, сол кезде-ақ қойны-қонышына жинағаны өңшең Шырақтың таратпасы болды ғой (М. Әуезов). 4. Кейде Абайды «Мәніке келіні осылай кекеп отыр» дегенді естігенде Әйгерім сыңғырлай күліп қалатын. Ол үшін ұялғандай, қып-қызыл болып отырып, бұ да бір күні өзінің сыпайы, шебер мысқалын айтқан:

– Бір Әжекеңе, – деп Ырғызбай деген атасының атын атай алмай, – екі бірдей кемеңгер қайдан ғана сыя алсын-ау! Абай білгіш болса, біздің Мәніке келін одан да озған. Бір қазанға екі дойдыр қошқардың басы сыймай жатқаны сол емес пе? (М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ауыспалы мағынадағы сөздерді табыңыздар.
2. Табу деген не? Мәтіндегі табу сөздерді жазыңыздар.
3. Мәтіндегі кейіпкерлерді атап, жалғастыра әңгімелеңіздер.

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар – жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзіне де ұнамайды-ақ. Әттең қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылшақа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген...

Менің атым – Қожа. Көріп отырсындар, пәлендей әйдік ат емес. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігімнің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретін тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» құйрығы үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айттып бере алмайды. Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай деп атайды. Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да – Қожа. Оқушылар екеумізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды. Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болдым. Жантас тәрізді қылжақтар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеж-деп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бишараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды.

(Б. Соқпақбаев)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қожаның адам аттары, ат қою туралы ойы мен ұлттық ат қою дәстүрінде сабақтастық бар ма?

2. Жаңа туған нәрестеге ат қоюға қандай халық дәстүрлері бар? Сол ғұрыпқа қатысты сөздер мен сөз орамдарын жазыңыздар.

3. Ат қоюдағы Қожа айтқан «әділетсіздіктер» туралы не айтасыздар?

4. Өз аттарыңыз, оның беретін мән-мағынасы туралы білесіздер ме? Өздеріңізге қандай атты лайық деп есептейсіздер...

5. Сөйлеу, әңгімелеу тілінің көркем әдебиеттегі қолданысының қандай ерекшеліктері бар?

6. Үлкендер сөйлеу тілінен балалар тілінің өзгешелігі қандай?

41-жаттығу. Мәтіннің сөйлеу ырғағын келтіріп оқыңыздар. Қарамен жазылған сөздерге лексика-грамматикалық талдау жасаңыздар.

1) – Ассалаумағалейкум! – деймін **қашаға** мінген күйі айқайлап.

– Әлексалам, молда бол балам, а-а-а, – дейді. «А-а-а» демекші, Тоқа шал не өзі әңгіме айтып отырып, немесе өзгені тыңдап отырып өз-өзінен «а-а-а» деп мұрнын тартатын. Мұрнын тартатын себебі, бала кезден бергі әдет аурудан жаман қалмай келеді екен. Шал болған шағында мұрнын тартқаны біздерге ерсілеу көрінетін, амалы не **үйреніс** қой... **үйреніс**...

– Ата, бүгін қорықшылыққа бармадыңыз ба?

– Баламды жібердім, а-а-а. Сен не ғып тауықша **қашаға** қонақтап отырсың. Қораның тезегін неге тазаламайсың, әлде сіздің үйдің сиыры бітеу ме еді.

– Жоқ, ақсақал, қайта сізден сұрайын деп едім. Қашан көрсек те жылы қораңыздың көңі бұрқырап, үнемі бір құп-құрғақ болып жатады. Біздің қарасандар астын көк **тайғақ**, үсті-басын саталақ-саталақ қылып **сар жамбас** болып жүргені. Немене, ата, сиырларыңызды қораға қамар алдында балаша тосып аласыз-ау деймін.

Тоқа мәз болып күледі:

– Оның әдісі бар, бірақ айтуға болмайды, а-а-а (О. Бөкей).

2) Шай ішіліп болған. Дастарқан шетінде, есікке таман мосқалдау бір бөтен әйел отыр. «Ана қыздың шешесі болар».

– Қонақтарың бар екен ғой...

– Қырыққа келгенше бір **шүйкебас** ала алмай жүрген сен емессің ғой, **біз!** Күнде қонағымыз болып тұрады.

– Ағамыз бар ... алып беретін шығар біреуді.

– Мен саған кімнің қызын айттырмадым! Біріне жоламадың ғой.

– Сен әкесін айттырып келесің. Мен қызын айттыр деймін. Ағасы мен інісі азырақ қалжыңмен алды да, жеңбей-жеңілмей тоқырағандай болды.

– **Мырзажігіт**, шай қояйын ба, **сорпа-суымыз** пісіп тұр еді, соған қараймысың.

– Шайды сорпа-суыңнан кейін де ішуге болады ғой.

– Шіренуін көрдің бе?

– Е, қойшы сен, өтірік ұрыспай... Мына кісі шын екен деп қалар. Жаңаша самауыр, дастарқанын жинап әкете бастады

(Ғ. Мүсірепов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіндерді рөлге бөліп оқыңыздар.

2. Кейіпкерлердің сөздерінен олардың мінез-құлқын, эмоциясын білуге бола ма? Егер болса, әр кейіпкер сөзі арқылы қандай мінездері ашылған?

3. Мәтіннен сөйлеу тілінің сипатын төмендегі үлгімен айтыңыздар.

а) сөз қолданысы:

ә) сөйлем құрылымы:

б) сөз мағынасының, дыбыс өзгерістерінің ерекшеліктері.

Жұрт алдында сөйлеу

Ауызша сөйлеу тілі әдеби тілде және ауызекі тілде сөйлеу болып бөлінеді. Ауызша сөйлеу тілі күнделікті қарым-қатынаста жүретінін айтып өттік. Ал әдеби тілде ауызша сөйлеудің де бірнеше түрі бар. Оны **жұрт алдында сөйлеу тілі** деп те атайды. Жұрт алдында сөйлеу:

- баяндамашы, лекторлар;

- түрлі орындарда айтылар тілек, мадақ;

- құттықтау, көңіл айту, көңіл аулауға қатысты сөздерден құралады. Баяндамашылар мен лекторлар тілінің басқалардан ерекшелігі белгілі бір мәтінді дайындап, нақты тақырып аумағынан шықпай сөйлеу болса, әр түрлі орындарға айтылар тілек, мадақ сөздер мен той үстіндегі құттықтау, көңіл айту, сүйінші сұрау, көңіл сұрау дәстүрлеріне қатысты сөздер көбіне-көп көркем, бейнелі, әрі қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестерінен, кейде сөйлем деңгейіндегі тұрақты сөздерден құралады. Өрқайсысының сөз қолдану ерекшелігі, өз ойын тыңдаушыға жеткізу тәсілі әр қилы болса да, ортақтығы – айтуда қажетті тілдік орфоэпия заңдылықтарды меңгеру және сақтау. Жұрт алдында сөйлеу кезінде ең бастысы – тіл заңдылықтарын сақтау мен сөйлеу техникасын меңгеру. Айтар ойын жеткізуде сөйлеуші өз сезімін, көзқарасын дауыс ырғағы, дауыс күші, ым-ишара, әр қимыл-қозғалысы арқылы да жеткізеді. Сөйлеуші сөзінің тыңдаушы көңіліне қонуы таңдап алған сөздерін дұрыс қолдану, байланыстыруымен бірге оның сөзін құлақпен естіп, қимылын көзбен көруінің де ықпалды екенінде.

Сөйлеушінің ым-ишара, қимыл-қозғалысының екіжақты қызметі бар. Ойды дәл, нақты жеткіздің көмекші құралы болса, екіншіден орынсыз, артық, жөнсіз қолданылса, тыңдаушыларына кері әсер етеді. Қандай жағдайда болсын ым-ишара, сезім, қимыл-қозғалыстың көмекші құрал екенін ескіріп, айтылатын тақырып мазмұнын ашатындай болуына назар аударылуы керек

Қорыта келгенде жұрт алдында сөйлеуде:

- дауыс ырғағына, интонациясына, дауысты сан түрлі құбылтуға;

- сөйлемнің эмоционалды бояуына;

- сөйлеу темпіне;

- дауыс күшіне;

- сөздерді орфоэпия нормасына сай қоюға;

- қимыл-қозғалыс, ым-ишараны орнымен қоя білуге назар аударылу керек.

- 1. Жұрт алдында айтылатын сөз жазбаша сөзден құрылысы жағынан ықшам болады.**
- 2. Қаратпа, қыстырма сөздер жиі қолданылады.**
- 3. Тыныс белгілері дауыс ырғағы, дауыс кідірісі арқылы байқалады.**

42-жаттығу. Сөздердің жазылуы мен айтылуын салыстырып оқыңыздар. Осындай үлгіде ұ, ү, ө, ғ, ғ дыбыстарының үндестік заңына ыңғайлана өзгеру ерекшеліктеріне мысал келтіріңіздер. Сөз ішіндегі дыбыстар әсеріне талдау жасаңыздар.

Айтылуы

Құлұн

Жүрөк

Сөшшең

Ауышша

Такаппар

Тәңертең

Шегара

Жазылуы

Құлын

Жүрек

Сөзшең

Ауызша

Тәкаппар

Таңертең

Шекара

43-жаттығу. Өлеңді мәнерін келтіріп, дауыс ырғағына сай оқыңыздар.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
 Қиыннан қиыстырар ер данасы.
 Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
 Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
 Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
 Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
 Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,
 Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы...
 Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.
Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.
Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген, жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған мал құмар нені ұға алсын,
Шықпаса, мыңнан біреу талғап-талғап.
Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,
Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап.
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұңдалап».
Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

44-жаттығу. Берілген тақырып, жоспар бойынша баяндама әзір-
леңіздер.

Баяндаманы оқып, жұрт алдында сөйлеу мәдениетінің шартта-
рының орындалуына талдау жасаңыздар.

1-тақырып. Бүгінгі жастар және ұлттық әдеп

1) Бүгінгі жастар мәселесі; аға ұрпақ дәстүрі мен жастар мәдениетінің, сабақтастығы.

2) Жастар және ұлттық әдеп орталары.

3) Жастар – ұлттық дәстүрді, әдепті жалғастырушылар.

2-тақырып. «...Өз тілінді құрметте» (Қ. Мырзалиев)

1) Ана тілім – ата-бабам мұрасы.




2) Қазақ тілі – қазақтың жаны.

3) Тіл – ұлттың ұлт болып сақталуының белгісі.




Сөйлеу кезінде сөзіміздің құлаққа жағымды, әуезді болуына дыбыстар үндесуінің ыңғайына қарай сөздердің екі-үштен топтанып, бір ырғақпен айтылуының мәні бар. Бұларды ырғақты топ деп атайды.

Мысалы: Барса игі еді – барсигеді, айта алмады – айталмады, т.б.

45-жаттығу. Бір ырғақпен, топтала бірігіп айтылатын сөздер мен сөз тіркестеріне мысалдар жазып, орфоэпиялық нормаға келтіріп оқыңыздар.



46-жаттығу. Қай тұста бірге, қай жерде бөлек жазылатынын анықтаңыздар. Көшіріп жазыңыздар.



47-жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін кестеге толтырыңыздар.

Ат шаптырым, бие сауым, таяқ тастам, көзді ашып-жұмғанша, мұрнын көкке көтеру, қара қылды қақ жарған, салы суға кету, беті бүлк етпеу, қоян жүрек, асқар тау, алма мойын, ас та төк, тілі орамды. Сырдың суы сирағынан келмеу, шаш ал десе бас алу, қас пен көздің арасында, ет пісірім, сөзі түйеден түскендей, соқырға таяқ ұстатқандай, қырғи қабақ болу.

Уақыт	Қашықтық	Адам мінезі, қасиеті	Қимыл-әрекет	Басқа мағына

48-жаттығу. Сөздерді тұрақты сөз тіркестерімен ауыстырып жазыңыздар.

Үлгі: анық – тайға таңба басқандай.

Белгілі, үндемеу, ұйықтамау, тез, ұялу, балағаттау, әдемі, ойламау, қорку, алыс, жақын, сөзшен, таза, жас, өтірік, шын, мейірімді.

Сөз қолдану мәдениеті

Бұған дейін біз ауызекі тілде сөйлеудің түрлері, ерекшеліктері туралы айттық. Ауызша сөйлеудің қажеттілігі, қолданылатын орындарына қарай маңызды екені белгілі.

Бүгінгі ғылым қарқын алған қоғамда сонау өткен-өткен ғасырлардан бері қарай ауызша сөйлеудің шаруашылық, тұрмыс пен мәдениетте, жалпы адамзат дамуы үшін жеткіліксіз екені байқалды.

Қазақ қоғамында жазу мәдениетін болмады деген пікір дұрыс емес екенін бәріміз де білеміз. Бірақ көшпелі мәдениетті даму негізі санаған қазақ ұлты үшін ауызша сөйлеу, әдеби, рухани мұраны жатқа білу есте сақтау қабілетін күшейтіп, сөз құдіретін таңуға әсер етіп, сөз киесінің сөйлеуші мен тыңдаушыға неғұрлым

тегеурінді жетуіне ықпалын жасады. Ауызекі тілде сөйлесу қарым-қатынасты жасаушы, ұлтты ұйытушы, бірлік, ынтымағын жарастырушы болды, әлі де сол қызметін жоққа шығара алмаймыз. Жазу адам ойын жүйелі, тиянақты, толық жеткізуге мүмкіндікті молырақ береді.

Жазбаша сөздің, қарым-қатынастың ерекшеліктері:

– сөйлем құрылымы қалыптасқан үлгіден көп ауытқи бермейді (стильдік өзгешеліктерді болмаса);

– емле ережесі ортақ, оны өзгертуге болмайды;

– сөздердің жазылуының орфографиялық ұстанымдары сақталуы тиіс;

– қаратпа, қыстырма, одағай сөздер ретсіз көп қолданылмайды (стиль өзгешелігіне қарай ғана).

Қазақ халқы үш түрлі жазу жүйесін қолданған. 1929 жылға дейін мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің таралуына байланысты араб әліпбиін пайдаланады. Кеңес өкіметі кезінде 1929 жылдан латын жазуына көссе, 1940 жылдан бері орыс жазуын қолдануда. Қазақ тілінің емле ережесі 1957 жылы, 1983 жылы (2003 жылы) жаңа толықтырулар мен өзгертулер негізінде түзетіліп отырды. Сөздердің дұрыс жазылуы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне» сүйене отырып қадағаланады.

49-жаттығу. Дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіздер.

1. Қазір, кәзір, қазыр, хазыр.
2. Қата, қате, хата, хате.
3. Бейіл, пейіл, пиғыл, пиығыл, быйғыл.
4. Әлдеқашан, алдақашан, әлдеғашан, алдағашан.
5. Әлдегім, әлденім.

50-жаттығу. Әр қатарды тапсырмасы бойынша сөздермен толықтырыңыздар.

1. Екінші буында ә әрпі бар сөздер:
2. Екінші буында ұ, ү әріптері бар сөздер:

3. И және у дыбыстары қатар келетін сөздер:
4. Ж ж әрпі сөз соңында келетін сөздер:
5. Қай дыбыстар түбірдің сөз соңында қолданылмайды?

51-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

«Ң»
(үзінді)

Бір басымда санасан,
Өнер,
Білім
Тегіс бар.
Болмайтұғын Бас әріп
Қай жерімде кеміс бар?!
– Бола алмайсың Бас әріп,
Түспе текке азапқа.
«Ң» әрпінен басталар
Бір сөз жоқ қой қазақта.
Деді осында біреулер,
Дәлел айтып бұлжытпас.
(Дәлелді сөз – әлді сөз,
Әлді сөзге кір жұқпас).
– Солай, – десті қалғаны,
Оңай көніп, ойланбай.
«Көне сал», – деп, біреулер
Тамақ беріп қойғандай.
– «Ң» әрпінен басталар,
Сөз бар, – деді «Ң».
Көнбеді.
– Білмесеңдер айтайын,
Оның аты – «Ң» деді.
– Айсберг дегенді,
Арғы қазақ «ң» деген.

Көктемде көшетін
Өзен мұзын «Сең» деген.
Айтқан сөзім айғақты,
Керегі не мазақтың?!
Өмір бойы зерттедім,
Ана тілін қазақтың.
Зілдей ауыр зілдерді,
«Ңөң» дейді екен бұрындар.
Ал «сең» деген сөзінде –
«Жеңіл» деген ұғым бар.
Өң,
Дөң,
Жең,
Мең,
Сең дейді.
Тең,
Таң,
Тоң,
Кең,
Кең дейді.
Ал енді Айсбергті
Бас алсаң да, «ңөң» дейді!
Ойда жоқта осылай,
«Ң» ашты бір жаңалық.
41 әріп бас шайқап,
Тұрып қалды қамалып.
«Ңөң» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркінде.
Қарыз сұрап тұрғам жоқ,
Бар десең де еркінде.
«Ңөң» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркінде.
Бар десең де дәл содан
Бұзылмайды көркің де!

(О.Әубәкіров)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңдегі «өң», «дөң», «жең», «сең», «тең», «таң», «төң», «көң», «кең» сөздермен сөйлем құраңыздар.
2. «Сең», «нөң», «дөң» сөздерінің дыбыстық ұқсастығы мағыналық байланысқа қатысты деп ойлайсыздар ма?
3. Өлеңнің соңғы 2 шумағындағы автор ойы туралы не айтасыздар?

52-жаттығу.

Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген **кісіге** бұл үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен **кездестім**, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім. Өйткені командир деген әскери педагог қой. Осы әр ұлт адамдарымен **қызметтес** болғанымды өзіме **ерекше** мектеп деп бағалаймын. Себебі чуваш мынадай екен-ау, қырғыз мынадай болады екен-ау деп ойланасың. Ана халық анадай **дәстүрін қастерлейді**, мына халық мынаны құрметтейді екен-ау деп толғанасың. Мен осы 25 жыл, ішінде **қарамағымда** болған үстеріне шинель киген солдаттар арқылы барлық халықтардың жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері-іштерінен шыққан балалары – менің алақанымда болды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз ұрпақтарын, өз **халықтарының** намысын, оның өздері сүйетін **асыл қасиеттерін** аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Өзім де жаным арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида деп, жанып тұрған отқа талай түстім. Мен **соғыс** кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам **опасыз, оңбаған** адам» дегенмін... Өз елінің **бағасын** білген адам ғана **басқа** елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына **сүйіспеншілігі** арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын (Б. Момышұлы).

Сөздік:





садаға – жанын құрбан ету

пида – құрбан болу, өлімге бас тігу

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қарамен жазылған сөздердің синонимін жазыңыздар.
2. Асты сызылған сөздердің омонимін көрсетіңіздер.
3. Жазушының «Мен өзге ұлтты құрметтеуші, өз ұлтың сүйісі адаммын», – деген сөзін қалай түсінесіздер?
4. Б. Момышұлы туралы, ерліктері мен шығармашылығы туралы не білесіздер?
5. Мәтінді пайдаланып, «Ер туған жерінде» деген әңгіме құрастырыңыздар.
6. Әңгіме қандай түрде берілген (ауызша, жазбаша)? Дәлелденіздер.

53-жаттығу. Сөздердің бірге не бөлек жазылатынын анықтаңыздар. Жазылуына қарай оқыңыздар.



54-жаттығу.

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап

қадірлесе, сол адам отаншыл болады. Өйткені өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт.

Намыс – азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған бала да ғана намыс болады. Оларды ұялтпайтын, сүйегіне таңба түсірмейін, өлсем өлейін, бірақ ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайтын дейді. Ер жігіттің елі – ата-анасы, Отаны – өз үйі.

Патриотизм – «Отаным сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмпілдете беру емес. Ол – формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ө. Нұршайықовтың Б. Момышұлы туралы жазылған «Ақиқат пен аңыз» кітабынан үзінді берілген.
2. Төмендегідей талдау жасаңыздар.
 - 2.1. Әңгімелесіп отырып, өткенді еске алу.
 - 2.2. Өткенге бүгінгі күнмен баға беру.
 - 2.3. Әңгімелесушілердің жан-сезімін, көңіл-күйі, ішкі әлемін, сырт бейнесін, ой көзқарасын ашудағы диалогтің орны.
2. Б. Момышұлы жастарға Отанды сүйөді, намысты да патриот болуды өсиет етеді, ал оның бастауы неде?
 3. Мәтіндегі пікір-ой, көзқарасты дәлелдеудегі:
 - а) танымға, түсінікке, ойдың нақтылығына;
 - ә) қажетті сөздерді таңдай білуіне;
 - б) стильдік ерекшелікке;
 - в) ой-қисынына талдау жасаңыздар.

55-жаттығу.

Бір күні ауылдың даңғой жігіттерінің бірі тұзды әбден мақтапты.

– Тұз – жеті қазынаның бірі, онсыз еттің де, нанның да дәмі болмайды, – дей беріпті әлгі жігіт.

– Бір нәрсені айтпай кеттің, – дейді сонда шешен, – тұз сөздің де дәмін кіргізеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шешеннің тұз бен сөзді салыстыруында қандай қисын бар?
2. Сөздің дәмін келтіретін (тұз) не деп ойлайсыздар?
3. Жеті қазынаға не жатады? Жетіні қазақ халқы неге қазына – байлық деп есептейді?

56-жаттығу.

Ауылдас біреу мынадай әңгімесін айтады:

– Түн ортасында бір атты адам үй тұсына келіп, «кім бар-ау, құдайы қонақпыз» деді. Нешеусің деп едім, «үшеуміз» деді. Кейін білдім, әлгім ит ерткен бір-ақ адам екен. Үшеуміз дегені несі?

– Оның үшеуміз дегені, өзіме бір аяқ ас, атыма бір бау шөп, итіме сүйемдей бір сүйек керек дегені екен, – деп түсіндіріпті пайымшыл ауылдасы аңғал көршісіне.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Мәтіннен айтылар ойларыңа қажет мәліметтерді тауып алыңдар:
 - а) қонақ жайында қандай мәліметтер бар?
 - ә) әңгімелеуші ертеңінде қонақ туралы не білді?
2. Әңгімедегі ауызекі тіл стилінің ерекшеліктерін көрсетіңіздер.

- 2.1. Сөз қолданысы.
- 2.2. Сөз мағынасының өзгеруі, жаңа мағыналық реңк алуы.
- 2.3. Сөз құрамы мен сөйлем құрылысы.

57-жаттығу.

Кекеш Әбет

Көрші екі рулы елдің басты адамдары жиналып, ел арасындағы дауды сараптамаққа билер кеңесінің өтетін жерін, уақытын белгілейді. Бұл жиынға өз аулының адамдарына атқосшы болып жас Әбет те келеді. Енді жұрт кеңесті ашайын десе, Әбет қосшылық еткен топтан Арықбай дейтін белді би келмеген болып шығады. Бір уақытта ... Арықбай келіп жетеді. Осы кезде қарсы жақтың адамдарының бірі Арықбайды менсінбей: «Қарға адымды адам екен, аталы сөз шықпас бұдан» деп салыпты. Мұны естіп қалған Әбет тұтыға сөйлеп: «То-тоқтай тұрындар, то-то-тоқтай тұрындар, билер. Біздің Арекең ... шошаладай (оқалақ) болар, сіздер үлкен болғанда атан өгіздей боларсыздар. Шошала тигенде бір қора өгіз быт-шыт болмай ма? Біздің Арекең шошала ғой», - депті.

Ұялған ана жақтың адамдары қас болса да Әбеттен кешірім сұрапты. Арықбайдың шешіміне жиналған жұрт разы болып тарасыпты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көп нүктенің орнына төмендегі сөздерді қойып жазыңыздар.
2. Әңгімеде шешендігі кеңірек ашылған кім деп ойлайсыздар: Арықбай би ме, Әбет пе? Дәлелдеңіздер.
3. Әбеттің сөзінің ойының дұрыс екендігі мәтінде қалай тұжырымдалған?
4. Әңгімеден сөз дәлдігіне қажет элементтерді (ой, түсінік, қисын, сөздер) табыңыздар. Керекті сөздер:
 - а) атан түйедей, ұзын бойлы; көзге қораш, шағын денелі, орта бойлы, тығыршықтай;
 - ә) кішкентай болғанда, үлкен болғанда, таудай болғанда.

58-жаттығу.

1. Он жасымда сүт емген қозыдаймын, Он бесте жарға ойнаған лақтаймын, Бой түзеп жиырмада сылақтаймын, Отызда ағып жатқан бұлақтаймын. Қырқымда қынаптағы кылыштаймын, Елуде әр жұмысты жұмыстаймын, Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін, Жетпіс жаста илеген теріздеймін. Жетпістен сексен жасқа келген шақта Артымнан кейін кеттім кері деймін. (Шал Құлекеұлы)	2. Ұстаз айтыпты: – Он бесімде оқуға келіп еттім, Отызымда кәмелетке жеттім. Қырықта күмән-тұманнан арылдым, Елуде аспанның әмірін таныдым, Алпыста құлағым ашылды, Жетпісте жүрегімнің қалауын таптым. Бар ісім байыпқа түсті (М. Мағауин «Мен», Алматы, 1999).
--	---

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамның жасы туралы Шал ақын мен қытай философы Конфуцийдің ойларын салыстырыңыздар:

а) екі мәтіндегі адам жасына қатысты көзқарастардың ұқсастығын, ерекшелігін;

ә) Шал ақын өлеңінің ойнақы, бейнелі, қозғалмалы, сөз қолданысын;

б) Конфуцийдағы тоқтамалы, бірқалыпты ой қисынын;

в) бірінші мәтіндегі күш-қуат, тегеурінге;

г) екінші ақыл, тәсілге бағындырыла жүйеленген ойға қажет сөздердің таңдалып алынғанына талдау жасап, мысалмен дәлелдеңіздер.

2. Адам жасы, ерекшелігі туралы өздеріңіз не айта аласыздар.

Сөз дәлдігі

Тіл ғасырлар бойы, замандар бойы жасалып қалыптасады. Халықтың әр кезеңдегі тарихының, шаруашылық пен тұрмысының көрінісі. Ұлттық дәстүр, салт, әдет-ғұрып, тарих, шаруашылық-тұрмыстық өзгерістер, ерекшеліктер, таным, сенім тілде сақталады. Тіл – сонысымен қадірлі. Онда біздің ата-бабаларымыздың ойы, пікірі, жаны мен қаны бар. Тарих тілдің сол тілде сөйлеуші ұлт ерекшелігіне қарай жүйесін қалыптастырады. Тілдік жүйені дыбыстың айтылуы, өзара үндесуі, сөз мағынасы, оның өзгеруі, мағына өзгеруінің әдіс-тәсілдері мен жолдары, қосымша, сөздердің тіркесуі, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі, т.б. құрайды.

Айтушы, жазушы ойының дәл жетуі, түсінікті болуы ауызекі сөйлеудегі қажетті ерекшеліктерді ескеру болса, жазуда тілдік жүйе құрамындағы бөліктердің лингвистика ережелеріне бағындырылады. Сөздің дәл берілуі, ойдың жетуі ғылыми стиль мен ресми тіл стилінде сақталады. Публицистикалық, әдеби тіл стильдер бұдан бөлек. Әдеби тіл ойды бейнелі, сурет күйінде жеткізуді мақсат етеді. Ғылыми стиль нақты санмен, анықтамасының өзі де мағынасын аша алатын терминдермен көрсетіліп, айтар, жазар ойды дәл бере алады. Бірақ тіл көркемдеуді, әдемі жеткізуді, сұлу да бейнелі суретті де қажетсінеді. Бұл – адам жанының сұранысы. Бұны өтейтін өнердің бірі – тіл өнері. Қазақ халқы ойды көркем де қуатты, бейнелі де тегеурінді жеткізуді «өнердің алды» деп бағалайды.

Адам ойы тіл арқылы айқындалады. Сөздің өзі – адам сана-сындағы ұғым, түсініктің көрінісі. Сондықтан да сөз бен ұғымның арасында алшақтық, карама-қарсылық болмауы керек. Сөз дәлдігі сол сөздің ұғымына сай келетін мағынаны дәл тауып беруімен анықталады. Сөз дәлдігін айтар, жазар ойға ұштастыруда:

1. Әр сөздің жеке тұрғандағы мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркескенде өзгерер ерекшеліктерін, қызметін, стильдік сипатын, қолданылу аясын да ескеру;

2. Қазақ тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін жетік білу.

3. Орфоэпиялық норманы меңгеру: әрбір дыбысты, сөзді, тіркесті дұрыс айту, екпінді нық қою; сөздер арасындағы кідіріс, ырғақты дәл беру;

4. Қосымша қимыл-қозғалыс, ым-ишараны дұрыс, орнымен пайдалану керек.

Сөз дәлдігі

Айтылар ой, сөз туралы нақты білімнің, түсініктің болуы

Ой қисынының жүйелілігі

Қажет сөздерді таңдай білу

59-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Әмірқан тымағын қыңырайта киіп тағы барды. Тағы соқты. Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды. Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды. Әмірқанды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейімен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол – тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың.

(Ж. Аймауытов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әншінің ән айту өнерін жазушы қалай суреттеген:

а) киім киісінің өзгешелігі;

ә) дауыс құбылтуын айшықтайтын сөздер;

б) түр, сипатының өзгерісі.

2. Қарамен жазылған сөздердің сөйлемдегі, мәтіндегі эмоциялы-экспрессивті мәні қандай?

3. Мәтіндегі «бәйге», «елемейді», «нақысын», «әнге айналады» сөздері мен сөз тіркестерінің синонимдерін тауып, алмастырып айтып көріңдер, қандай өзгешелік бар?

Сөз дәлдігі және тұрақты тіркестер

Тілдегі тұрақты сөз тіркестері тілді көркем айшықты айтудың бір тәсілі болса, ендігі бір артық белгісі сөзді негұрлым дәл нақты береді. Мысалы: «тез» деген мен «көзді ашып-жұмғанша» тіркесінің мағынасын бірдей дей алмаймыз. Жылдамдықтың соншалықты күштілігін сөзден гөрі тұрақты тіркес дәл ашып тұр.

Тұрақты сөз тіркестері тілде сөзді алмастырып қана қоймайды, ойды анықтайды. Таным-түсінікті береді. Осындай ерешеліктеріне қарай тұрақты сөз тіркестерін шартты түрде таным-түсінікті және ой дәлдігін ашатын тіркестер деп бөлуге болады.

Жаугершілік заманда жауынгер ұрыста өзі жеңген жауларының басын кесіп, қанжығасына байлап алатын көрінеді. «Қанжығаға байлады», «қанжығасында кетті», «қанжыға майланды», «қанжығаң қан болсын», «қанжығасын қандады», «қанжығада жүрді» тіркестерінің тарихын аңыз осылай шертеді. Бұны тарих іздері де дәлелдейді.

Әр істің, әр заттың қадір-қасиеті болады деген халық нені болсын қадірлеген. Қиратып жоюды, сындырып шағуды хош көрмеген. Бұдан «киесі ұрды», «киесі атады» деген тіркес қалған. Қазіргі тілде де сөзді дәл, нақ беретін көптеген тіркестер бар. Мысалы: зиялы қауым, салтанатты жиын, ұлықтау рәсімі, жұлдыз жорамал, т.б.

Қазақ ұлтының ерекшелігін ашатын, халықтың шаруашылық, тұрмыс-тіршілігінің айғағы болатын, рухани мәдениет негізін айқындаушы белгісі – тіл.

Тұрақты сөз тіркестерінің негізі белгілері

1. Тіркес құрамында кемінде екі сөз болуы керек.
2. Сөздердің орны өзара ауыстырылмайды.
3. Тіркес құрамындағы сөздерді басқа сөздермен өзгертуге келмейді.
4. Тіркес құрамындағы сөздер жеке-жеке мағына бермей, барлығы тұтас бір мағынаны ашады.
5. Құрамындағы сөздер бір бүтін тұлға ретінде жұмсалады
6. Тұрақты сөз тіркестері идиома және фраза деп бөлінеді.

Идиома – тіркес құрамындағы сөздерді бөлуге келмейтін, мағына тұтастығы тіркеспен бірге анықталатын сөздер тобы. Мысалы: **мұрнын көкке көтеру** (менменсу), **қара қылды қақ жару** (адал), **аузына ақ ит кіріп, қара ит шығу** (қатты балағаттап ұрсу), **салы суға кету** (ұнжырғасы түсу) т.б. **Фраза** – тіркес құрамындағы сөздердің біреуі болса да, бастапқы лексикалық мағынасын сақтаған сөз тіркесінің түрі. Мысалы: **тепсе темір үзу** (мықты), **бұраң бел** (нәзік, жіңішке бел), **алма мойын** (әдемі мойын), **асқар тау** (биік тау) т.б.

Қазақ тілі – тұрақты сөз тіркестеріне бай тіл. Тілдегі көркемдеп, бейнелеп жеткізудің әрі нақты суретті көзге елестете жеткізудің құралы болатын тұрақты сөз тіркестері «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (І. Кеңесбаев. А., 1977) берілген.

60-жаттығу.

Көш алдында Тәкежан, Әзімбай, Майбасар бар-ды. Қастарына он шақты ер-азамат, нөкер ертіпті. Қалың көштің қонатын орнына келіп, топтанып тұр. Жігітектің кішкене шым қоралары аяғының астында қалып бара жатыр. Аз ғана ауылдардың қыс талшық ететін, иек астындағы болымсыз ши қорықтарына қалың қой мен түйе, сиыр жапырлап келіп тұмсық салды. Кейбір қоралардың, аласа қоршау артындағы маяларына бос түйелер, үлкен сиырлар тұра қалып, қарбыта асап жатыр. Бұншалық өктем зорлықты күтпеген момын ауылдар біріне-бірі жүгірісіп, әбігерге түсті. Аз-

дан соң Жігітек ауылдарынан бас құрап аттанған он шақты салт атты зорлықшыл ауылға қарай беттеді.

(М. Әуезов).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіннен тұрақты сөз тіркестерін теріп жазыңыздар, мағынасын анықтаңыздар.

2. Фразеологиялық тіркесті жеке сөздермен, еркін сөз тіркесімен ауыстырыңыздар.

Үлгі: талшық ету – аздап қорек ету, үнем ету;

1. Фразеологиялық тіркестердің мағынасын көрсетіңіздер.

Үлгі: аяғының астында қалу – елеусіз қалу;

2. Фразеологиялық тіркестердің құрамына талдау жасаңыздар.

Үлгі: аяғының астында қалу

[1) аяқ-зат есім, -ы, -тәу. III ж., -ның-ілік септ. жалғауы; 2) асты-көмекші есім, -нда жатыс септік жалғауы; 3) қал-көмекші етістік, -у-кимыл есімнің жұрнағы]

61-жаттығу. Көп нүктенің орнына тұрақты сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.

1. Алғаш естігеннен 2. Жанатты көргеннен-ақ ... 3. Айтқан уәделері орындалмай ... 4. Арманды түсінбей-ақ қойды, қашанда көңілге келер демейді,... 5. Айтқаны анық ... 6. Нағашысы асығыс екен... 7. Әпкесін әлі тосып отыр, нағыз... 8. Көптен хабарласпaды, былтырдaн бері... 9. Нұржанның үйі де ... жерде екен. 10. Енді бәрі де ... болды.

62-жаттығу.

Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі **бірем-бірем** алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. **Бітегенеден** соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны **жамансынып** жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең, – көптен де **құры боласың**, – деді.

(Ы. Алтынсарин)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өңгіме тіліндегі көркем әдебиет стилі мен ауызекі тілінің белгілерін анықтаңыздар.

2. Өңгімеде ауызекі тіл стилін қолдануының қажеттілігі неде?

3. Қарамен жазылған сөздерге лексикалық, стильдік және грамматикалық талдау жасаңыздар.

63-жаттығу. Берілген сөздердің, сөз тіркестерінің сыңарын тауып жазыңыздар.

1. Тілге ... 2. Алтынмен аптап ... 3. Құралайды ... 4. Шіріген ... 5. Түйені ... 6. Еңкейген шал ... 7. Бетегелі ... 8. Тіс қаққан ...

9. Жіпсіз ... 10. Мақтамен ... 11. Көпті көрген ... 12. Алқалы ...
 13. Қасықтай қаны ... 14. Салы ... 15. Ит терісін ... 16. Тауы ...
 17. Ұнжырғасы ... 18. Аузына ... 19. Жер-жебіріне ... 20. Жегенін
 ... 21. Көз етті ... 22. Жежегесі ... 23. Ала жіпті ... 24. Көкейге ...
 25. Тісі ... 26. Қан ... 27. Жаны ... 28. Бармақ ... 29. Аузы ... 30. Іші
 ... 31. Бетінен ... 32. Жарғақ құлағы ... 33. Етек ... 34. Құлақ ...
 35. Түтін ... 36. Арқа ... 37. Бауыр ... 38. Аспан ..., жер ... 39. Аузының
 суы ... 39. Жұмған аузын ... 40. Қылдай ... 41. Құлаққа ұрған ...
 42. Ақ қар, 43. Әңгір таяқ ... 44. Екі езуі... 45. Табан ақы, ...
 46. Жұлдызы ... 47. Төбесінен ... 48. Көрер таңды ... 49. Бесене-
 ден ... 50. Ну ...

67-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ауырдың үстімен жүрген ненің астымен жүреді?
2. Көрінгеннен не алуға болады екен?
3. Түймедейді қалай үлкейтеді?
4. Қара қылды қалай жарады?
5. Бір ұрты – май, екінші ұрты ше?
6. Ауызға ақ ит кірсе, қандай ит шығады?
7. Жерден неше қоян табуға болады?

68-жаттығу. Төмендегі тіркестерден тұрақты сөз тіркестерін бөлек, еркін сөз тіркесін бөлек бөліп жазыңыздар.

Ат ізін салмау, аттың ізі, жіппен байлау, жіпсіз байлау, тізерлеп отыру, тізе бүкпеу, өткір көз, көз ілмеу, тарының қауызы, бір тарының қауызына сыйғызу, иненің көзі, иненің жасуындай, жылқы малы, жылқы мінезді, үйдің қабырғасы, қабырғамен кеңес, тақырға отырып қалу.

Еркін сөз тіркестері	Тұрақты сөз тіркестері
Аттың ізі	Ат ізін салмау

Сөйлеудегі сөз бен мағына бірлігі

Сөйлеу ішкі мағына, мазмұнға бай болғанда көркем де әсері болады. Ойлап сөйлеп, әр сөзді екшеп таңдап, орнымен қолданудың әңгімелесуде, сөйлеуде мәні зор.

Қазақ тілінің мол қазынасын меңгерген, тілді терең білетін сөйлеуші, жазушы сөзі көркем де мағыналы болады. Сөйлеудегі ойдың кең көлемде берілуі, мазмұнының айшық, әсерлі жетуі – білімділік пен мол ақылдың да көрсеткіші. Ұлттық тілдің сыр-сипатын жақсы білетін, әдеби тіл мен ауызекі тіл ара-жігін бөлшектей алатын, тілдегі түрлі (фонетикалық, лексикалық, морфографиялық, синтаксистік) жарыспалы сөздердің қажеттісін екшей алатын, тілдік норма ерекшеліктерін айқындайтын адам сөйлеуде сөз бен ой бірлігінің қатынасына зер сала, ұқыптылықпен қарауы керек. Айтар сөздің мазмұнды жетуі біздің мәдениетімізді де анықтарын естен шығармағанымыз жөн.

Сөйлеудің мазмұнға бай болуы, көркем шығуы үшін төмендегілерді есте ұстаған дұрыс:

- қандай жағдайға қатысты;
- мәселенің шешілуіне қандай жаңа, тың пікір әсер етуі мүмкін;
- оны қандай сөздермен берсе неғұрлым әсерлі болады;
- айтылған пікірлердің нақты дерекке қатыстылығы қандай;
- дау туғызар, келесіге, талдауға, ой елігінен өткізуге болатын қандай ыңғайы, қажеті бар;
- айтушы, сөйлеуші ұстанымы не, оның тыңдаушы ұстанымымен сабақтастығы қандай.

66-жаттығу.

Енді міне, Сұлтан екеуміз пейіштің нақ төрінен орын алғандай отты маздатып жағып тастап, **жетісіп** балық пісіріп жеп отырмыз. Нан, тұз, балық асып жейтін ыдыс ала келмегенімізге өкінеміз. **Сұлтекең** кепканы теріс айналдырып киіп алған. Бір жақ қабырғасы кап-қара болып, қарылып піскен ыстық балықты күйелеш-күйелеш ұртына жөнелтіп жатып:

– Қара Көже айтшы, осылай өмір сүрген **жаман ба**,– деді.

Мен ойымдағыны айттым:

– Рақат, нағыз рақат.

– Ендеше оқу оқып не азабың бар. Таста оқуды.

– Онда мені мамам **өлтiредi**.

– Өлтiрмей қалсын. **Кiсi өлтiрудiң оңайын-ай**, ә. Бұрнағы жылы жәкем де маған: оқуды тастайтын болсаң, жота терiңнен таспа тiлмесем неғылсын, онда екi қолымды төбеме қойып беземiн сенен деп, ант-су iшушi едi. Сол да түк iстеген жоқ қой. Белбеуiмен жотама екi осканда, өзенге қарай тұра жүгiрiп ем, **екi көзi шарасынан шығып**, өзiнiң зәресi ұшты. Артымнан қуып жетiп, құшағына алып: «оқымасаң, оқымай-ақ қой, әйтеуiр тiрi жүр ку жалғыз деп, аймалап, сүйiп, үйге әкелдi. Содан берi қарай **ләм деп, аузын ашпайтын болды**. Ал егер мамаң саған қол тигiзетiн болса, онда милицияның тура өзiне жүгiр. Баланы ата-анасы ұрсын деген заң жоқ бiзде. Бұл үшiн олардың көкесiн танытып жiбередi. «Мамам мен өлтiредi» дегенiм, әрине, жай сөзiм. Мүмкiн, сәби кезiмде ұрса, ұрған шығар. Бiрақ ес бiлгелi ол маған қол тигiзiп көрген емес. Қандай ренiшi болса да сөзбен айтады, қас-қабағымен бiлдiредi. Қымс етсе, «әй **тоқмаш** жейсiң!», «**тоқмаш** берем!» деп, күш көрсететiн ол әжемнiң әдетi ғой. Бiрақ оның «тоқмашы» жапырайған аузынан ұзап көрген емес

(Б. Соқпақбаев)

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Сұлтан мен Қожа пiкiрлерiне талдау жасаңыздар.
2. Қарамен жазылған сөздердiң ойды ашудағы қызметтерi қандай?
3. Сұлтан мен Қожаның пiкiрлерiн ұстаным деуге келе ме? Дәлелденiздер.

67-жаттығу.

Жым-жырт жиынның iшiнен алдымен сөйлеген – майысқақ Қаратай. Ол:

– Сұмдық екені рас. Ұлы-қызыңның басына бермесін. Шын болғанда, кәпір қауымында кететін іс қой бұл, – деп, «Қодардың айыбы шын ба, бекер ме?» деген өз ойларындағы күдікке ептеп қана бір соғып, қиялап салды. Қодардың бұл жиындағы аталасы – Сүйіндік. Құнанбай бағанадан зіл салғанда, әдейі соған шұқшиған. Оны да жұрттың бәрі біліп отыр. Қодар қылығының орайын алдымен өз туысына «айыпты», «сорақы» дегізіп өз аузынан айтқызып алу Құнанбайға да керек. Ал Сүйіндік сол сөзді опонай, бір айналмай салса, ертеңгі тауқымет бұнда. Және алдымен Қодардың сол Құнанбай айтқандай айыптылығына да көзі жеткен емес. Ол Қаратайдың шапшандығынан бір пайда да тапқандай болды. **Әсіресе, оның «шын болғанда» деген босаң тастаған жерін ұстады да:**

– Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?... – дей беріп еді. Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті.

– Ей, Сүйіндік, – деп киіп кетіп ұрыса сөйледі, – албасты да қабаққа қарай басатын. Қыры жоқ қасиеті жоқ басшы болса ыбылыс, жын иектемей нетеді. Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте айыбын өз мойнымызға алайық. Бірақ менің екі бірдей жаным жоқ. Майысар болсаң, жаныңды да берерсің. Беремісің, жаныңды?! – деп сарт етіп өзіне жабыса түсті.

Сүйіндік Құнанбайдың бағанадан бергі зіліне енді ызалана бастап еді.

– Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ! Терге демесем, жанымды ала қой деп кепілге келіп пе екенмін, – деп томсарып қалды. Мұның қолынан келгені бар қарсылығы осы еді. **Баж еткенмен ықтап кеткен сықылды.** Құнанбай сезді де, енді жүйемен ұтпақ боп, қуғынға салды.

– Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып, көпке жайып әкеткен елді терге. **Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге.** Соған да жеткен. Бар да «өтірік» деп соны иландырып келші. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да, ақта! Немесе илан да, жазала! Тек, жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет! – деді.

Енді Сүйіндік те үндей алмай қалды. Аз бөгелген соң бағанадан Құнанбайға сыр алдырмай, салқын ғана қарап отырған Байсал:

– Қара деп жазалаған күнде, мұның жазасы не болмақ,– деп еді, Құнанбай:

– Жазасы – шариғат жолы. Шариғат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ. **Кесігін де айтпапты,**– деді.

Құнанбай бұған ашумен, зілмен кеп, **енді осы тұста күй-зелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның қабырғасын қайыстырғысы келген.**

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жазушы әр кейіпкердің мінез сипатына қарай сөйлеу ерекшеліктерін де аша білгеніне назар аударыңыздар:

а) Қаратайдың қиялап салуы;

ә) Сүйіндік күдігі;

б) Құнанбай ызғары;

в) Байсал салқындығының сырын жазушы қандай тілдік тәсілдермен берген.

2. «... өз ойларындағы күдікке ептеп қана бір соғып, қиялап салды», «шын болғанда» деген босаң тастаған жерін ұстады да, «ұрыса сөйледі», «... сарт етіп өзіне жабыса түсті», «Баж еткенмен ықтап кеткен сияқты» деген сөйлеушінің жағдайға қатысты ойларын көрсетер қатарды толтырып, айтысушылар ұстанымына (позиция) талдау жасаңыздар.

3. Қарамен жазылған сөйлемдердің ойды, пікірді жинақтаушылық қызметіне назар аударыңыздар. Сөз қолданысының, сөзі таңдап алудың, сөйлем құрылымы өзгешелігінің тыңдаушыға әсері қандай?

68-жаттығу. «Қазақ тілі – өркениет пен ғылым тілі» деген тақырыпта пікірлесу өткізіңіздер.

– Пікірлеріңіздің көңілге қонымды болуын;

– әңгімелесуші адамның ойына зер салып, орайлы көзқарасымен санасу керектігін;

– әңгімелерінің тыңдаушыға дәл жететіндей көркем шығуын;

– өз ұстанымдарыңды дәлелдеу қажеттігін еске ұстаңыздар.

... Қыр басында тұрған Абылай енді Бұқар жырауға бұрылды.

– Жырау, бүгін ақ түйенің қырын шөгіп жатқанын көрдіңіз бе?
– деді ол, – жамандықтың белгісі болмаса нетсін...

Бұқар жырау қытай әскерлерінің төртінші рет шабуылға шыққанын көріп тұрған. Қара құрттай қаптап келеді. Бір қазаққа жиырма қытай жабылғалы келе жатыр. Басым күшке шыдай алмай, қазақ қолының бір жақ шеті жапырылып кейін шегіне түскенін Бұқар жырау жаңа аңғарды. Осыны көріп тұрған Бұқар жырау Абылай сұрағына асықпай қайтарды.

– Қасқырдан қорыққан қойшыдан жақсы күзетші шыға қоймайды. Жауынды жеңгің келсе, ең алдымен өзіңе-өзің сен. Әйтпесе бәріміз бірдей апатқа ұшыраймыз.

– Көңілімде бір күдік бар. Одан қалай құтылам?

– Жеңетініне сенбей майданға шыққан қолбасшы өмірі ұзақ болмайды. Ондай кеселдің бір ғана емі бар ...

– Ол қандай ем?

– Ажал.

– Ажал?

– Иә, ажал. Ол қандай дауасыз кеселден де құтқарады, – деп Бұқар жырау **қазақ қолының жапырылып бара жатқан қанатын көрсетті.**

– Шап қазір ана тұсқа! Не ажал табасың, не өзіңе-өзің сенбейтін аурудан айығасың.

Абылай бұған бір ауыз сөз айтқан жоқ. Жалынқұйрығын тебініп кап, жырау көрсеткен майдан алаңына қарай шаба жөнелді.

Бұқар жырау атынан түсті. **Мойнына белбеуін салып, бір тізерлей отырып, алласына «ақсарбас» айтып, жалбарына бастады.** Әрине Бұқар жыраудың құдайға бағыштаған сөзін діни адамдардың біреуі естісе, «құран сөзін қор еттің!» деп сөгер еді, өйткені, оның аузынан құдайға жалбарынудан көрі, ұран шақыруға ұқсас ереуілді жыр тізбегі ағытылып жатқан (І. Есенберлин).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Абылайхан мен Бұхар жырау диалогіндегі негізгі ой қалай түйінделген?

2. Хан күдігі не? Жырау шешімі қандай болды?

3. Бұқар жырау Абылайханға қандай кеңес берді?

4. Жырау ақылы кеңесін тыңдауға хан қай ойға жүгінді деп ойлайсыздар?

а) Бұқардың өзінен үлкен жасын сыйлады;

ә) өз ойына дөп келді, хан да осы ойда болатын;

б) басқа көңілге қонар кеңес жоқ екеніне көзі жетті.

5. Халықтың ақыл-кеңес тыңдаудағы қандай қағида, талап, ережелерін білесіздер?

70-жаттығу. Қандай кеңес бересіздер?

1. Көршісімен ренжіскен дос-құрбыларыңызға кеңес беріңдер.

2. Уақытын дұрыс ұйымдастыра алмайтын бауырына (іні, сіңілі, қарындастарыңызға) қандай кеңес айтасыздар?

3. Кітап дүкеніне, кітапханаға барғысы келмеген досыңызға кеңесті қалай айтар едіңіздер?

Кеңестің төмендегі түрлерінің бірін таңдап алыңыздар.

Орындалуын талап ететін кеңес	Екіұшты кеңес
1. Міндетті түрде, қалай болғанда да, сөзсіз осылай әркет етуің керек. 2. Дәл осы айтылғандарды орындау қажет. 3. Менің ақыл-кеңесім ең бастысы көңілге алынуы қажет. 4. Осы кеңесті дәл осылай орындауды талап етемін.	1. Менің ойымша ... дұрыс болады. 2. Өзіңе мынадай кеңес беруге рұқсат ет: 3. Қарсы болмасаң, менің айтарым ... 4. Мені тыңдасаң, ... кеңес берер едім.

71-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, ақыл айту, кеңес беру туралы халық ойын ашыңыздар.

1. Үйрету – үлкеннен, үйрену – кішіден.
2. Ақымаққа ақыл айтпа.
3. Үгітті ұққанға айт, ақылды жұққанға айт.
4. Алтын алма, ақыл ал.
5. Ұқпасқа айтпа, толмасқа құйма, тоймасқа берме.

72-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыздар.

1. Қазақ халқы қарғыстың ең үлкені «Өзің білме, білгеннің тілін алма» дейді. Мән-мағынасы не? Бұны қалай түсінесіздер?
2. Өздеріңіз ақыл-кеңес айта аласыздар ма?
3. Үлкендердің, туған-туыс, мұғалім, жолдастарыңызмен өзде-ріңізді толғандырған іс, жай туралы кеңес сұрап көрдіңіздер ме?
4. Қалай ойлайсыз, өзің кеңес, ақылды тыңдайсыз ба? Тың-дамаған кезіңіз болды ма?


73-жаттығу. Берілген қимыл-қозғалыстардың қандай түрлерге жататы-нын анықтаңыздар.

1. Екі алақанын біріктіріп, қолын жоғары көтеру;
2. Қолын кеуде тұсынан екі жаққа кең жайып, басын ию;
3. Қабырғадағы сағатты көрсету, нұсқау;
4. Қолын сілтеп тұрып кету;
5. Дауысты дыбыстарды созып, қолды да баяу қозғалтып үстел үстіне қою;
6. Екі қолын қатты сілкіп, тез-тез сөйлеу.

- | |
|---|
| <ol style="list-style-type: none">1. Ақылды болу – үлгілі баланың, болашақ азаматтың, тәрбиелі де тәлімді адамның ісі.2. Ақыл айту, кеңес беру – тыңдаушыны дұрыс іске бағыттау, жақсылық жолын көрсету. |
|---|

Сөйлемдегі қосымша құралдар

74-жаттығу. Кесте бойынша үш-үштен мысал жазыңыздар.



Үлгі:

1. Пілдің мұрны мынадай: қолды жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға қарай көтереді.

2. «Өте жақсы» немесе «жарайсың» дегенді жұдырықты түйіп, бас бармақты көтеріп, қолды алға созады.

75-жаттығу.

Ым-ишара да сөз сияқты бір мағыналы және көп мағыналы болуы мүмкін. Тілде бір мағыналы ым-ишара белгілерінен де көп мағыналылар әлдеқайда көп. Қуана, шын ниетпен екі қолмен бірдей амандасу бар да, қолдың ұшын ғана беріп, немесе селқос қол ұсына сәлемдесу бар. Көп мағыналы ым-ишараға мысал келтіріңіздер.

76-жаттығу. Көшіріп жазып, ұлттық дәстүр мен танымды білдіретін ым-ишараларды топтап жазыңыздар.

1) Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассаулаумағалайкүм! .. – деп сәлем берді.

Медреседе жүргенде: «Көшеде қазіретті көрсең, осылайша тағзым ету керек» деп халфелер үйретуші еді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есі-

не түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме? Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды. Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайлыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмәссәләм, балам! ... – деп тоқырай қалды (М. Әуезов).

2) Алып денелі Қабанбай атына қарай аяңдады. Дәл осы кезде алаңдағы жалғыз ашада байлаулы тұрған Қабанбайдың аты шулы «Көкдауыл» атанған қаракөк атын жетелеп Қаратаудың су-сар бөркін киген сұңғақ бойлы, бота көз аққұба бойжеткен алдынан көлденең тарта берді.

– Батырдың жолы болар ма екен, өзім аттандырайыншы, – деді маржандай аппақ тісін көрсете күлімсіреп, сөйтті де, тізгінді қолына алып, үзеңгісіне аяғын салған жас батырдың қолтығынан ұстап жоғары көтере бастады. (І. Есенберлин)

3) – Хан ием, – деді ол есіктен аттай бере тізесін бүгіп. – Оңаша айтар жедел хабарым бар.

Хан шабарманды енді таныды:

– Ау, Қияқ батырсың ба?

– Иә, тақсыр.

Хақназар дереу орнынан тұрып, сыртқа қарай бет алды. Сонау Қараталда қалған Ақ Ордадан шабарман Қияқ қандай хабар әкелді? Оны ханнан басқа ешкім сезген жоқ.

(І. Есенберлин)

Біз бір-бірімізбен сөйлесу кезінде әңгімелесушіміздің қимыл-қозғалысына еріксіз назар аударуымызға тура келеді. Беті бұл-бұл жайнап, көздерін кеңірек ашып қараса көбіне қызығушылық, тыңдаушыға айтылғандардың көңілінен шыққанын білдірсе, қулана көзін жылмитса – күдік пен сенбестіктің белгісі екенін байқаймыз. Ал егер тыңдаушы жанарын басқа жаққа бұрып әкетсе, немқұрайлылық пен құлықсыздық екені белгілі. Әрине, адамның әңгімеге көзқарасын тек көз ғана білдіріп қоймайды. Қол сілтесе, «Бәрібір, ештеңе өнбейді», «Жағдай өзгермейді» деген сөйлем орнына жүреді.

Ым-ишара, қол, бет, көздің түрлі қозғалыстары мен өзгеруі, дене қимылдары – қарым-қатынастың қосымша құралдары. Оны үйрететін, оқытатын саланы кинесика деп атайды (грек тілінде кinesis – қозғалыс). Кинесикада бет-жүз қимылына (мимика), қол қозғалыстарына (жестикация) эмоцияны білдіруде, ойды анықтап көрсетуде ерекше назар аударылады. Қабағы түйіліп, бет-жүзі сұрлана түскен қалыптан ашуды байқасақ, бақырайған көз, ашылған ауыз танданысты білдіретінін барлығымыз да жақсы білеміз. Сөйлесу кезінде бет-жүз, қол қимылдарын көп пайдаланатынымызды өзіміз де байқай бермейміз. Ешкім бізге олардың нені анықтап, нендей қызмет атқаратынын түсіндірмесе де, күнделікті тұрмыста, қоғамдық ортада кеңінен қолданылады. Бұның түсінікті бола түсуіне сөйлемдегі сөз ырғағы, екпін, интонацияның да рөлі бар.

Сөйлесу кезінде мұрынын шұқып немесе түймесін ұстап, галстугін жөндеп, не болмаса тырнағын тазалап тұрса т.б. бұл – әдепсіздік. Бұндайды **механикалық ым-ишара** дейді. Механикалық ым тыңдаушының назарын аударып, ойын бөліп, әңгімелесуге кедергі келтіреді. Оны ырғақты, эмоциялы, сілтеме, суреттеме және символдық деп бөледі.

1) **Ырғақты:** логикалық екпін, сөйлеуде сөздің жылдам немесе бояу айтылуына қарай қол қозғалысымен анықталады.

2) **Эмоциялы:** қозғалыс, көбіне тұрақты сөз тіркестері мен тілді көркемдеуші құралдары арқылы: Мысалы: **жүрегі ұшып кетіп**, дыбысы шықпай қолымен басып отыра кетті.

3) **Сілтеме:** мысалы: «Мына терезені ашыңызшы», дегенді терезені нұсқап, қос қолын кеуде тұсынан екі жаққа қарай жайса ұғамыз.

4) **Суреттеме:** затты суреттеуде сөз таба алмаған жағдайда немесе неғұрлым күшті әсер бергіміз келгенде, қол қозғалысымен суретін көрсетеміз.

5) **Символдық:** мысалы, қолымызды жүрек тұсына қойсақ, ыстық ықыласымызды білдіре аламыз.

Ойдың түсініктілігі

Ойымыздың түсінікті жетуі тандап алған сөзімізге қатысты екені белгілі. Тілде сөз өте көп, біз соның барлығын да қолдана бермейміз. Олардың ішінде жиі пайдаланатын сөздермен бірге сирек ауызға алынатын да бар. Тілде сөздерді қолданылу ерекшеліктеріне қарай: **жиі қолданылатын сөздер (актив лексика), сирек қолданылатын (пассив лексика)** болып бөлінеді. Алғашқы топқа жалпыхалықтық лексикадағы, барлығымызға түсінікті сөздер (мектеп, қала, көше, кітап, қол, бір, сөз, оқу, айту, т.б.), сирек қолданылатын сөздерге диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер кіреді.

1. Сирек қолданылатын сөздерде халық тұрмысын, шаруашылық, кәсібін анықтайтын сөздер көп кездеседі. Оларды этнографизмдер дейді. Бір жерде өмір сүретін, бір тілде сөйлейтін халық тіліндегі түрлі ерекшеліктер **диалект сөздер** деп аталады. Диалект сөздердің басым көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. Мысалы: шалбар – **сым** (оңтүстіктің диалект сөзі), денелі – **жоян** (шығыста), орындық – **тақ** (солтүстік облыстарда). Диалект сөздер ертедегі ру-тайпа тілдерінен көрініс береді. Ендігі бір арнасы – көрші ұлттармен араласу арқылы (өзбек, моңғол, орыс, қырғыз, т.б.) тілге енген сөздер мен түрлі грамматикалық ерекшеліктер. Диалект сөздерді фонетикалық, лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік өзгешеліктеріне қарай бөледі.

Белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласы адамдарына ғана түсінікті, солардың өз ортасында ғана қолданылатын сөздер **кәсіби сөздер** деп аталады. Қазақ халқы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысқан. Дегенмен, тілде еліміздің әр аймақтарының жер жағдайына қарай диханшылықпен айналысуына, бау-бақша, балық, аңшылықты кәсіп етуіне қарай жалпылама лексикаға кірмейтін сөздер бар. Диалект сөздердің әдеби тілде баламасы болатын болса, кәсіби сөздерде ондай ерекшелік жоқ. Олар шаруашылықтың бір ғана саласына қызмет етеді. Әр жер ерекшелігіне қарай халықтың шұғылданатын шаруашылығы да ортақ болатындықтан, бұларға аймақтық бірлік тән.

Оңтүстік Қазақстандағы жұрт мақта шаруашылығымен айналысқандықтан, олардың тілінде **жегене, күнжара, көсек, терім, шит, қоза**, т.б. сөздер бар. Арал, Каспий маңы қазақтары балық шаруашылығымен шұғылданады, олардың тілінде **жылым, ықпа, сере, торта, азна** секілді сөздер ұшырасады. Қазақ халқының барлық өңірлерінде қолданылған ұсталық, аңшылық, зергерлік т.б. өнерге, кәсіпке байланысты **пышқы, шербек, кемпірауыз, пәрібі**, т.б. сөздері қолданылады.

Терминдер – ғылым, техника, өндіріс, т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Терминдер тек тура мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді, мағына үнемі тұрақты болады. Терминдерді арнаулы сөздер деп те атайды. Бұларда стильдік бояу болмайды.

Термин сөздердің жасалу жолдары

1. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдер орыс, араб, Еуропа тілдерінде қалыптасқан үлгісінде: **мәтін, квадрат, синоним, тангенс, вектор, эпос, поэзия, пьеса** т.б. жұмсалады.

2. Қазақ тілінен балама табу арқылы: **хаттама** (протокол), **нарық** (рынок), **ғарыш** (космос) т.б.

3. Сөздерді біріктіру арқылы: **төл + құжат** (паспорт), **ән + ұран** (гимн) т.б. жаңа термин жасалады.

Сөздің түсініктілігі, ең бастысы, кіммен сөйлесіп немесе кімге жазып отырғанына байланысты болады. Жиі қолданылатын сөздер жалпыға түсінікті, сондықтан оны қолданудың шет-шекарасы жоқ. Сирек қолданылатын сөздердің де қолданылу аймағы үнемі шектеулі бола береді деп түсінуге болмайды.

Диалект сөздер – әдеби тілге еніп, тілді байытып та отыратын қор. Мысалы, еге сөзін алайық. Еге сөзі Қызылорда облысында ие (қожайын) мағынасын беретін диалект сөз. Қазіргі қазақ тіліндегі **егемен** сөзінің жасалуына осы сөз негіз болды. Сондай-ақ **жейде, ұжым, үшем** сөздері де – диалектілік қолданыстан әдеби тілге өткен сөздер. Сөйлеудің түсініктілігі адамның біліміне, ортасына, кәсібіне, жасына қарай икемделеді. Мысалы, үлкен адамдармен

неғұрлым әлеуметтік тұрмыстық тілде сөйлескен дұрыс болса, балалар тілі солардың өз таным-түсінігіне лайық болуы шарт.

77-жаттығу.

Қоңыраугүл

Қоңыраугүл,
Қоңыраугүл,
Қоңыраугүлді
Шайқайды саңырау құр:
– Қоңыраугүл,
Неге
Шылдырмайсың?
Қоңыраугүл,
Неге
Сылдырламайсың? –
Дейді саңырауқұр.
Мелшиеді қоңыраугүл.

(М. Әлімбаев)

Күркіреді күн, күн...

Күркіреді күн, күн...
Терезелер шың-шың.
Жауды жаңбыр топ-топ,
Шелек-шелек, көп-көп!
Жон арқанды тос-тос,
Күнбағыс, тез- өс-өс!

(М.Жаманбалинов)

О-ғып, бұ-ғып

Қағып кетіп кісіні оғып-бұғып,
Шалып кетіп кішіні о-ғып, бұ-ғып,

Жыртады ол кітапты о-ғып, бұ-ғып,
Сындырады бұтақты о-ғып, бұ-ғып,
Жолдасынан көшіріп о-ғып, бұ-ғып.
Оны қайта өшіріп о-ғып, бұ-ғып.
Жұмыс десе қашады о-ғып, бұ-ғып,
Тақтада алдында сасады о-ғып, бұ-ғып.

(Б.Кірісбаев)

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Балалар өлеңдеріндегі сөзді түсінікті беру ерекшелігіне:
 - а) бір сөздің бірнеше қайталануы;
 - ә) қимыл-қозғалыстың өзгермелілігі;
 - б) сөздердің көркемдігіне талдау жасаңыздар.
2. Өлеңдерді кішкене іні-қарындастарыңызға оқып беріңіздер.

78-жаттығу. 1. Мәтінді 3 сыныптың оқушысына түсінікті тілде қалай айтуға болады? 2. Термин сөздерді көшіріп жазыңыздар.

Дербес лексикалық мағыналарын жоғалтқан түбірлерден жасалған аң-құс, жануарлар мен жәндіктер, сондай-ақ өсімдік атаулары біріктіріліп жазылады (бұл бұрыннан қалыптасқан ереже болатын). Осы қатарға екінші сыңары ағаш (ағашы), бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, көк, қат, қурай, құрт, құс, от (оты), тамыр, томар, шешек деген сөздер болып келген өсімдік, аң-құс аттары да жатқызылды, өйткені жоғарыда көрсетілген сөздер нақты бір өсімдіктің, аң-құстың, жәндіктің атаулары емес, жалпы атаулар, сондықтан өзінің алдындағы сөзбен бірігіп қана белгілі бір нақты атауға айналып тұр: қарағаш, барқытағаш, тасағаш, астықағаш (ы), тасбақа, құрбақа, итбүлдірген, қойбүлдірген, қарақат, қызылқат, қазоты, балықот (ы), айланшөп, т.б. Ал ағаш, гүл сияқты сөздермен келген күрделі атулардың бірінші сыңары сол өсімдіктің, ағаштың атауын жеке тұрып та білдіретін болса, бөлек жазылады. Бұл ретте ағаш, гүл сөздері көбінесе тәуелдік жалғаулы болып келеді.

Мысалы: алма ағашы, өрік ағашы, жаңғақ ағашы, райхан гүл, астра гүлі.

Орыс тіліндегі жіңішке ль дыбысына аяқталатын көп буынды сөздерге дауыссыз дыбыстардан басталатын қазақ тілі қосымшаларының буын үндестігі бойынша (соңғы буынның жуан жіңішкелігіне қарай) жалғанып, дауысты дыбыстардан басталатын тәуелдік жалғаулары буын үндестігін сақтамай, әрдайым жіңішке жалғанатындығы түзетіліп көрсетілді. Мысалы: медаль, медальға, медальдар, медальдық, медалі; фестиваль, фестивальға, фестивальдар, фестивальдық, фестивалі; магистраль, магистральға, магистральдан, магистралі («Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі»).

79-жаттығу. Сөздердің қай ғылым термині екенін анықтаңыздар.

Жоба, сарқырама, бәсеке, экономикалық байланыс, ынтымақтастық, сұраныс, меже, қосу, ішкі сауда айналымы, суармалы жер, көркемдік ізденіс, жалғау, кейіпкер, метафора, фонетика, аңыз, қаржы, төбе, карта, күн, кепіл беру, инфрақұрылым, жекеменшік, сөйлем, роман, инвестиция, көл, есептік көрсеткіш, теңдеу, стоматолог.

экономика	әдебиет	тіл	география	басқа ғылымдар
-----------	---------	-----	-----------	----------------

80-жаттығу. Кестеге толтырыңыздар.

Қай аймақта қолданылады?

Тақ (орындық), там (бейіт), жаян (үлкен), сым (шалбар), борми (жүгері), бәреңгі (картоп), шақай (аяқ киім), шыңар (сырт, дала, көше), ақман (шай шығаратын кішкене шәугім), шемішке, әнгелек, атыз, шөміш, сәні, леген, шырпы, бақыр.

шығыс	солтүстік	оңтүстік	батыс
-------	-----------	----------	-------

81-жаттығу. Қолданылатын орны мен кімдерге айтылатындығына талдау жасаңыздар.

1. Есікті жабуға бола ма?
2. Мынандай қапырықта қалай отырсың?
3. Салқын ғой. Есікті жабамыз ба?
4. Өтінемін, есікті жапшы!
5. Біз есікті жапсақ қалай болады?
6. Қайырымдылық жасап, есікті жапшы!
7. Есікті жапқың келмей ме?
8. Жапшы есікті!
9. Қой, есікті жабайық!

Сөз әсерлілігі

Сөйлеу мен жазудағы басты назарда ұстар қағидалардың бірі – сөздің әсерлі жетуі. Сөздің әсерлілігі сөйлеушінің дауысына, **сөйлеу мәнеріне, сөздерді дұрыс таңдап ала білуіне** байланысты. Дауыстың түрлі болуына қарай біз көңіл-күй жағдайын, сөйлеушінің ойға, іске қатынасын анықтай аламыз. Көптеген мамандық иелері үшін дауыс басты рөл де атқарады. Сөздің дәл, орнымен қолданылуымен қоса, көркем де әдемі сөздерді таңдап алғанымен орынсыз дыбысты, сөзді көтеру, созу немесе ақырын айту сөздің, ойдың әсерін төмендетіп қана қоймай, тыңдаушыны жалықтырып та жібереді. Екпіні, кідірісі дұрыс қойылған, жағдайға лайық сөздер дұрыс таңдап алынған әңгіме, сұхбат кез келген жазбаша үлгідегі мәтін тыңдаушы үшін де, оқушы үшін де әсерлі болатыны сөзсіз. **Сөздің әсерлілігінің екінші жағы – сөздің тура мағынасымен бірге суреттеп, бейнелеп, ауыстырып айту.**

Сөз мағынасының басқа мағынаға ауысуы

Метафора тәсілі – сөз мағынасын салыстыру, жақындату негізінде астарлы тың мағына жасау.

Мысалы: «Өзім – Күнмін, өзім – от» (Мағжан).

Осындағы «**күнмін**», «**от**» метафора тәсілі арқылы ауыспалы мағынаға ие болған.

Метонимия – зат, құбылыс атауларының екінші бір зат құбылысқа шектестігі, ұласпалылығы негізінде жұмсалуды.

Мысалы: Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, Құйма құлаққа айтсаң, құйып алар (Мақал).

Ақпа құлақ **«ұғымсыз»** мағынасын, құйма құлақ **«ұғымтал», «зерек»** мағынасын беріп тұр.

Синекдоха – жалпының орнына жалқы, бүтіннің орнына бөлшек немесе керісінше қолданылатын мағына.

Мысалы: Көп қорқытады, терең батырады. Мақалда көп **«халық», «ел»** мағынасын береді.

Ауыспалы мағына метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеу т.б. бейнелеу тәсілдері арқылы беріледі. Ойды неғұрлым кең, тыңдаушы, оқушыға тегеуінді әсер беретін ауыспалы мағынадағы сөздерді тым қоюлататын, суретсөзге әсіре еліктеп кетуге де болмайды.

Қорыта келсек, сөздің әсерлі жеткізу сөзді мәнерлеп айтуға қажет: екпін, дауыс кідірісі, дауыс күші, дыбыстың айтылу ерекшелігіне, тілде бейнелеу құралдарын: метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеуді орнымен қолдану, жағдайға қарай сөздерді дәл тауып, қолдануға байланысты.

82-жаттығу. Мәнерлеп оқыңыздар.

1. ...Ашынам арзан ағайға,
Ашынам арзан жеңгейге.
Ашынам, қайта басылам,
Басылам-дағы тасынам.
Адамдықтарын алтынмен,
Өлшегендерге ашынам!
Мансапқорлардың қасынан
Шықпайтындарға ашынам!
Жалданып өскен жасынан,
Жағымпаздарға ашынам!

Айырылған адал досынан
Алаяқтарға ашынам.

(М. Мақатаев)

2. Өзім бір тұрған заңмын. Орыспен де, қазақпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да өлмейтін тәріздімін. Адам болған, ел билегендердің менен түк артық жері жоқ. Олар білген өтірік, өсек, ұрлық-қарлық, қулық-сұмдықты мен де білемін. Олар сөйлеген сөзді мен де сөйлей аламын. Қайта мен «какой черт, как же, нежолы, неимешь права...» деп орышаны араластыра соғып жіберуге де әмірім келеді. Енді менің ел адамдарынан қорғалайтын нем бар? Мен неден тайсалам? Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтыным ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Әттең дүние! Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем... Елі құрғырдың аузын бассан, арты сөйлеп тұрады ғой. Әсіресе, осы бір мұғалімі бар болғырлар пәле болды. Мені елден пара алды, дүние тартып әкетті, пәлен-түген қылды деп қаладағы оқыған азаматтарға дәттеп қойыпты. Сайлау кезінде болыс болайын деп тұрған кезімде менің үстімнен жазылған қағаздарды жинап, Мамырбайдың баласы кеңсеге тапсырыпты. Мені бұзақы адам деп, сөйтіп болыстыққа сайламай қойғаны. Әй, атаңның аузын... Мамырбайдың ұлы! Әй, тірі болсам, бір қылармын деп кете бардым.

(Ж. Аймауытов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шығармаларды мәнерлеп оқу кезінде сөз, көркемдік тәсіл, сөйлеудегі дыбыстық ерекшеліктерді ескеруге қажет шарттарға назар аударыңыздар. Бұларды өлең мен прозалық шығармалардағы өзгешеліктеріне қарай талдаңыздар.

2. Кейіпкер эмоциясын білдіретін жеке сөздер мен сөз тіркестерінің көркем шығармадағы қолданысының жанрлық сипаттарына талдау жасаңыздар.

3. Екі мәтін де бірінші жақтан айтылған: кейіпкер ішкі сырын білдірудегі тілдік тәсілдерді көрсетіңіздер.

4. Екі мәтіндегі кейіпкерлер мінез, ұлттық құндылықтарды қадірлеу, дәстүрлік ұстаным тұрғысынан екі түрлі: бұл өзгешеліктерді қандай тілдік тәсілдермен дәлелдейсіздер.

83-жаттығу. Кестені толтырыңыздар. Әрқайсысына сөйлеммен мысал жазыңыздар.

№	Ақырын сөйлеу	Орташа дауыспен айту	Бар дауысымен қатты айту
1	құпиялап сөйлеу	әңгіме-сұхбат құру	ашуланып сөйлеу
2	қорқып айту	ақпарат, жаңалықты хабарлау	қатты қуана айғайлау
3	ұяла сөйлеу	ақыл-кеңес беру	ұран шақыру

84-жаттығу. Мәнерлеп оқыңыздар. Көркемдеу тәсілдерін табыңыздар.

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы,
Қараймын томағымды ашып-жауып,
Тауыңның ақиықшы Оралдағы.
Ертістің құба талы секілденіп,
Алдымнан майысып, шық бұрал-дағы.
Жаудырап екі көзің отырасың,
Тұндырған шай секілді құмандағы.
Көзіме мұнарланып көрінесің,
Түлкідей тура қашқан тұмандағы.
Сен болсаң алқызыл гүл, асыл еркем,
Мен – бұлбұл сайрап тұрған иран бағы.

(Ақан сері Қорамсаұлы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңдегі кейіпкерді сипаттау мен айтушының ішкі сезімдерін берудегі тілдік тәсілдерді көрсетіңіздер.

2. Сипаттау мен айтушы сезімдерін жеткізу үшін мәнерлеп оқуда қандай өзгерістер қажеттігіне назар аударыңыздар.

85-жаттығу. Сөздің әсерлі жетуіне төмендегі кестеде көрсетілген әр бөліктің орны қалай екенін айтып беріңіздер. Әр бөлікті тұтас біріктіретін және жеке-жеке ерекшеліктерін ашатын мысалдар келтіріңіздер.

№	Дерек-дәлел	Ойға қатысты түрлі пікірлер
1	Статистистикалық – өмірден алынады	Мақал-мәтелдер – қағида, ұстанымдар
2	Ғылыми әдебиеттен, тарихтан т.б.	Қанатты сөздер – әдет, дәстүр ережелері

86-жаттығу. Сөйлемді толықтырып жазыңдар.

1. Өзен жағасында жалғыз бөлек тұр. 2. Таң атты. 3. Бөлме іші ысып кетті. 4. Асқар қатты қуанды. 5. Алыстан малшылардың қой қайырған дауыстары естіледі.

Үлгі: 1. Өзен жағасында жалғыз тал бөлек тұр.

1.1. Өзгеден оқшау тұрған жалғыз тал төңірегіне тәкаппарси қарайтындай.

1.2. Мұң басқан жалғыз тал топтасқан ағаштар тұсындағы у-шуға қызыға, қызғана қарайды.

1.3. Ылғалы мол, күн көзі өзіне ғана еркін жеткенімен жалғыз тал тоғайдағы көп ағаштың бірі болмағанына өкінеді.

87-жаттығу.

Ол даладағы ойыннан қайтып келе жатып, «жаман ырым» анау-мынау дегенге қарамастан, қаннен-қаперсіз өтірік жылауды үдетіп:

– Ойбай, баурым Қодар!.. Ойбай Қодар, – деп, санын сабап шауып келді. Қодардың өлімі барлық ауылға да, оған да естілген. Жаңа, кешке жақын, бұлақ басындағы бір тақырға жиналған өзі құрбы балаларды бастап осылай ат қоюды көп ойын қылған. Тақырдың ортасынан шұқыр қазып, соған бір қу сүйекті әкеп бейітше томпайтып көміп қойып, жан-жақтан андыздап ат қойып, ұзақ шуласқан.

Ұлжан Абайдың сырқатының үстінде өзін жаңағыдай жаман шошытқан Оспан мінезіне қатты ашуланды. Күні бойы батпақ кешіп, аяғы әрі былғаныш әрі күс-күс болған Оспанды:

– Бері келші, әй, балам! Бері келші! – деп, ешбір сыр білдірмей, ұрыспай шақырды. Ұрсып, зекіп сөйлесе, Оспан мұндайдағы әдетіне басып, қаша жамандасып, қолға түспей қояды. Ол қазір шешесіне қарай тарпылдап жүгіріп, дәл от басынан Абайдың төсегіне дейін бір-ақ секіріп, Ұлжанның тізесіне соға дүрс етіп кеп түсті.

Шешесі мұны сол қолынан шап беріп ұстап алып:

– Сен жаңағы ат қойған нәрсені қайдан шығардың? Оның жаман ырым екенін айтпап па едім? Үйде бала ауырып жатқанда, өй, итқуар жынды неме? – деп, жұлқып қалып етпетінен салып, құйрығына шапалақпен салып-салып жіберді.

(М.Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаман әдет шығару, жамандық шақыру сенімдері туралы не білесіздер?
2. Ұлжанның Оспанға ашулануының себебі неде?
3. Сөздің әсерлі шығуына жеке сөздердің орнының ықпалы қандай? Одағай, қыстырма сөздермен мысал келтіріңіздер.

88-жаттығу. М.Әуезовтің 1926 жылы жазылған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласынан үзінді оқыңыздар.

Өз театры болуға керек. Себебі өнер атаулының барлығында қай елде, қай түрде туса да сол өз ортасының шартынан, өз топыра-

ғының қалпынан туады. Сол ортасының түйінін киіп, соның іші-бауырынан шыққан суреті сияқты болып туады.

Өнердің ғылымнан айрылатын жері де – осы. Ғылым – арнайы топырақты білмейді, еркін, отансыз, анасыз зат. Бұған қарағанда, өнер қаны, жаны бар денелі зат сияқты. Бұл анасының ұрпағы болып қана туа алады. Солай болып туа алса ғана өсіп-өніп дәурен сүреді. Елінің тонын киіп, елінің өз ісімен шықпаса, өнер ерте күннен өрістен айрылып, тығырыққа қамалып, өлімге қарай бас иді деу керек. Сондықтан қай ел болса да өз өнері әлсіз, көріксіз болса да өзгенікінен артық көреді; өзгенің алтынына өзінің қара темірін айырбастамайды. Расында ойланып көрсек, Бетховеннің сонаталарына қазақ «Саймақтың Сары өзенін» сатар ма еді? Рафаэльдің Мадоннасы, Репиннің суреттері қазақ топырағына келсе, өз жеріндей ұғылып, өз еліндегідей көрген жұртты еліктіре ме еді? Не болса, Шекспирдің Гамлетіне, Гетенің Фаустына қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан қайғыны, толғау айтқан Бұхар жырауды айырбастар ма екен. Рас, бір заманда осының бәрін қазақ та өзгелердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санаға шейін жетектеп апаратын өз өнері болады. Әзірше әлгінің бәріне қазақ өзінің қолындағысын айырбастамайды дейміз. Себебі, оның бәрі – өнер. Өнер – елдің бел баласы. Қарға баласын аппағым десе, қазақ та өз өнерін аппағым, асылым, үміт, қуанышым дейді. Олай болса театр өнеріне келгенде біз өзге елден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз. Солардан басқа өнердің жаны мен денесі боларлық бұйымның барлығын өз елімізден, өз етімізден, өз пішініміз сияқты қылып шығарамыз. Сол себепті қазақ театры қазақ елінің өз театры болуға керек дейміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өнер мен ғылымның айырмашылығы неде?
2. Ұлт пен өнер байланысы туралы не айтылған?
3. Сыртқы үлгі дегенді қалай түсінесіздер?
4. Өнердің жаны мен денесі туралы автор ойын баяндаңыздар.

5. Ұлт танымы, өнері бір-бірімен тығыз байланыста болуы керек деген ой қазіргі кезеңде қаншалықты өзекті деп ойлайсыздар?
6. «XXI ғасырдағы қазақ өнері» деген тақырыпта әңгіме жазыңыздар.
7. Автор тақырыптың өзектілігін қалай ашқан?
8. Мақаладағы автор қандай ойды дәлелдеуді мақсат еткен?
9. Мақсатты ашу үшін қандай міндеттер қойылған?
10. Негізгі ойды ашу үшін қандай деректер мен дәлелдер келтірілген?
11. Ойды тұжырымдауға қызмет еткен басты пікірлерді белгілеңіздер.

Сөз байлығы

Сөз байлығы әр адамның лексикасындағы сөздердің мөлшері мен көлемімен байланысты дегенмізбен де ең негізгісі – ой байлығы. Сондай-ақ тілдегі бар сөздерді бір-бірімен жалғастырып, қиюластырып әсем де әсерлі жеткізу айтушымен сөйлеушінің ой көкжиегінен де елес береді. Бір сөзге бірнеше мағына сыйғызып әр сөзді мән мазмұн стиль бояумен жеткізу ойлау қабілетімен шығармашылық сипатпен ұштасады. Сөз байлығын терең білудің ендігі бір жолы халық тілінің дәстүрімен әдеп ерекшеліктерін меңгеру. Қазақ тілі көркем әрі әсем тіл дейміз. Осындай әсемдікпен көркемдік тілді бүгінгі дейінгі жеткізушілердің ой қабілетінің тереңдігі мен қиялының шексіздігін дәлелдесе керек.

Тілде лексикалық қабаттың үнемі дамып толығып, өсіп, өзгеріп отыратындығын білеміз. Бұл бірнеше тәсілдермен:

- сөз тудырушы қосымшалары арқылы;
- сөз мағынасының ауысуы арқылы;
- жаңа сөздер кіру арқылы;
- басқа тілден сөздер ену арқылы жүзеге асады.

Аталған тәсілдер тілді байытатын ең негізгі әрі бастылары болып саналады. Бұдан басқа тілде сөздің өзгеруі жаңа мағынаға ие болуы тұрақты сөз тіркестерімен сондай-ақ бір сөздің қоғамдық өзгерістерге қарай жаңаруы тәсілдерін атауға болады.

Сөздің зат пен құбылыстың, сан мен сапаның т.б. мағына түрлерінің белгілерімен тікелей байланысып, сол жөнінде нақты ой тудыруын тура мағына деп атайды. Мысалы: ақ көйлек дегендегі ақ – қара түске қарама-қарсы заттың түсі, ал ақ жүрек дегендегі ақ «таза», «адал», «пәк» деген мағыналарға ауысады.

Ауыспалы мағына – сөз мағынасын екінші бір мағынамен алмастыру, Ауыспалы мағынаның негізі тура мағынадан алынады. Ауыспалы мағына сөз тіркестері мен сөйлемде ғана анықталады. Жеке тұрғанда (тіркес, сөйлемге мүше болмаған жағдайда) сөз тек тура мағынада ғана болады. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздердің бір саласы – басқа тілден енген сөздер. Әсіресе, араб, парсы, орыс және орыс тілі арқылы енген Еуропа халықтарының сөздері көптеп кездеседі. Тілге сөз енудің өзі әр түрлі. Бірі ауызша ауызекі тілі арқылы кірсе, енді бірі жазба, хат арқылы кірген. Мысалы: кәмпит, самаурын, жәшік т.б. сөздері ауызекі тіл арқылы қолданысқа түскен. Бұлардың ерекшелігі алғашқы айтылу қалпы жазылу ережесіне сай болады. Ал енді бір сөздер жазба тіл арқылы кіргендіктен, сол тілдегі нұсқасы сақталады. Мысалы: лингвистика, термин, метафора, математика, биология, т.б.

Тілімізде ислам дінінің әсерінен, ислам мәдениетінің негізінде кірген көптеген сөздер бар. Кейбір сөздер қазақ тіліндегі бұрыннан бар байырғы сөздермен синоним болады. Мысалы: әтеш – қораз, хат – жазу, т.б.

89-жаттығу.

1. Екі аңшы келе жатқан бөктер, шымы тұтас бетегелі төскей болатын. Түн, бұлтты түн болып өтсе де, жауын жаумаған екен. Шөп басында тіпті шық та жоқ. Тықырлау жер мен алаңды басқанда, аттарының тұяғынан шаң да шығады. Кәрі аңшы екі рет оң жағына қадалып, Сарымсақты жаққа көз жіберіп, содан сырт айналып, арт жақтарында қалып бара жатқан Керегетастың да өзіне мәлім бөктері мен сайларын шолып өтті. Әлі айналада шаңыт па, тұман ба, әйтеуір көкшіл буалдыр бар. Шөбі сарғайған дала жоталар да, жым-жырт болған биік серек тастақ та бадырайып көрінгенмен, бірыңғай көкшіл қоңырқай тартып тұр.

(М.Әуезов)

2. Қараңғы түнде тау қалғып

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.

Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр етсең азырақ.
(Абай)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Табиғат суретін беретін шығармаларға ортақтық пен айырмашылықтарды тілдік тәсілдердің қолдану сипатына қарай талдап көрсетіңіздер.

2. Алғашқы үзіндідегі табиғат суреттерін берудегі нақтылық бар. Екіншіде көркемдеу, бейнелеу басым. Соған қарамастан табиғаттың бар суреті қаз-қалпында берілген. Авторлардың сөз қолданысын, көркемдеу тәсілдерін мәтін стилі, шығарма жанры тұрғысынан анықтаңыздар.

90-жаттығу. Омонимдердің екінші мағынасын табыңыздар.

1 Жылқышы 1)

Жылқышы 2) зат есім, сулы, батпақты жерде болатын, тұмсығы ұзын және төмен қарай кілген сұрғылт түсті құс.

2. Жылымшы 1) Сын есім, жылылау жылырақ.

Жылымшы 2)

3. Жыр 1) зат есім, ұйқаспен жазылған ән қосып айтуға ыңғайлы ұзақ өлең.

Жыр 2)

4. Зерен 1) зат есім, ағаштан жасалған, қымыз құятын сәнді, оюлы немесе өрнекті ыдыс.

Зерен 2)

5. Илеу 1)

Илеу 2) зат есім, құмырсқаның ұясы.

6. **Кедергі** 1) зат есім, бөгет, тосқауыл.
Кедергі 2)
7. **Қайырма** 1) зат есім, киімнің кері қайырылған, қайтарылып тігілген жері.
Қайырма 2)
Қайырма 3) зат есім, мылтықтың шаппасы орналасқан, жылжымалы бөлігі.
8. **Қар** 1)
Қар 2) зат есім, қолдың білек пен иық аралығы.
9. **Өзек** 1)
Өзек 2) зат есім, есімдік сабағының ортасындағы жұмсақтау бөлік.
Өзек 3) зат есім, жұтқыншақтан асқазанға дейінгі ас өтетін жол, өңеш.
10. **Өлен** 1) зат есім, ылғалды жерде бітік болып өсетін, көп жылдық шөп.
Өлен 2)

91-жаттығу. Әр бағанды толтырып жазыңыздар.

Антоним	Синоним	Омоним
Қорғау – құрту, жою	табиғат – жаратылыс	әлем
лас –	адамзат –	бас –
байланыс –	дағдарыс –	түрлі-түсті
дұрыс –	дүние –	өңір –
болашақ –	қорғау –	өзек –
азаю –	борыш –	оң –

92-жаттығу.

Минералды заттар ағзаның барлық **тканьдарының** құрамына еніп, оның тіршілік қызметінің үдерісінде ұдайы жұмсалып от-

ырады. **Минерал** заттарының негізі (олардың біразы ауыз суында болады) тамақ құрамында **минералды** тұздар түрінде болады. Адам тәулігіне минералды тұздарды әртүрлі қажетсінеді. Егер де кісіге **натрий, калий, фосфор** және **кальций** тұздарынан тәулігіне **граммен** есептелетін мөлшер, **йод** жөніндегі қажетсінуі **милли** және **микрограммен** есептеледі. Адам көп қажет етпейтін **химиялық элементтер микроэлементтер** деп аталады.

Қазіргі заманғы ғылымның мәліметі бойынша 30 микроэлемент тіршілікке қажетті деп саналады. Олар **организмге** әр түрлі **биологиялық** қосындылардың, оның ішінде **фермент, гормон, витаминдер** құрамына еніп, ағза тіршілігіне. Ағзада керекті **минералды** тұздар әдетте, әртүрлі тамақтың болуымен толық қамтамасыз етіледі («Шаңырақ» энциклопедиясынан).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіндегі басқа тілден енген сөздерді тауып, қай тілдерге қатысты екенін көрсетіңіздер.
2. Қазақ тіліндегі айтылуында өзгешелік бар ма?

93-жаттығу.

Адам екі түрлі

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,
Жемісінен дүниежүзі **баһра** алады.
Бір адам бар терек ағашы сықылды,
Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды.
Бісімілла – сөздің басы, **хақтың** аты,
Молланың ақ қағазда қалар хаты.
Нақылият, қара сөзден өлең қылып,
Шығарған ақын Мәшһүр **хикаяты**.
Жақсылық, қайыр, **ихсан** қылған ісі,
Адамның қымбат **баһа** сол жұмысы.

Табылмас көзге тотия, ем дәрідей,
Қолынан әр жақсылық келген кісі.
Қайырсыз болсаң **бәхил**, болдың Терек,
Басқаға бір отыннан қылмас керек.
Жақсыдан жақсының да парқы бөлек,
Даналар біледі ойлап, ақыл зерек.
Құдайым пендесіне берген малды,
Жаратқан әр түрлі қып жүрген жанды.
Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан,
Қайыр ғып берген артық жалғыз нанды.
(М.-Ж. Көпейұлы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлең не туралы?
2. Ақын адам мінезін қандай жеміс ағаштарына теңейді?
3. Баһра, хақ, нақылият, хикаят, ихсан, баһа, тотия, бәхил қазіргі қазақ тілінде сирек кездесетін, басқа тілден енген сөздер екенін есте сақтаңыздар.
4. Осы сөздердің мағынасын сөздікті пайдалана отырып анықтаңыздар.

94-жаттығу.

Сәукеле – әйелдің бас киімі, оны ұзатылған қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылар киген. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақ бау және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус тәрізді болып келеді. Оның асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектейді, биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Сәукелені өлшеп пішіп алып, ішіне астар, сырт жағына бидай шүберек ұстап жиі етіп сыриды. Одан соң оның сыртын қамқа, дүрия, торғын сияқты асыл матамен тыстайды. Сәукелені әшекейлеу үшін оның тысының сыртынан зер жіптен тоқылған оқаларды белдеулеп басады. Оның етегін мақпалмен не қара барқытпен әдіптеп көмкереді. Ал маңдай тұсына зер не жібек шашақтың шоқтарын тағады. Шашақтың сәукелеге жалғасқан

тұсын асыл тастан көз орнатқан алтын, күміс түйреуіштермен бекітеді. Сәукеленің ең сыртынан шашақты, әшекейлі жібек матамен төгілтіп жауып қояды. Ол көйлектің етегі сияқты жерге сүйретіліп жүреді. Сәукелеге ұзын құлақ бау тағады. Оны шеті шыр айналдыра зер не жібек жіппен шалып көмкеріледі, түбіне сәнді түйреуіш түйреледі.

Қазіргі кезде де кейбір жерлерде қалыңдықтың басына сәукеле кигізіп, ақ желек жабатындар де кездеседі.

(«Шаңырақ» энциклопедиясы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәж деген не? Оның пайдаланушыларға қарай мағыналық реңктері қалай өзгереді?

2. **Құлақ бау, меруерт, маржан, әшекейлеу, сүйем, бидай, шүберек, зер жіп, оқа** сияқты сөздерінің, сөз тіркестерінің мағынасын айтыңыздар

3. Қазақтың ұлттық киімдері тігілетін мата аттарын дәптерлеріңізге жазып, қатарын толықтырыңыздар: **пүліш, масаты, жібек, шағи, қамқа, дүрия, мақпал, торғын, шыт, бөз** т.б.

4. Мына сөздердің құрамына назар аударыңыздар: **тәж, лаж, баж, мыж-мыж, құж-құж**. Қандай ерекшелік байқадыңдар. Сөздердің мағынасын анықтап, сөйлем құраңыздар.

95-жаттығу. Ғ. Мүсіреповтің «Әдебиет, тіл жайында» мақаласынан алынған сөздерді оқыңыздар. Қазір көп қолданылмайтын сөздерді көшіріп, сөйлеуде қолданыңыздар (Ғ. Мүсірепов «Әдебиет, тіл жайында» «Ана тілі», 2002 жыл, 24 қаңтар). Сөздерді, беретін мағыналарын оқып, қазіргі тілде қайсысы қолданыста бар екенін анықтаңыздар.

Мезе – көздің қиығы.

Жанақ – беттің томпағы.

Мілік – тістің еті.

Өң – маңдайдан иекке дейінгі қарсы алдың – бетің.

Еңсе – желке мен жауырын арасы.

Деңгей – қол жатқан (әскер) жердің белгісі.

Сөз байытудағы қосымшалар орны

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тілдер қатарына жатады. Тіліміздегі сөз жасаудың ең өнімді тәсілі қосымшалар арқылы жүзеге асады. Қоғамның ғылым мен техниканың дамыған кезінде тілімізге еніп жатқан көптеген ұғымдар мен атауларға қазақ тілінен балама табуда сөз тудырушы қосымшалардың атқаратын қызметі ерекше. Қазіргі қазақ тілінде көптеген қосымшалар тілде жаңа сөз жасайтын қызметті атқарады. Мысалы: -шы, -ші, -лық, -лік, -лы, -лі қосымшалары қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамынан ғана табылып қоймай, орыс тілінен енген сөздерге де жалғанып, жаңа сөз жасай алады. Мысалы: футболшы, аграрлық, инженерлік, техникалы т.б. Қосымшалардың сөзге жалғануының, жаңа сөз жасауының өзіндік заңдылықтары бар. Кез келген сөзге зат есім тудыратын қосымшалар жалғаса бермейді немесе басқа сөз таптарына тиісті жұрнақ жалғап жаңа сөз жасай алмаймыз. Тіл мәдениетінде ескеретін нәрсе қосымшалардың да атқаратын қызметін ескерумен бірге өзі жалғанған сөзге үстемелейтін лексикалық мағынасының бар екендігі ұмытылмау қажет. Қосымшалар өзі жалғанған сөздерге жаңа мағына үстейді немесе бүтіндей мағынаны өзгертеді. Жұрнақ арқылы жасалған жаңа сөз әдеби тілдің нормасына айнала беруі де шарт емес. Бірқатар сөздер әлеуметтік-тұрмыстық қолданыста жұмсалса, келесі бір сөздер термин ретінде айналысқа түседі. Қосымшалардың сөз жасаудағы қызметі тілдік талғам, күнделікті қолданыстағы қажеттілік, жұмсалудың жиілігі, лингвистикалық заңдылықтар, ұлттық танымның шеңберінде жұмсалуды керек.

96-жаттығу. Төмендегі сөздерді кестеге толтырыңыздар.

Күнбағыс, тас жол, балмұздақ, он тоғыз, ТМД, БҰҰ, ақсұр, ата-ана, тасбақа, кемпірауыз, жиырма, бала-шаға, жеміс, алма, Көкшетау, Қызылорда, әкел, әпер, түрегел, сөйт, бұйт, бүгін, сәйгүлік, ААҚ, ЖШС, қаламұш, қарлығаш, кәсіпорын, өндіріс, аққала, құмырсқа, сарт-сұрт, әке-шеше, БЭК, ҰБТ, қыз-келіншек, ата, бала, құрт-құмырсқа, ауыл шаруашылығы, қара ала, сары май, бағдаршам.

Сөздер дара	Күрделі сөздер				
	біріккен	кіріккен	қос	тіркес	қысқарған
жеміс	балмұздақ	сөйт	ата-ана	тас жол	ТМД

97-жаттығу. Сөздерге жұрнақ жалғап туынды етістік жасаңыздар.

Өңгіме, сыр, адал, кеш, қысқа, түн, тіс, шеге, тең, бір, мол, көп, бөс, ойын, ара, көр, аз, жаса, ой, аман, таза.

98-жаттығу. Тиісті жұрнақ жалғап, туынды сын есім жасаңыздар.

Сез, байқа, тап, жүз, біл, сен, әсер, тек, тау, талап, әдеп, ажар, аймақ, сүт, математика, республика, қала, дәм, күш, жаңбыр, қар, бұлт, бала, мұрт, көл, компьютер, инженер, өндіріс.

99-жаттығу.

1. Өнер алды – қызыл тіл.
2. Сөз тапқанға **қолқа** жоқ.
3. Шебердің қолы **ортақ**.
Шешеннің тілі ортақ.
4. Сөз бас жарады, бас жармаса, тас жарады.
5. Басқа **пәле** тілден.
6. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
7. Көз жетпеген жерге сөз жетеді.
8. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
9. Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.
10. **Сөз атасы** – құлақ, **жол атасы** – тұяқ, **су атасы** – бұлақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Берілген мақал-мәтелдерден септік жалғауларды көрсетіп, қай септік екенін анықтаңыздар. Септік жалғауларының сөз мағынасын ауыстыру қызметіне назар аударыңыздар.

2. Ана тілі, тіл өнері жайындағы мақал-мәтелдердің мағынасын ашып айтыңыздар.

3. Қарамен жазылған сөздердің, сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын беріңіздер.

Тапсырмаларды орындаудың үлгілері

Тапқанға – барыс септік жалғауы.

Сөз өнері – барлық өнердің бастауы, негізі.

Қолқа – тілек, сұрау, сұрақ мағынасында

100-жаттығу.

Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сандығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ шаңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде Аққасқа өте қабаған, сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді.

... Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді.

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Аққасқаны суреттеңіздер.

2. Туынды сын есімдерді теріп жазыңыздар. Оларды құрамына қарай талдаңыздар.

101-жаттығу. Төмендегі жұрнақтармен жаңа сөз жасаңыздар

1. -ма, -ме, -ба, -бе, па, -пе:

2. -қын, -кін, -ғын, -гін:

3. -ынды, -інді, -нды, -нді:
4. -ын, -ін, -н:
5. -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек:
6. -ақ, -ек, -қ, -к, - ық, -ік:
7. -қы, -кі, -ғы, -гі:
8. -у:
9. -ым, -ім, -м:
10. -ыс, -іс, -с:
11. -қыш, - кіш, -ғыш, -гіш:
12. -ыш, -іш:

Сөз байлығы

102-жаттығу. Көп нүктенің орына қажетті сөздерді тауып қойыңыздар.

- | | |
|---|---|
| <p>1. Сабырлы сақтанып ...
Сабырсыз мақтанып,
Сапырыстырып ақтарып...</p> | <p>4. Орақты ора ...
Қалыңды кесерсің.
Сөзіңді сөйлей ...
Жолыңды кесерсің.</p> |
| <p>2. Жол жайын ...
...
Сөзді асығып сөйлеме ...
Білгеннен ...</p> | <p>5. Тамақты асығып ішпе ...
Жүргеннен ...
Сөз жайын ...</p> |
| <p>3. Қалың ұста ...
Сөзің қысқа ...
Ойланып ал, ...</p> | <p>6. Аз сөз ...
Көп сөз.
7. Аңғал сөйлеп ...</p> |

Сөз әдебі

Сұхбаттасуда немесе әңгімелесу кезінде де біздің мәдениетіміз бен тәрбиеміз де байқалады. Әңгімелесушілердің ізетпен, бір-біріне

құрметпен, көңілге келер сөздерді ауызға алмай, тәрбие шеңберінен шықпай сөйлесуі әдептіліктің белгісі болса, тыңдаушының сөзді бөлмей, ынта қойып аяғына дейін тыңдай білуі де – мәдениеттілік. Адамдардың бір-бірімен араласатын күнделікті тұрмысында түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Бірі үлкен қуанышпен ішкі сезімін жасыра алмай бұл-бұл жанады. Бірінің көңілі түсіп, жан дүниесі алай-дүлей күй кешеді. Осындай сезімдерді ашатын тілде сөздер мен сөз тіркестері көп. Мысалы: «құтты болсын», «ұзағынан сүйіндірсін», «жолы болсын», «ештеңе етпес», «бір реніштің бір қуанышы бар», «ұзағынан жазсын» т.б. тіркестер түрлі жағдайларға байланысты айтылады. Осындай сөздер бір-бірімізді дұрыс түсінісуімізге, сыйласуымызға ықпал етеді. Ұлттық тілімізде жасы үлкен адамдарды атымен атамай, аға, апай, әпке, ата, әже деу, қатарластарды құрдас, құрбы, замандас, жолдас деу де – ізеттілік. Маратты – Мәке, Саматты – Сәке, Қанатты – Кәке деп құрметтеу де салт-дәстүріміздің де бағалы тұсы.

Мереке, мейрам, қуанышты күнмен құттықтай білу де – ізеттілік. Құттықтау тілінің өзіне тән сөз орамдары мен сөз тіркестері бар. Құттықтау тілінде мақтау, мадақтау, көңіл көтеру (комплимент) сөздері қолданылады.

Мақтау – айтушының тура қарап, шын ниеттен айтқаны дауыс мәнерінен де байқалып тұрса, таза көңілмен шыққаны сенімді болады. Көңіл көтеру лебізі (комплимент) – әңгімелесушінің мінезіне, адам қарым-қатынас мәнеріне, сыртқы түріне, біліміне адал шынайы ықыласпен берілген баға. Сөз әдебі, адамдық мәдениетті сақтау дегеніміз – орнымен сөйлеп, орнықты жауап беру. Сөйлеуде, жазуда жаргон, дисфемизм, былапыт сөздерді есту кімге болсын, жеңіл тимесі анық. Ендеше оларды қолданыстан мүлдем шығарып тастаған жөн. Сөйлеу мен жазуда ойды жеткізуге сыпайы сөздерді таңдап алып, жұмсақ сөйлеген адам жеңетіні белгілі. Келісімге келуге тырысу керек, егер әңгімелесуші тарапынан ондай ниет байқалмаса, әңгіме тақырыбын өзгертуге болады. Әңгіме, сұхбат ауаны, тақырыбы өзгермеген жағдайда да, әркім өз пікірінде қалып, әңгімелесушімен достық қатынасты сақтаған дұрыс.

102-жаттығу. Үшінші бөліктің қарсы жағына бірнеше нұсқа жазыңдар.

Әңгімелесушінің көзқарасын, ойын білу	асықпай тыңдау
Дәлелін басқалармен салыстыру	жете зерттеу
Шешім табу	талдау, талқылау
Өз шешімін айту	қолдау не қарсылығын білдіру

103-жаттығу. Кестені толтырыңыздар. Өз ойларыңыздың сөз әдебі нормаларын сақтауына ден қойыңыздар.

1. Әдептілік пен тәрбиені тек кітаптан ғана алуға болады.	1. Әрине, кітап, әдебиет әдептілік пен тәрбиеге үйретеді. Дегенмен, бұнымен шектеуге болмайды. Тәрбие басы – отбасы, туыс-туғандар, араласқан көрші, таныс, жолдас, достардың да ықпалы болатынын естен шығармаған жөн.
2. пәнінде бізге қажетті жоқ заң, ереже тіпті де көп.	2.
3.	3. Көп тіл білген дұрыс. Бір тіл білген кісі – бір, екі тіл білсең, екі адамға теңсің деген сөз бар ғой. Қазіргі қоғам бізден жан-жақты білімді болуды талап етеді. Десек те, ең бірінші өз ана тіліңді жетік білмей тұрып, басқаға қол созу артық. Ана тіліндегі бар байлықты игере алмасаң, өзге тілді терең білуге ұмтылу бос әурешілік...
3. Қазіргі кезде соңғы сәнмен киінген адам ғана өз ортасын таба алады.	

4.	4. Дұрыс айтасың, Нұржанның бойында өзін айтқандай өрескел мінездер бар. Бірақ, оның көп білетіндігі мен ақ көңілділігін де ескеру керек. Біз жамансың деп араласпай қойғанмен, оған жақсы-жаманын айтатын жолдастар керек екенін де ұмытпайық.
5.	

104-жаттығу.

- Үйірмеде жақсы баяндама жасаған достарыңызға;
- Кешкі асқа дәмді тамақ пісірген әже, ана, әпкелеріңізге;
- әдемі киім сатып алған іні, қарындас сіңлілеріңізге;
- табиғаттың бір сәтін тамаша сурет етіп салған жолдастарыңызға;
- байқаудан I орын алған топтастарыңызға көңіл көтеру лебізін (комплимент) айтыңыздар.

105-жаттығу.

Құттықтау сөз көбіне-көп үлкен дастарқан басында айтылады. Дастарқан басында айтылатын жақсы сөздің де өз ереже, шарттары бар. Жиналған қауым тамақ ішу үшін емес қуанышты шын ниеттен қабылдап, игі тілекпен келеді. Бұл жерде әркім өзін мазалаған ойын, жеке шеше алмай жүрген ісін немесе біреулерге деген өкпеленішін айтпайды. Жақсылыққа келген жұрт барлығына ортақ қуанышты, көңілді кезді еске алады. Ұнатпаған, бұрыннан ренішті адамдармен жолыға қалса, ішкі сырын сыртқа шығаруға, не болмаса ұнатпағанын білдіріп сөйлеу мәдениетсіздік болады. Бұрын көрмеген адамдармен танысып, ортақ тақырып тауып әңгімелесуге тырысқан жөн.

Төмендегі жағдайлардың әрқайсысына бірнеше сөйлем құраңыздар.

- | | |
|---------------------|---|
| 1. Туған күн | Баласы – әкесіне
Сыныптас – сыныптас жолдасына
Ағасы – інісіне |
| 2. Марапаттау | Спортшы – жаттықтыруға
Ғылыми жетекшісі – шәкіртіне
Оқушы – ұстазына |
| 3. Тіл ашар тойы | Достары – ата-анасына
Туысқандары – балаға, атасына |
| 4. Мерейтой | Қонақтар – мерейтой иесіне
Мерейтой иесі – қонақтарға |
| 5. Мекеменің ашылуы | Директор – қызметкерлерге
Басқа бір мекеме өкілі – директорға,
мекеме қызметкерлеріне |

106-жаттығу.

Абай әкесінің бұнымен сөйлесер сөзі жоқ екенін білгендіктен, күн бойы үнсіз отырды. Сөз қозғалса, ол тек Құнанбай мен Қаратай арасында. Меккеден алғаш келген күндерінде Құнанбайдан Қаратай көп нәрселер сұраған еді. Ондағы Құнанбайдың айтқаны барыс-қайтыс жол жайы болатын. Өзі тілесе кімді болса да сөйлете білетін орамды, епті Қаратай, Құнанбайды қазір де сөйлете бастады. Дәл осы халге орынды болған, діндәр адамдар әрқашан ықыласпен айтуға парыз саналатын бір жайларды сұрайды. Онысы Мәдине мен Мекедегі Құнанбай хажы зиярат қылған әруақтардың қабырлары туралы болатын. Құнанбай қолына тәсбихын алып, соны тарта отырып, «Мәдинеде кімдер қабыры бар?» дегенге жауап айтты.

– Мәдинеде Рәсулалланың, хазреті Әбубәкір, Ғұмардың және хазреті Фатиманың жатқан жайларын зиярат қылдым! Кейін тағы бір күндерде – хазреті Ғаббас, хазреті Хәмзә, хазреті Ғұсман қабырларын зиярат қылдым! – деді.

Қаратай ынталы, діндәр мұсылман жүзіне еніп:

– Ол жерде бұл аталған әруақтардан басқа, сахабалардан жан бар ма екен? – деді.

Құнанбай бұл сөзіне не ынталы бейілмен жауап қатты:

– Сағды бин Уақас, Ғабдырахман бин Ғауф және хәзіреті Ғайша да сонда жай тапқан екен. Бұларды пайғамбарымыздың дос жарандарының жайлары дейді, – дегенде, Ғабитхан молда, құраннан бетін бұрмай отырып:

– Ғашраи – мұбашшара десе لازم! – деді де, құранын аудар берді.

Құнанбай, молдаға тағзым еткендей бас иіп: «дұрыс айтасыз, молда, мен өзіміздің тілімізде айтып жатырмын», – деді.

Абайлар аттанар кезде Қаратай тысқа шығып кеткен-ді. Құнанбай күн ұзынғы мәжілісінің артын қорытқандай боп, Ұлжанға қарап:

– Оқымаған қазақта Қаратай көкірегіндей жүйрік көкірек аз-ау. Сұрап отырса да, сол мен көрген көп жайды өз көзімен көргендей, көкейіне қондырған! – деді.

Ұлжан Қаратайдың сөз бастап, бүгін қажыға көп жайларды айтқызғанына іштей алғыс айтып отырған. Қазір ерінің сөзін қостады.

– Тілеуің бергір жүйріктігінің пайдасын жаңа көрдім. Сіздің бізге көп шешіліп айтпайтын әңгімелеріңізді айтқызды. Соншаны көріп, біліп келіп, ішке тығып тастағандай едіңіз. Қоймадағы теңдей, көңілде жүргеніңізді айтқызып, сізді де жадыратты ғой! – деді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіннен ұлттық әдептің қандай үлгілерін байқадыңыздар.
2. Басқамен сөйлескісі келмеген Құнанбай қажыны Қаратай әңгімеге қалай тартты?
3. Қаратайға мінездеме беріңіздер.
4. Отырған жұрттың барлығына бірдей жаққан сөздің артықшылығы неде?
5. «Жүйрік көңіл», «сөйлесер сөз жоқ», «көкейге қондыру» тіркестерінің сөз мәдениетіне, сөз әдебіне, тыңдаушы мен айтушы арасындағы түсіністікті жасаудағы орнына қарай талдау жасаңыздар.

Тіл тазалығы

Сөз мәдениеті, жазу, сөйлеу әдебі, ерекшеліктері дегенде назарға алынатын тұс – тілдің тазалығы. Жазу мен сөйлеуде әдеби тіл нормасына жатпайтын, тіл көркемдігін бұзатын артық-ауыс сөздерді қолданбау қажеттігін барлығымыз білеміз.

Әдеби тіл – өңделген, сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілердің барлығына түсінікті тіл. Ендеше белгілі бір тілде таза жазу, сөйлеу дегеніміз ойға қажетті сөзді таңдауда оның қолданыс сипатына, сөйлеуші халық тіліне алыс-жақындығына қарай аламыз. Тілдің қызметі халықтың қоғамдық-өндіріс, қоғамдық-саяси, сондай-ақ рухани байлығын көрсете, аша алуында.

Тіл тазалығы айтар сөзге, ашар ойымызға пайдасы шамалы, қажеті мәнсіз орны белгісіз сөздермен әуестенбеуді талап етеді. Басқа тілден енген сөздерді мүлде сөздік қордан да шығарып тастай алмаймыз. Десек те, оны қолданудың орнын, ретін тапқан жөн. әрине, көркем әдебиетте белгілі бір ортаның ерекшелігін ашу үшін қаламгер басқа тілден енген сөздерді, диалектілер мен варваризмдерді пайдаланады. Бірақ, бұның өзі шығарма шырайын ашса ғана мақсаттың өтелгені.

Көпшілік алдында неғұрлым әдеби тілде жинақы, ретті сөйлеу қажет болса, жазуда да әдеби тіл нормасына жатпайтын (диалект, варваризм, булгаризм, дисфемизм, былапыт сөздер т.б.) сөздерді жөнсіз қолданудан аулақ болған жөн.

Тіл тазалығы, тілдік нормадан ауытқымау дегеніміз – тілді бір ізбен қолдану емес, көркемдік тәсілдердің орнын тауып, қисынын келтіріп сөйлеу немесе жазу. Сөз қайталау, сөйлем құрылымын ретсіз қою, жекелеген сөздердің мағынасына терең талдау жасамай қолдана салу немесе орынсыз бір-бірімен тіркестіру тіл тазалығын бұзады. Сөйлемдегі сөздердің мағынасы анық, әрі өз орнына қойылуын, сөйлем ішіндегі сөздермен лексика-грамматикалық, стильдік жоғынан сәйкес келіп, ойды ашуға қызмет етуін назарға ұстау керек.

Сөздердің бір-бірімен тіркесу мүмкіндігін ескеру – тіл тазалығын сақтаудың шарты. Тілдегі синонимдер мағынасы жуық,

бір сөз табына қатысты, түрлену сипаттары да ортақ болып келеді. Бірақ, олар бірін-бірі үнемі ауыстыра бермейді. Мысалы, әдемі ойыншық әдемі сөз дегенде әдемі сын есімі ойыншық, сөз есімдерімен тіркескенімен әдемі жылқы, әдемі тіл деу сөзді бұзады. Сол сияқты қаламы жүйрік дегенімізбен қарындашы жүйрік деп айта алмаймыз.

Сөз, тіл тазалығы – әр сөздің қолданылу аясын, стильдік реңін, бояуын, басқа сөздермен тіркесу қабілетін, мағына-мәнін қызметін ескеру.

– Лексикалық норма: сөздің мағынасын: тура және ауыспалы мағына жасау мүмкіншілігін;

– морфологиялық норма: сөзге қосымша жалғау ретін, сөзден жаңа жасау ерекшелігін;

– синтаксистік норма: сөз тіркесу, сөйлем мүшелері орнын, инверсиялық өзгешелікті назарда ұстау – сауатты да білімді, мәдениетті адамның ісі.

107-жаттығу. Сөз тіркестері мен сөйлемдерден тіл тазалығына нұсқан келтірер орындарды табыңыздар.

1. – Кімге сенеміз, ата? Қарсылап жатуан кім бар бізді? (М. Сүндетов). 2. Бұл жерде үсініп өлемін деп қорықпайсың, ә? – дейді (Қ. Сегізбаев). 3. Бұл сабап жатса, астындағысы таңқылдап күліп жатыр (С. Оразбек). 4. Кішкентайымыздың екі күннен бері мазасы кетіп шікірттеніп қалғаны да, оны бағып-қоғамын деп Күләйханның жөнді ұйқы көрмегені де – бәрі рас. (Б. Нұржекеев). 5. Бәлкім, бірер сағаттан соң байырғы өміріне, жазсыз жүрген жалғызбасты жас әйелдердің күйігі де, күйбені де мол **мігірсіз** тірлігіне қайта аралатынын есіне алған шығар. 6. Бір есептен: тым болмаса сыпайлық үшін «ал, біздікіне жүр! Үйді көріп кетерсің» демес пе екен деген әлі бір жымысқы ойы да (айырылысар сәт жақындаған сайын) ашық тілекке айналып, жанын тызықтырып жіберді (Қ. Мұхаметқалиев).


Жазба тіл	Баспасөз тілінің мәдениеті	Сөйлеу тілінің мәдениеті

108-жаттығу. Сөйлемдердегі қатені тауып, түзетіп жазыңыздар.

1. Қолма-қол есіне алды. 2. Көмектесу үшін не қажеттің бәрін істейміз. 3. Өзінді әрқашан қолға ұста. 4. Тырнақтап есіне әрең түсірді. 5. Үміттен бас тартпаймыз. 6. Жеңіліс тапты. 7. Қозқарасын кеңейтті. 8. Күтінген ел. 9. Жиылыс одан әрі өткізілуде. 10. Салалы аяқтарына қарады.

109-жаттығу. Төмендегі сөздермен бірнеше сөз тіркестерін жасалыңыздар.

Ауыл, мектеп, кітап, қалам, шешен, көйлек, қайрат, күш, көз.



110-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыздар. Аудармада қандай өзгешелік байқадыңыздар?

1. Свежий (-ое; ая) хлеб, мясо, газета, воздух.
2. Искренний (-ое; -ая) душа, оценка, человек.
3. Исполнительный (-ое; -ая) орган, мальчик, работа.
4. Плотный (-ое; -ая) газ, бумага, человек, обед.
5. Разбитый (-ое; -ая) довод, книга, сад, надежда, голова.

111-жаттығу. Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар. Қажетті жерде пайдалана алуға үйреніңіздер.

- | | |
|---|--|
| 1. Көп сөйлеген білімді емес,
Дөп сөйлеген білімді. | 7. Шешеннің сөзі – мерген,
Шебердің қолы – мерген. |
| 2. Көлді жел қозғайды,
Ойды сөз қозғайды. | 8. Көп сөйлеген көптен
айырылар. |
| 3. Аз сөйлеп, көп тыңда. | 9. Кесірлі ауыздан,
Кесапатты сөз шығар |
| 4. Білмесең – үндеме,
Білгенді күндеме. | 10. Сөз сағасы – бұлақ.
Сөз сағасы – құлақ. |
| 5. Ашуың келсе –
қолың тарт,
Айтпас жерде – тілің тарт. | 11. Ми ойлағанды
Тіл тындырады. |
| 6. Адам көңілінен азады,
Тілінен жазады. | 12. Мақал – сөздің атасы,
Уәде – ердің опасы. |

112-жаттығу.

Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуға тиісті. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа тенеулер, жана бейнелеулер арқылы тілге бай, тілге шебер деп аталады. Әсіресе, дауысты дыбыстар мен дауысты буындарды кескілеу сөздің тұрпатын бұзумен бірге сөйлемнің ішкі ырғағын да бұзады. Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып сүрініп кетсе, қалай көрер едік? Сөйлемнің ырғағын бұзу да соған ұқсайды.

Тіліміздің қорында бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Ісләм Жарылғаповтың (көрермен, оқырман, аялдама) деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауиннің «ірінді суы» да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді.

Бізде қақа аталатын, шалшық су, жайдақ су деп аталатын сулардың бәрін де ірінді су деген дұрыс көрінеді.

Біраздан бері жалпы мағынасындағы искусство дегенді өнер деп атап келеміз. Ана тілімізде сақина-білезік соғуды да өнер дейміз. Арба-шана істеуді де, үй жонуды, етік тігуді де өнер дейміз. Туындысы – өнерші. Дұрысында искусствоны басқа өнерлерден айырып – көркем өнер деуіміз керек. Оның ішіне сурет, музыка, сахна, экран, би өнерлері ғана кіретін болсын. Көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзінің асыл тегін көрсетіп тұратын атауы болғанды дұрыс.

(Ғ.Мүсірепов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.
2. Жазушының көркем әдебиет тіліне қояр талаптары қандай? Атаңыздар.
3. Бүгінгі күн талабымен, қолданысы тұрғысынан өз пікірлеріңізді жинақтаңыздар.
4. «Жаһандану және ұлт тілінің өзгерістері» тақырыбында баяндама жоспарын жазыңыздар.

113-жаттығу. Төменде берілген тақырыптар бойынша эссе, мақала, шығарма әзірлеңіздер.

1. «Ұлттық сөйлеу әдебі», «Мен оқыған шығарма» (эссе).
2. «Дәстүр – мәдениет өзегі», «Жаңа технология және тілдік терминдер» (мақала).
3. «Мақал-мәтелдер халық қазынасы» (шығарма).

Қайталау

113-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

Тым сыпайы түрі	Бейтарап сыпайы түрі	Ауызекі сөйлеу тілінде
Үлгі: Кешіріңіз, аялдамаға қалай баруды айтпас па екенсіз?	Аялдамаға қалай баруды айтыңызшы?	Аялдама қайда?

Мазалағанымға кешірім өтінімімен, кітапхананың қай жерде екенін көрсетпейсіз бе?		
Мархабат етіңіз, маған тұмауға қарсы дәрі керек еді.		
Қарсы болмасаңыз, сізден өтінерім, мына шұжықтан 200 г. өлшеп беріңізші.		
Ғафу етіңіз, мені өткізіп жібермес пе екенсіз!		

114-жаттығу. Бала, көз, шаш, сөз, су сөздері қатысатын тұрақты тіркестерді жазыңыздар.

Үлгі: су-мойнына су кету, су жүрек...

115-жаттығу. Көрсетілген тұрақты тіркестердің синонимдерін тұрақты тіркестермен беріңіздер.

Қуанышы қойнына сыймау, қырғи қабақ болу, төбе шашы тік тұру, қас қаққанша, мойнына су кету, жүрегі тас төбесіне шығу, инемен құдық қазғандай, сөзі түйеден түскендей, ит арқасы қиянда, ат шаптырым, соқырға таяқ ұстатқандай.

Үлгі: қуанышы қойнына сыймау – төбесі көкке жету

116-жаттығу. Тұрақты тіркестердің антонимдерін тұрақты тіркеспен жазыңыздар.

Тайға таңба басқандай, біреудің ала жібін аттамау, жүрек жұтқан, таяқ тастам, көзі ашық, тонның ішкі бауындай.

Үлгі: тонның ішкі бауындай – айырылар.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы – бала деген.
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазақта қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

(Абай)

Уыс – қолдың саусақтарын жымдастыра бүккендегі алақан аясының іші;

махрұм – құр, бос;

басқа шауып, төске өрлеу – бағы, атағы, мансабы өсу;

дес бермеу – жол бермеу, теңдік бермеу;

медресе – діни оқу орны;

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Өлең оқу техникасы талаптары тұрғысынан талдау жасаңыздар.
 - 2.1. Ритмикалық топтарды бөлектеу.
 - 2.2. Бунақ екпіндерін жіктеу.
 - 2.3. Сөз екпіндерін көрсету.
 - 2.4. Акустика-артикуляциялық өзгерістерді анықтау.
 - 2.5. Логикалық екпінді айқындау.

118-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.

Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылды.
Теңдікті, малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік.
Ханның кірген ақ орда
Бұзуын ойлап кеңестік.
Аламанға жел бердік,

Қара қазақ баласын
Хан ұлына теңгердік.
Өздеріндей хандарды,
Қарны жуан билерді
Қабырғасын сөгілтіп,
Қабырғадан аққан қан
Ат бауырына төгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат артына өңгердік.
Аса жұртты меңгердік.

(Махамбет)

Аламан:

- 1) 100 шақырымға дейін шабатын бәйге;**
- 2) ұсақ кеміргіштер тобына жататын тышқан түрі;**
- 3) бүркіттің ақиығы;**
- 4) бұл жерде: көпшілік бұқара**
аса жұрт – көп жұрт, қалың ел
өңгеру – ердің алдыңғы жағына көлденең салу

119-жаттығу. Адам аттарының мағынасына назар аударыңыздар, көшіріп жазыңдар.

1. Абзал ар. (араб тілінде) – ардақты, құрметті.
2. Ахмет, ар. – мақтаулы.
3. Әбунасыр, ар. – абу – әке+насыр – 1) жәрдем беруші, көмекші.
4. Әди, ар. – басшы, жетекші.
5. Әли, - Ғали ар. – биік, аса зор.
6. Әлішер, Әли + шерар – арыстан.
7. Әмір, ар. – ізгі, құрметті.
8. Әзиза, ар. – ұлы, мәртебелі.

9. Әлия, ар. – құны, бағасы артық.
10. Жамал, ар. – сұлу, көрікті.
11. Ділда, ар. – алтын ақша.
12. Зағипа, ар. – дос, жолдас.
13. Жандос, ир. – жан біткеннің досы.
14. Зейнұр, ар. – нұр, көркем рең.

III бөлім. Іскерлік қарым-қатынас тілі

Бүгінгі қоғам білім мен қабілетті, мінез бен мәдениетті, еңбек пен ақылды орнымен қолдана алатын іскер маманды қажет етеді. Іскерлік қарым-қатынастың өзіне тән ерекшеліктері: қалыптасқан әдеттері мен қолданар сөз, сөз орамдары, тұрақты құжаттары бар. Өз ортасы талаптарына қарай мәдениетті игеру мен бірге сөз әдебін қолданудағы сауаттылық та – басты шарт. Сауаттылық іскерлік қатынастағы жазба тіл үшін де, ауызша сөйлеу тілі үшін де қажет.

Іскерлік қарым-қатынас тілі – белгілі бір мекеге, кәсіпорын, өндірісте қолданылатын қызметтік пікірлесу, келіссөз жүргізу, келісімшарт жасау, құжаттар алмасу іс қағаздарын жүргізу, ресми кеңес жиналыс, мәжілістер өткізуде қолданылатын тіл. Іскерлік тіл қажет ететін көркем әдебиет тілінен гөрі маманнан тиісті тіл даярлығын, жүйелі білімді, біліктілікті талап етеді. Қызмет ортасына қарай, кездесетін, пікірлесетін орнына байланысты сәлемдесу, жұмыс жайын таныстыру, жоспарын қысқаша баяндау, ұсыныстың мән-маңызын түсіндіруге әдеп пен мәдениет, іскерлік білім мен білік қажет.

Талқыға түсетін мәселе жөнінде жан-жақты хабардар болу, сол салаға қатысты терминдерді орнымен қолдану, сұраққа нақты, жүйелі жауап беру де іскерлік қарым-қатынастың талаптары. Көп сөзділік, пікірлесушінің көзқарасымен санаспай, жөнсіз бірбеткейлік көрсету, уәжді байламға тоқтауға дәрменсіздік келісімде тек қана кедергі болады.

Іс қағаздарын жүргізу, құжаттарға талдау, сараптама жасау, жұрт алдында белгілі бір мәселе төңірегінде терең мәнді ой айта білудің түрлі әдіс-тәсілдері, әдістері мен қыр-сыры бар.

Қоғамдағы басты міндеттердің бірі – құжат пен іс қағаздарын ана тілінде жазу. Ана тілімізде ресми іс қағаздарының қалыптасқан тілдік орамдары, тұрақты үлгілері бар. Тілдің тарихын зерттеушілер қазақ тілінде ресми іскерлік қарым-қатынас тілі ертеден бар екенін айтады. Оған мысал ретінде билер сөзін алуымызға да болады. Белгілі бір дауды шешерде қолданар өз лексикасы болды. Тіл көркемдігін билер сөзі жарқырата, жан-

дандыра түсті. Нақты мысал ретінде «Қазақ әдеби тілінің тарихы көздері» кітабынан мысал келтірген жөн: «Қазақтың көне әдеби тілінің негізгі көздерінің бірі – XVIII ғасырда жазылып, архивтерде сақталған қазақша іс қағаздары. Бұлардың тіл тарихы үшін айрықша құндылығы – сол кезеңнің мұрасына жататын өзге жазба нұсқалардың жоқтығы немесе тым аздығы. Ал сөз еткелі отырған документтердің көбі XVIII ғасырдың 30-жылдарында қазақ жерінің Россия қол астына өз еркімен қосылуымен байланысты жасалған еді. Атап айтқанда, олар – қазақ хандары мен сұлтандарының орыс әкімшілігіне әр түрлі мақсатта жолдаған хаттары». 1733 жылы Кіші, Орта жүз қазақтарын өз қол астына алуын сұрап патшаға жазған Әбілқайыр ханның өтініші бар. Онда ресми документтерге тән стиль сақталған. Патшаның барлық лауазымдарын санау, көп мадақтау жоқ, «ұлұғ бек мархаматлу импиратор падишаһ ағзам хазіретлеріне мағлұм қыламыз» деп, әрі қарай айтатын сөзіне кірісіп кетеді. Бұдан кейін «патша» сөзі кездескен жерде оған «рақымлы», «хұрметлу» деген эпитеттерді ғана қосады, көбіне оны да пайдаланбайды. Қорыта айтқанда, хат тексінде қазіргі әдеби тіл нормасынан ерекшеленетіндей көне формалар, араб және парсы сөздері тым сирек. Біздің есептеуімізше ондағы 180 сөздің (қайталауларын қоса есептегенде) 120-сы, яғни 67 пайызы – қазақтың төл сөздері, 20 (яғни, 36 сөз) пайызы – араб, парсы сөздері, қалған 13 пайызы орыс сөздері мен ономастикалық атаулар үлесіне тиеді. Хатта қазіргі қазақ тілінде жиі кездесетін рахым қылу, пайда табу, тәуба қылу, құл болу, көптен-көп дұғай сәлем, есен-аман сияқты тіркестер ұшырайды.

Сонымен қатар хат тілінде түркі жазба әдеби тілінің орфография мен грамматика заңдылықтарының дәстүрі молынан сақталған» («Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» Алматы, «Ғылым», 1989, 210-215 беттер).

Іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі

Іскерлік қарым-қатынастағы маңызды, тұстың бірі – ауызша ресми іскерлік тілінде әдеп пен мәдениет шеңберінен шықпай

сөйлеу білу. Бұның басты шарты өзің баяндағалы немесе кеңеске, келісімге, талқыға салар тақырып жайында кең білімнің болуы әрі осы мәселені алдын ала ой елегінен өткізіп, зерттеп алғаның жөн. Келесі бір көңілге тоқыр талдап, өз пікіріңді, ой түйіңді дайындап ортаға салуға әзірленген, жағдайда іс дұрыс шешімін табары сөзсіз.

Іскерлік қарым-қатынастағы ауызша жүргізілетін істердің ерекшелігі – ресмилігі мен қолма-қол шешім шығарып, сол мәжіліс, жиналыс, кеңесте істің нәтиже, қорытынды, түйінін анықтау қажеттігінде. Маманның шеберлігі, білім, білігі, әдеп, тәрбиесі анықталады.

Іскерлік қарым-қатынастағы тіл мәдениетінің ауызша түрі ақпарат алмасу, белгілі бір сала жұмысы бойынша талдау мен талқылау мәселерін қамтиды. Пікірлесуші, кездесушілердің жеке бас мәселесі, ішкі сезім көңілдегі әңгіме тақырыбынан тыс қалғаны дұрыс.

Ауызша сөйлеу тілі:

- баяндау, есеп беру, хабарлау, талқылау;
- істің жүру, өту барысы туралы ақпарат, мәліметтермен алмасу;
- жұмыстың нәтижелі, оңтайлы, ыңғайлы жолдарын табу;
- мәселеге қатысты тандап алынған ой-пікір шешімдерді іріктей білу.

Кеңес, жиналыс, мәжілістің міндеті белгіленіп, алдын ала кіріспе сөз әзірленсе, сондай-ақ қатысушыларға күн тәртібі мәселесі, өтетін уақыты туралы алдын ала хабарлап, жиналыс өтетін жерді әзірлеп, қажетті көрнекі, техникалық құралдармен жабдықтап, әр сөйлеуші сөзінің тезисі, баяндама, хабарлама мазмұны, шешімнің жобасы даярланған жағдайда жиналыс, мәжіліс, келісім жоспарланғандай өтері сөзсіз.

Іскерлік қарым-қатынастағы әңгіменің жүйелі болуы үшін:

- тақырыптың нақтылығы;
- ортақ тақырып – әңгімелесушілердің тақырып байланысты мәліметтері болуы;
- ортақ мақсат – міндетті белгілей білу,
- ортақ шешімге келе алу қажет.

Ауызша әңгімелесу, сөйлесу түрлерін іскерлік қарым-қатынас ыңғайына қарай:

1. Пікір алған әсер жаңалық туралы ой бөлісу.
2. Түрлі жағдайға, ой, көзқарасқа пікір білдіру.
3. Жиналыс, мәжілістен баяндама, жарыс сөз.
4. Жаңа іс, мәселеге байланысты келісім жасау деп жіктеуге болады.

120-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

кіммен?	Достары мен, жақсы таныстарымен	Жүз таныс жандармен	Жұмыс жайында әріптестерімен	Оқытушымен, ғылыми қызметкерлермен
қайда?		көшеде		
қандай мақсатпен?			алдағы жиналыс жайында	
қандай әңгіме?	достық			

121-жаттығу. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құраңыздар.

Келісімшарт, баспасөз қызметі, кеңес, қол қою парағы, ұсыныс, құжат, қызметтік нұсқау, келісімге келу, түрлі көзқарастар, негізгі міндеттерді бөлу, тапсырыс беру, міндеттеме қабылдау.

122-жаттығу. Көрсетілген жағдайларға қарай әңгіме құрастырыңыздар.

- 1) Драма театры директорына мектептегі драма үйірмесіне қатысты кеңесе алу.

2) «Іскерлік қарым-қатынастағы ресми тіл» тақырыбындағы ғылыми жобаның жоспары жайында оқытушымен ақылдасу.

3) «Біз сүйетін жырлар» атты өткен поэзиялық кеш жөнінде филология факультетінің студенттерімен кеш барысын талқылау.

4) Өзіңіз қалаған мамандығыңыз туралы жоғары осы сала қызметкерінен ақыл-кеңес алу.

5) Соңғы оқыған кітабыңыз жөнінде кітапханашы апаймен ой бөлісу.

Іскерлік қарым-қатынастағы жазба тіл үлгілері

Ресми тілде жиі қолданылатын құжаттардың қатарына анықтама, өтініш, түрлі ресми хаттар, бұйрық, мінездеме, өмірбаян, қолхат, сенімхат, хаттама, жарғы, келісімшарт, жеке іс парағы, қаулы түрлерін алуға болады.

Іс қағаздарының өзіндік тілдік жүйесі, белгі, құрылымы бар. Ал осы жүйе, белгі, құрылымның өзі әр іс қағазында түрлілігіне қарай бірінен-бірі бөлектенеді.

Хабарландыру

15. IX. 2014 жылдың университеттің спорт залында қазақша күрес секциясына іріктеу өтеді. Тілек білдірушілер қабылдау 15. 00 – 17. 00 аралығында жүреді .

123-жаттығу.

1. Әдебиет үйірмесінің отырысы;
- 2) Кітап көрмесі;
- 3) Өлкетану мұражайына саяхат;
- 4) Көркемөнерпаздар байқауы;
- 5) Журналистермен кездесу өтетіндігі жайында хабарландыру жазыңдар.

Есеп – белгілі бір уақыт аралығындағы мекеме ұйым, кәсіпорын, маманның атқарған жұмыстарына жүргізілген ресми тілде жазылған талдау.

Есептің төмендегі құрамын жазылуда назарда ұстау керек.

1. Есептің тақырыбы (есеп не жайында болуы қажет).
2. Мақсаты (жалпы шолу, ақпарат, негізгі жұмыс тәртібінің қойылуы).
3. Мақсаттың шешілу жолдары (қандай бағыттар таңдалып алынды, неге).
4. Жұмыстың жүру барысына талдау (қандай іс атқарылды, қандай істелінбеген істер бар, себептері)
5. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы (бағалау, шешім)
6. Келесі кезеңдегі атқарылу тиісті істер (міндеттемелер)
7. Есеп ресми тіл стилінде жазылады. Көркемдеуді, суреттеуді қажет етпейді.

Хаттама – жиналыс, мәжіліс, кеңестегі шешім, пікір, ой көзқарас, пікірлер сол қалпында түсетін құжат түрі.

Хаттамада сөз, хабарлама өзгеріссіз беріледі. Жиналыс, мәжіліс, кеңес хатшысы сөйлеушілердің сөзін ынта қойып тыңдап, хаттамаға ең бастысын, негізінен жазуы керек.

Хаттаманың құрылымы

1. Хаттама
2. Қатысушылар туралы мәлімет
3. Күн тәртібі
4. «Тыңдалды»
5. «Сөйлегендер»
6. «Қаулы етеді»
7. Төраға мен хатшының қолдары.

124-жаттығу. Хаттаманы аяқтандар.

№ 7 хаттама

Үйірме отырысы 27.04. 2014

Қатысқандар: 15 студент

Күн тәртібі

1. Баяндама. «Іскерлік тілдегі жаңа терминдер» (Баяндамашы – Асылжанова Әйгерім)
2. Ғылыми жобаға ұсынылған баяндамаларды талқылау.
3. Әртүрлі

Пікір – белгілі бір кітап, еңбекке берілген баға. Пікір жазушы кітап, еңбектің қажеттілігін, мән-маңызын, ерекшелігін ашып көрсетуі тиіс.

125-жаттығу. «Егемен Қазақстан» газеті мен «abai.kz» порталындағы өздеріңізге ұнаған шығармаға пікір жазыңыздар.

126-жаттығу.

Әр өмір саласындағы іс жүргізуші өз саласының сөз байлығын игеруі арқылы ғана кәсіби сөз саптау шеберлігін ширата алады. Мұның үстіне әлемдік құжаттармен жұмыс жасау технологиясы мен іс жүргізу құжаттары үлгілерін жақсы білмек керек.

Қандай тіл жетілу үстіндегі тіл болмақ? Ішкі құрылысындағы оң өзгеріс, сондай-ақ поэзия, фольклор саласында ғана дамыған тіл көсегені көгертеді деу қиын. Әлемдік әлеуметтік лингвистика қоғамдық қызметінің көлемі өскен, жаңа мазмұнды бейнеленген тілді жетілу жолындағы тіл деп сипаттайды. Қоғамдық қызметі өскен тілдің сөз байлығы өсіп, тіл стильдік тұрғыдан сараланып, мағыналық өзгерістерге түседі. Олай болса, мемлекеттік тіл өмірдің әр қилы салаларына тікелей қатысты болып келетін іс жүргізу саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Саланың арнау-

лы сөздері мен терминдері, кейбір құжатқа тән сөз саптау ерекшеліктері, мәтінді қысқарту мен аббревиатура, сандық ақпарат, орфографиялық ерекшеліктер т.с. тіліміздің дамуына өз әсерін тигізеді (Б. Хасанұлы «Мемлекеттік тілде іс жүргізудің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары» кітапта: Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999.)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Кәсіби сөз саптау шеберлігі» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Тілдің қоғамдық қызметінің өсуі туралы қандай ой айтылған?
3. «Тілдің – қоғамдық қызметі» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

127-жаттығу. Бірнеше анықтама мен мінездеме үлгісін дайындаңыздар.

№	Анықтама	Мінездеме
1	Кімге берілетіндігі	Аты-жөні, білімі, туған жылы
2	Қандай себеппен	Отбасылық, әлеуметтік жағдайы, азаматтығы туралы мәліметтер
3	Қандай мекеме берді	Қызмет істеген орындары, жылдары.
4	Мекеме басшысының қолы	Жеке мінез ерекшеліктері. Міндетін, тапсырылған жұмыстарды орындауы
5	Берілген мерзімі	Мінездеме қайда берілді
6	Мекеме басшысының қолы, мөр	Берілген жылы, айы, күні
7		Мекеме басшысының қолы, мөр

Жеке адамға қатысты іс қағаздар

Іс қағаздарын қалыптасқан үлгіде жүргізу, сауатты жаза білу талабы – жеке адам өміріне қатысты іс қағаздардың да шарты. Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздардың негізгілеріне:

1. Өмірбаян (аннотациялық парак);
2. Өтініш;
3. Жеке іс парағы;
4. Анықтама;
5. Мінездеме жатады.

Өтініш – ресми іс қағазы. Оған қойылатын талап нақтылық, дәлдік, ойды, тілекті ашып анықтап көрсету

128-жаттығу.

- 1) Жарыс өткізу үшін университеттің спорт залын сұрап;
- 2) қалалық ән байқауына қатысу үшін сабақтан босатуды сұрап өтініш үлгілерін жазыңдар.

Өмірбаян – адамның аты-жөні, туған жылы, отбасы жағдайы, білімі, қызметі ресми жазылатын құжат. Өмірбаян I жақтан жазылады

129-жаттығу. Өз өмірбаяндарыңызды жазыңыздар.

130-жаттығу. Қазақ халқына белгілі тұлғалардың (Абай, М.Әуезов, Қ. Сәтбаев, С.Мұқанов, т.б.) өмірбаяндарын жазыңыздар.

131-жаттығу. Түйіндемемен танысып, не үшін жазылатынын анықтаңыздар.

1) Ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болғыңыз келді, өзіңіз туралы түйіндеме жазуыңыз керек. Қалай жазар едіңіздер, қандай талап, шарттары бар (жұмыс орнының ерекшелігін ескеріңіздер).

132-жаттығу. Ресми іс-қағаздарының әр бөлігіне қандай мәтінде хат жазар едіңіздер.

1. Құттықтау хат;
2. Алғыс хат;
3. Келісім;
4. Қызметтік хат;
5. Өтініш.

133-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

№	Сөздер	Қазақ тілі	Орыс тілі	Моңғол және қазақ-моңғол тілдеріне ортақ сөздер	Араб тілі	Парсы тілі	Еуропа халықтар (грек, неміс, ағылшын, француз) тілдері
1	Кітап				+		
2	Бөлтірік	+					
3	блок						
4	Бұлбұл						
5	әбдіре						
6	мұғалім						
7	кездік						
8	сүт						
9	гарнизон						
10	тәкаппар						
11	ықылас						
12	арзан						
13	физиология						
14	ішік						
15	төл						

16	дүлдүл						
17	ак						
18	хан						
19	сөл						
20	арена						
21	қағаз						
22	тәуіп						
23	жорға						
24	әзәзіл						
25	тамаша						
26	астролог						
27	нақ						
28	ызғар						
29	тоқым						
30	ән						
31	тамаға						
32	гелий						
33	заман						
34	әмір						
35	холерик						

Хат – қазақ тілінде жазу, қағазға түскен сөз дегенді, екіншіден, біреуге немесе арнайы бір мекемеге хабар, ақпарат, сұраныс т.б. жіберу үшін жазылатын мәтін.

Баяндама – нақты бір тақырып бойынша жүргізілген зерттеу, талдау, жинақтау қорытындысы. Баяндаманың жан-жақты ашылуы үшін қажетті шарттардың қатарына:

- тақырып;
- мәлімет;
- талдау;
- қорытынды;
- ұсыныс кіреді.

134-жаттығу.

«Құрметті жолдас лейтенант!

Хатыңызға рақмет. Сіздің сұрақтарыңызға жауабым мынадай: «Волоколам тасжолы» кітабын талқылау стенограммаларының, оған берілген рецензиялардың, кітапқа байланысты келген хаттардың көшірмелерін Сізге жіберуге мүмкіндігім жоқ, оған шамам жетпейді. Өйткені оқырмандардың лебіздері мен хаттары, сыншылардың пікірлері орасан көп. Мәселен, «Волоколам тасжолы» жариялаған «Знамя» журналының редакциясына соғыс кезінде тек менің атыма ғана жүздеген хаттар келді. Повесть 1942 – 1943 жылдарда Москва қаласындағы әдебиетшілдер үйінде екі рет талқыланды. Ол талқылауға екі жүз-үш жүздей адам қатысты. Онда мен повестің біткен бөлімдерінің мазмұны және оның жалғасына байланысты біздің істейтін жұмысымыздың программасы туралы екі рет баяндама жасадым. Әр баяндама бір жарым сағатқа созылды.

Бауыржан Момышұлы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Хат қандай мақсатпен жазылған?
2. Хаттың стиліне назар аударыңыздар. Хат тілінің қандай ерекшеліктері бар, атаңыздар.

135-жаттығу. «Домбыра – қазақ ұлтының жаны», «Жаңа заман – жаңа байланыс». Берілген тақырыптардың біріне баяндама жасаңыздар.

Күнделік – 1) күнбе-күнгі өтетін немесе жоспарланған істердің орындалу реті; 2) көркем туынды ретінде өткен күннің әсері, сол күндегі көңіл-күй, сезім, ішкі толқынысты суреттейтін көркем шығарма.

136-жаттығу. Жексенбі күнгі уақыттарыңның өту ретін жазыңыздар. Демалыс күнгі уақыттарыңызды дұрыс ұйымдастыра аласыздар ма, назар салыңыздар.

137-жаттығу. Күнделік.

27.04.2005

Бүгін таңертең ерте тұрдым. Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармаларын оқып, кеш жатқанмын. «Қытай империясының Батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты 1856 жылғы Құлжаға саяхат күнделігін оқып шықтым. Шоқан Уәлихановтың күнделігі Үйгентас аңғарының табиғатын суреттеуден басталыпты, жүз беттен астам мақаланы аяғына дейін қалай тез оқып шыққаныма өзім де таң қалдым. Мүмкін алғашқы жолдардан басталған таңғажайып табиғат суреті ме, әлде саяхат сыры ма, әйтеуір, маған ерекше әсер қалдырды. Күнделік 1856 жылдың 1 тамыздан 12 қазанға дейінгі аралықтағы Қытай империясына сапардың жайын баяндайды.

Ш.Уәлихановтың әр іске назар салар байқампаздығы, екшеп, талдар талғамы, жіті таразыға салар талдауы ерекше.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Күнделік жазудың пайдасы бар ма? Неге?
2. Өздерің күнделік жазып көрдіңіздер ме?
3. Естерінде жақсы сақталған, әсер алған сәттеріңді күнделік ашып, жазуды әдетке айналдырыңыздар.

136-жаттығу. Мәтінді оқып, ғалым пікірлеріне көңіл аударыңыздар. Ш.Уәлиханов жер аттары туралы пікірлерін қандай дәлелдер мен деректер арқылы түйіндейді?

Ыстықкөл сапарының күнделігі (үзінді)

«...Санташ – санаулы тас. Бұл асудың бұлай аталуына себеп болған бір қорғанға үйілген тастар. Қорғанның биіктігі 3 сажын, айналасы 35 сажын. Аңыз бойынша, Әмір Темір Гурган Қытайға император Каан Чинның қызын алу үшін сапар шегеді (Каан чин Қытай императорының титулы [түркіше басқаша], Хаканчин –

Қытай императоры [титул], қазақтар оны жалқы есім қып алған). Әмір Темір әр жауынгері қолына бір-бір тастан алып, бір жерге үюге бұйрық етеді. Кейін қайтқан жолында ол енді тасты алып, келесі жерге үюге әмір етеді. Қалған тастарға қарап, қанша әскер жоғалтқанын шамалайды. Сол қорғанның орны қазір де бар.

Тарихи мәліметтер бұл аңызға мүлдем қарама-қайшы. Әмір Темір шын мәнінде Қытайға сапар шеккен, бірақ Самарқандтан шығып, Отырарға 24 жеткенде қаза тапқан. Десек те, орта ғасырлардағы батырлық жырлардағы Ұлы Карл мен орыс ертегілеріндегі Владимир Красное Солнце сияқты барлық ортаазиялық аңыздарда Әмір Темір – басты қаһарман. Түркістанның барлық мешіттерін, көне су құбырларының барлығын Әмір Темір Сайыпқыран (әлемнің билеушісі) салдырған деседі. Қалай болғанда да, Санташ қорғанын қалау үшін көп адам мен көп еңбек қажет болған және ол келер ұрпаққа [осында] бұрын өткен халықтың өмірінен сыр шертетін ескерткіш.

Айтпақшы, Қарқара өзенінің атауы туралы тағы бір аңыз. Қазақтар қалмақтарды шапқан бір жорықта осы өзеннен... екі жас қызын ұстап алады. Олардың ауылы жаңа көшіп жатыр екен. Олар осы жерде қалып, өздерін ретке келтіріп, көшке сәнді киіммен бармақшы болған. Олардың бастарында құстың қауырсын қанаттары болады. Қазақтар оны қарқара деп атайды. Содан бері өзен Қарқара атанып кетіпті дейді аңыз.

(Ш. Уәлиханов)

IV бөлім. Шешендік өнер

Шешендік өнер тарихы

Бүгінгі қоғам бізден әр адамның өз пікірін, өз ой-көзқарасын орнымен, өз мақсат мүддесі тұрғысынан жетік жеткізіп, қойылған сұрақтарға жауап бере білуді қажет етеді. Пікірлесе алу, ой тастау, пікірталастыра білу адамның білімін, білігін, сөз байлығын танытумен бірге қоғамдағы орнын да анықтайды.

Сөз шеберлігі – әдеби тілде сөйлеу, сондай-ақ түрлі тілдік амал-тәсілдерді мағыналық, формалық, стильдік сипаттарына сай ұтымды талғап таңдай білу. Сөйлеудегі қажетті тұстарды қалап, таңдау үшін біз шешендік өнер қыр-сырын білуіміз керек.

Шешендік өнер – өзінің зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл білім сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алуы десек, аталған шарттар практиканы көп қажет етеді.

Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы, әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөздерді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Шешендік өнер қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.

Шешендік өнерді **«риторика»** терминімен де ауыстырып жатамыз. Риториканың (грек тілінде **rhotorike**) алғашқы және негізгі мағынасы – шешендік өнер. Көне Грецияда шешендік өнерді, риториканы, үйрететін мұғалімді **ритор** деп атаған. Шешендік өнерді қай халық та болсын меңгерген. Десек те, Эллада шешендік өнердің отаны деп есептеледі. Ежелгі Грецияда шешендік өнер б.д.д. V ғасырда дамып, алғаш рет теориясы қалыптасқан. Қоғамдағы

ақпарат, саяси, әлеуметтік істер ауызша таралған кезеңде шешен тілде сөйлей білу, елді ұйыта алу, сөз арқылы халықты топтаудың маңызы ерекше болды. Бүгінгі күнге жеткен мәліметтер Ежелгі Грециядағы шешендік өнерге үйрететін мектептер ғылым-білім үйрену, қоғамдық-саяси, әлеуметтік істер үшін қажет болғанын дәлелдейді. Сөз қадіріне жеткен халық қай шешеннің сөзі өткір, ойға қонымды, көңілге жетер болса, соны жақтайтын. Сондықтан да риторлар, шешендікке үйретер ұстаздар, сөзді қалай жеткізу амал-тәсілдерін меңгерген, логика заңдарын білетін, айтысу, тыңдаушыға әсер ету әдістеріне жетік шешендер болды.

Ежелгі Грецияда сөз өнерінің құдірет-қасиеті жоғары бағаланды. Көпшілік алдында, сотта, жиын, кездесулерде топ алдында сөйлей алуына қарай жеке тұлғалар қоғамдық-саяси, әлеуметтік орындарын белгіледі. Осыған орай, кез келген ортада, қандай жағдайда болсын өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп шығуға үйрететіндерді софистер деп атады. Софистер шындықты ашуды мақсат еткен жоқ, жалған болса да өз ойын дәлелдеп шығуды ұстанды. Софистер қағидаларына қарсы **Сократ** (б.з.д. 470-399 ж. ж.) абсолюттік шындықты адам танымынан жоғары қойды. Бұл тұжырым шәкірті **Платоннан** (б.з.д. 427-347 ж. ж.) жалғасын тапты. Платонның «**Федр**» атты диалогінде шешеннің міндеті нақты шындықты ашу деп біледі. Платон сөздің адам жан-дүниесіне әсер етуі қажет екенін айтады. Сондай-ақ, қандай орында, қалай сөйлеу керек деген мәселені ашады. **Аристотельдің** (б.з.д. 384-322 ж. ж.) «**Риторика**» деген еңбегінде шешендік сөздің негізі, түрлері, сөйлеуші мен тыңдаушының сөзге қатысы, сөздің қисынды болу шарттары, т.б. шешендік өнерді анықтайтын білім кешені айтылады. Б.з.д. II және III ғасырларда Рим мемлекетіндегі қоғамдық-саяси жағдай шешендік өнердің дамуына негіз болды. Халық-жиналыстарында, сенат мәжілістерінде, сотта табысқа жетудің жолы шешендік сөз болды. Көркем, мәнерлеп, ұтымды, көпшілікті сендіре сөйлеу жеңістің негізі екені танылды.

Цицерон (б.з.д. 106-43 ж.ж.) мемлекет пен саясат қайраткері ғана емес, әдебиетші, философ әрі шешен болған. Цицеронның пікірінше, көркем, шешен сөйлеу – мемлекет ісі үшін ең басты-

сы. Цицерон шешенге қажет негізгі міндеттерді белгілеп берді. Оның 800-ден астам трактаттары мен хаттары және 58 саяси бағыттағы шығармалары сақталған. Осындай шешендердің бірі **М.Ф.Квинтилиан** (б.з.д. 30-966 ж. ж.) болды. Оның шешендік өнерге үйрететін 12 кітабын риториканың энциклопедиясы деуге болады.

Ежелгі дүние мәдениетінде шешендік өнер теориясының элементтері анықталды. Шешендік өнердің басты сипаты, сөзді, сөйлеуді түрлі амал-тәсілдермен көркемдеп, ұтымды жеткізу мәні шешенің таланты мен терең білім, ақылына қатысты екені танылды. Шешендік өнер сендіру құралы, күрес құралы, мақсатқа жету құралы болатынына көз жеткізді. Шешендік өнердің әлем тарихындағы жаңғыруы Қайта өрлеу дәуіріне қатысты. Бұл кезеңде шешендік өнер саяси күрес құралы, билік үшін күрес құралы қызметінде неғұрлым ықпалды болды. К. Каль (Франция), Д. Балл, У. Тайлер (Англия), Я. Гус, Я. Жижка (Чехия), т.б. көтеріліс көсемдерін тарихшылар шешен болған дейді. Кампанелла, Т. Мор, Петрарка, Данта, Рабль, Шекспир, Сервантес, шығармалары шешендік өнер теориясын да дамытты. Аталған кезеңдегі шешендік өнер жаңа дәуірдің бөлінбес қажетті элементі ретінде қызмет етті. Мәдениеттің, әдептің, білім, біліктің көрсеткіші болды. XVII ғасырдағы бірінші жартысынан бастап Америка Құрама Штаттарында риторика алғаш рет жоғары оқу орындарында Гарвард университетінде, кейіннен басқа да оқу орындарында оқу пәні тізіміне кіргізілген.

Қазақ тіліндегі шешендік сөздерді зерттеудің бастамасы ауыз әдебиеті үлгілерінен жинаудан басталады. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының, Ә. Диваевтың, А. Радловтың жинаған шешендік сөздері кейінгі кезеңдерде «Билер сөзі» (Құрастырған Т. Кәкішов) «Тозған қазды топтан қарға жейді» (Құрастырған Б. Адамбаев), Н. Төрекұл «Билер сөзі – ақылдың көзі», «Бөлтірік шешен» (Құрастырған Ж. Дәдебаев) т.б. жинақтарымен толықтырылды. Аталған жинақтар қазақ тарихындағы белгілі шешен-билердің сөздерін жинақтап ұсынған. «Билер сөзі» кітабының алғысөзінде академик Т. Кәкішов: «Ауыз әдебиетінің інжу-маржаны деуге

боларлық бір түрі – шешендік сөздер. Бұл сөздердің де қаны мен жаны – төзім, мәрттік, кеңдік, адалдық пен қайырымдылық сияқты асыл қасиеттер», – деген пікірінен би-шешенге тән қасиеттер ұлттың бойындағы бар асыл қасиеттердің бір адам бойына жиналуы да болса керек. Сондықтан да халық құрмет етуі сөзін тыңдап, ақылын алатындығы – шешеннің өз бойында үлгі қасиеттерінің молдығы да.

Қазақ ғылымында шешендер мен билер тілінің сипаттарын, олардың қоғамдық орнын анықтаған ғылыми еңбектер А. Байтұрсынов, М. Әуезовтің әдебиет жайындағы зерттеулерінде бар. Осы тұста 1932 жылы жазылған С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» еңбегінің орны ерекше. 1945 жылы Ә. Мәметованың «Қазақтың шешен-билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі орны» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында қарастырылды.

Қазақ шешендік өнерін кең ауқымда қарастырған ғалымдардың бірі – Б. Адамбаев. Ғалым «Қазақтың шешендік өнері» атты ғылыми зерттеуінде ұлттық шешендік өнерді төрт кезеңге бөледі. Алғашқысы – XII-XIII ғасырлардағы Майқы би мен Аяз би кезеңі, екіншісі – XIV-XVI ғасырлардағы Асан қайғы мен Жиренше шешен, үшіншісі – XVIII ғасырдағы Төле, Әйтеке, Қазыбек би кезеңі, төртіншісі XIX-XX ғасырдың басындағы шешендік сөз үлгілері деп бөледі.

Ғалым С. Негимов: «Шешендіктің өзі биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой-өрісінің кеңдігімен тамырлас. Оның үстіне шешендік – батырлық пен батылдықты мойындатудан тұрады», – дейді.

Қазақтың шешендік өнер тарихын зерттеген ғалымдар пікірінің ортақтығы – би-шешендердің адамдық қасиеттерінің молдығы мен дүние, қоғам жайындағы түсініктері мен ғылымдардан кең түсініктерінің болғандығын айтады. Сонымен бірге тілге жүйріктік, ойдың кеңдігі, талдау, талқылай алуға қабілеттілік те басты мәнге ие.

Ғалым Г. Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» деп аталатын кітабында шешендік өнердің қалыптасу тарихы талданады. Ғалым шешендік тану ғылымының негізгі қағидаларын көрсетеді.

Шешендік өнер тарихында түрлі ағымдар, бағыттар болды. Шешендік өнер:

- саяси-әлеуметтік;
- ел басқару;
- сот ісі;
- көпшілікті басқару, белгілі бір идеяға ұйыту, бағыттау құралдары болуымен бірге, сөздің қоғамдық мәнін анықтау, қадір-қасиетіне сендіру, тілдің қоғамдағы ең негізгі, басты күш екеніне көз жеткізу мақсаттары үшін жұмсалады.

Шешендік сөз деген ұғымды кейбір тұстарда «сөйлеушінің тыңдаушыны сендіру өнері» деп те атайды. Қалай болғанда да сөйлеудің мақсаты, мазмұны, шарты-таным мен білім құралы болу, сондай-ақ адамгершілік қасиеттерге үндеу, қоғамдағы келеңсіздіктерді сынау, т.б. адамның рухани дамуының негізгі көзі екені сөзсіз. Қазіргі қоғамда қолданылатын шешендік сөздің өзін бірнеше түрге бөлеміз.

Шешендік сөз түрлері

Саяси-әлеуметтік: қоғамдағы, басқару, билік, жүйесіндегі сөздер, съезд, конференция, митинг т.б. жиындардағы сөздер.

Академиялық: лекция, ғылыми баяндама, ғылыми шолу т.б.

Сот ісіндегі: прокурор, қорғаушы, айыптаушы т.б.

Әлеуметтік-тұрмыстық: мерейтой, салтанатты дастархандағы сөздер т.б.


Діни қызметтегі: уағыз, иман т.б.

Әскери қызметтегі: жалынды, жігерлі үндеу сөздер т.б.

Саудадағы: жарнама.

Диалогтік: ойкөкпар, ойталқы, іскерлік қатынастағы әңгіме, мәжіліс, баспасөз-конференциясы, «Дөңгелек үстел» т.б.

137-жаттығу. Кестені толтырыңыздар. Бос орынға не жазар едіңіздер?



138-жаттығу

Екі-үш күннен бері бұл өңірде бұлыңғыр болған. Және қыстың соңғы салқын тынысы сияқтанып бір суық жел білінуші еді.

– Е, сәуір жаңа туды ғой. Сәуірдің басы осылай бұлтты суық болатын әдеті ғой! – деп, Қарабас қыстыгүні қар болатынын айтқандай, мерзім айтты.

– Неге? Сәуір қыстың айы емес! Жаздың айы емес пе? Жылда **бүйтет** деймісін?

– Жылда сүйтеді. Сәуірді, осы жұлдызша не дейді?

– Апрель дейді.

– Ендеше сол апрелің осы. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп, бұрынғылар текке айтпаған. Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз

шықпайды дегені, – деп Қарабас Абайға ай-айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен. Сәуір – бұл айдың арапша аты. Қазақша – мамыр. Одан соң маусым... Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды. Бірақ сәуір турасындағы жаңағы сөзді алғаш есіткен осы еді. Жазға салымның ең жайсыз кезін әнеугүні әжесі «отамалы» деп атап еді.

– Осы «отамалы» немене? Не деген сөз өзі? – деп Абай соны сұрады.

– Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. **Сол бақыр күн қайырады екен-ау!** Көкектің суығы басталған уақытта, әлгі қойды жайылысқа шығармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айырыласың десе, байы діні қатты кәпір екен. Сен тоғышарлық қып алдап отырсың деп, Отамалыны сабап-сабап қойды жайылысқа шығартады. Сол күні, **құдай көрсетпесін**, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып, бар қой шығып кетіп қырылыпты да, қойдан қалмаймын деп, Отамалы бақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы – «отамалы» атанғаны содан дейді. Әжең бақыр соны біледі ғой, – деді Қарабас.

Осыдан соң: «Айдың тоғамы» деген не? «Өлі араның» не мәні бар? «Қыр күйек» неден қойылған? Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық әңгімелер есітті.

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгіме орнына қарай мәтіннің қандай тілдік ерекшеліктері бар?
2. Ай, жұлдыз санау туралы қандай ұлттық таным берілген?
3. Ұлттық мезгіл мерзімді білдіру жайында өздерің не білесіздер?
4. «**Айдың тоғамы**», «**Өлі ара**», «**Қыркүйек**» деп не аталған?
5. Қарамен жазылған сөз, сөйлемдерінің сөйлеу тілі ерекшелігіне талдау жасаңыздар.

Дүниеге келген адам бойында адам болудың нышаны ғана нышанындағы тіршілік иесін әлеуметтік-тарихи тұлға (личность) ретінде қалыптастыратын – әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімі, дәстүрдің құдіреті, мәдениеттің сабақтастығы. Адам ешуақытта өзінен өзі адам болмайды, адам болуды шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап үйренеді. Ал адамды адам ететін – жұмыр жерді мекен еткен сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойы мен тірнектеп жинаған тәжірибесі. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық практикалық дәстүр сабақтастығы болмаса, адамзаттық прогрессте болмақ емес. Өмір-салттың тіршілік-болмыстың ғажайып сабақтастығы үзілген жерде адам баласы бәрін де тырбанып қайтадан бастауға мәжбүр болар еді. Әрбір адамның бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес-тарихи тәжірибенің үлгісі бар. Сол тарихи-мәдени тәжірибені танып-білу арқылы адам баласы өзінің парасат-болмысын шыңдайды. Үп еткен желге тамырын үзіп, тақтаған жерге тұқымын төгетін адам баласы қаңбақ емес. Саналы адамның (хомо сапиэнс) ең бір мәнді белгісі: рухани отырықшылығымен, яғни қоғамдық-әлеуметтік таным-тәжірибесінің тарихи сабақтастығымен дараланады. Қазақ халқының өмір-салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған. Кез келген көшпелі өзі туған жердің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын ешбір отырықшы замандастарынан кем сүймеген. Сондықтан да кіндік қаны тамған жері үшін тайсалмастан жүрек қанын да төге білген. Сондықтан да сол даланы әнмен әлдилеп, күймен тербеген. Сол далаға ең аяулы атаулар берген. Сол далаға тек қана сұлулық деп аталатын ұлы түйсікпен үндесетін белгілер қалдырған. Қысқасы, байтақ дала көшпелілердің рухани отырықшы әлемі болған. Осынау ұлы дәстүрдің қадыр-қасиетін танып-түсіну және сол ұлы дәстүрдің заңдылықтары бойынша ғұмыр кешу тірілер үшін қажет (А. Сейдімбек).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлт болмысы, танымы туралы не айтылған?
2. Ұлт тұрмысы мен оның рухани дүние байланысы қандай?
3. Отырықшы жұртпен көшпелі халық болмыс-бітімінде қандай ерекшеліктер бар?
4. Автор көшпелілердің жеріне сүйіспеншілігін қалай баяндайды?
5. Қарамен жазылған сөздердің қайталанып берілуінің мәні неде?

140-жаттығу. Кестені толтырыңыздар

№	Дәуір, ғасыр	Шешен	Еңбектері
1	Көне дәуір		«Риторика», «Метафизика»
2		Цицерон	«Міндеттер туралы», «Мемлекет туралы», т.б.
3	Көне дәуір		«Софист», «Парменид», «Федр»
4	XIX ғасыр		«Синтетикалық философия жүйесі»
5		Спиноза	«Этика»
6	Көне дәуір	Конфуций	
7	Көне дәуір		«Шешендік тәлім»

Шешендік сөз сапалары


Шешендік сөз сапалары дегенде, ең алдымен, сөйлеу ерекшеліктерін ашуды қажет етеді.

Сөйлеу			
1) пікір, ой білдіреді	тіл амалдары пайдаланылады		
	сөз жасау	сөз тіркестіру	сөйлем кұрау
2) Сөйлеуші сипаты анықталады	шығармашылық қабілеті		

			ой әсері	дәлелдеуі	мәнер- леп айтуы
			Көркемдеу құралдары		
3) сөйлеу айшықтары қолданылады	шен- дес- тіру	дамыту	қайталау	ритори- калық сұрақ	дауыс ырғағы т.б.
4) дайын тілдік құралдарды пайдаланады	мақал мәтел- дер	жыр, өлең- дерден үзінді	сілте- мелер	дәйек сөздер	
5) лексика- грамматикалық жағынан түрлендіреді	оқшау сөздер				
	қаратпа сөздер			қыстырма сөздер	

Сонымен бірге шешендік сөздің сапалы шығуы, яғни тыңдаушының ықылас қоя тыңдата білуі, пікір алмасу, сендіру, ой бөлісуімен де анықталады. Аристотель «Риторикада» қарым-қатынасқа қажет:

- 1) айтушы немесе шешен;
- 2) сөз, оның жеткізер ой-пікірі
- 3) тыңдаушы сияқты үш элементті анықтап көрсетеді.



Ендеше, жинақтай келгенде шешендік сөздің төмендегідей негізгі белгілерін көрсетуге болады.

1. Тыңдаушымен көзбе-көз, тікелей қарым-қатынас жасалады.
2. Диалог түріндегі кері байланысқа мүмкіндік бар.

3. Түрлі белгілік жүйелері: **лингвистикалық (тіл), пара-лингвистикалық (екпін), кинетикалық (ым-ишара)** қолданады.

4. Шешендік сөздің кімге арналатыны нақты, яғни тыңдаушысы алдын ала белгілі болады.

5. Шешеннің жеке қасиеттерін, эмоциясын да байқауға мүмкіндік бар.

141-жаттығу.

Шоқан мен Саққұлақ шешен

Жазда ауылына демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырып, бірнеше күн оның тағлымды әңгімелерін тыңдайды. Дидарласу кезінде жас Шоқан қонаққа тосын сұрау қойып:

- Ақсақал, біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды? – дейді.
- Шырағым, көнеден сұрайды, – дейді шешен.
- Көне адасса, кімнен сұрайды?
- Көргендіден сұрайды.
- Көргенді адасса, кімнен сұрайды?
- Көргенді адасса, көптен сұрайды.
- Көп адасса, кімнен сұрайды?
- Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.
- Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?
- Көп оқыған неге адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап анықтап алған жоқпысың? – дейді шешен. Содан соң:

– Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем.

Білім – таусылмайтын кен.

Адамның басшысы – ақыл,

Жетекшісі – талап,

Шолғыншысы – ой,

Жолдасы – кәсіп,

Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез.
Біліп туған бала екенсің,
Тумысыңнан дана екенсің, – дейді Шоқанға риза болған шешен.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Саққұлақ шешен мен Шоқан арасындағы әңгімеге қандай баға берер едіңіздер:

а) әңгімелесу;

ә) дидактасу;

б) сынасу;

в) шер тарқатысу.

2. Саққұлақ шешенді Шоқан қалай риза етті?

3. Шоқан сөздеріндегі ұлттық түсінік, танымды көрсетіңіздер.

142-жаттығу. Мәнерлеп оқындар. Қарамен жазылған сөз, сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңдар.

Адыра қалғыр, көк Жайық

Адыра қалғыр, көк Жайық,
Садағын **сала байланып**,
Астана жұртын айналып,
Ерлерім еңсеп желген жер.
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Ақтылы қойдың өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп,
Қызығын жұртым көрген жер.
Емендей белін бүгілтіп,
Жібектей жалын төгілтіп,
Ерні төмен салынған,
Құйрығы гүлдей малынған,

Күдері бел, күпшек сан –

Бедеу атқа мінген жер.
 Аузы түкті кәуірді
 Ерлерім айдап келген жер,
 Қысырықтай бөлген жер.
 Күндердің күні болғанда
 Таршылыққа іліндің,
 Жеті жұрт кетіп бүлген жер!


(Мұрат)

143-жаттығу. Төменгі тақырыптарға әңгіме құрыңыздар. Сөйлеу тіліндегі түрлі белгілік жүйелердің қолдануына назар аударыңыздар.

1. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» (мақал)
2. «Шешен сөз бастайды, көсем ел бастайды» (мақал)

Шешен. Шешенге қойылатын талаптар

Шешендік өнердің жүйелі теориясы бар ғылым болатынын да айтып өттік. Шешендік өнердегі ең негізгі – шешеннің өзі.



Жоғарыдағы шешеннің қызмет әрекеті көрсетілген. Осындағы ерекшеліктерді игере білумен бірге шешеннің тілдік қоры мол, жан-жақты білімді, ұтымды пікір, ойға тоқтай алатын, шынжыл, ізденгіштік, т.б. қасиеттері болса, кез келген аудиторияны игере алары сөзсіз. Шешеннің сөзі көбіне монологқа, диалогқа құрылудан бастап, қазіргі қоғамда пікірталастың әр түрімен ашылады. Бұның өзі іскерлік, ғылыми, көркем стильде болуы мүмкін. Ойды жеткізуде тақырып пен ортаға қарай анықталатын стиль оның амал-тәсілдерін де ашады. Қажетті жағдайға қарай диалог құра білу аудиториямен дұрыс қарым-қатынас жасауға да қатысты. Аудиториямен қандай формада әңгімелесуге болады, қай уақытта екенін де білудің мәні зор екені белгілі. Ендеше шешенге қойылар басты талап-қабілет қарымын, білім-білігін шығармашылықпен байланыстыра алуында.

Шешенге: – белгілі бір тақырып бойынша білім жинау:

- қажетті әдебиеттер іріктеу;
- жинақталған әдебиеттерді оқып игеру;
- жоспар жасау;
- сөздің жазбаша мәтінін әзірлеу;
- аудиториямен жұмыс істеу білу;
- уақытты дұрыс пайдалана алу;
- тыңдаушылар сұрақтарына жауап беру;
- қазіргі техника құралдарын қолдана білу талаптар қойылады.

Шешен – терең білімді, ақпаратты игеруші әрі оны талдап, тыңдаушыға қажеттісін, сұранысына қарай талқылап жеткізуші. Шешен аудитория талап-талғамына сай материалды жинақтап, әрі соны жеткізу өнеріне төселу керек. Сондай-ақ:

- дауыс күші;
- жағымды дауыс;
- сөз арасындағы екпін, кідірістің дұрыс қойылуы;
- ым-ишараны орнымен қолдана алуы;
- өзін-өзі әдепті ұстай білуі шешеннің тыңдаушылармен арасын жалғастырады. Осы аталған ерекшеліктерді толығымен игеру еңбекті, төзімділікті, ақылды, білімді қажет етеді.

Қазыбектің алғаш көзге түсуі

Абылай ханның заманында қалмақты қысқа күнде қырық шауып, беттетпей қойыпты. Сонан тағы да басқа елді шабуға өзінің белгілі батырларын алып, жорыққа аттанып кетіпті. Бұлар осы жолы көп жүріп кешігіпті. Сонда арада жүретін өсекшелер қалмақтың Қонтажы деген ханына барып: «Абылай барған жорықта өліпті. Сен осы кезде қазақтан кегінді алып қал!» – деп, қазақтың бір жағын келіп қалмақ шауып әкетіпті. Осы сөзге елігіп, қазақтың бір жағын келіп қалмақ шауып әкетіпті. Абылай келсе, елдің бір жағы жетім-жесір болып қалған екен.

Абылай бұл жолы:

– Сен бар деп, ешқайсысының атыңды атамаймын. Намысқа шыдамағандарың өздерің айт! – депті.

Сонда Тайкелтір би мен Малайсары батыр:

– Біз барамыз! – депті.

– Ендеше жүз адам жолдас алып барыңдар! – депті.

– Жарайды! – деп, бұлар дайындалып жатқанда, Қаракесек Келдібек би үйіне келіп әйелінен:

– Қазыбек қайда? – деп сұрапты.

Онда әйелі:

– Бағана тай үйретемін деген, жылқыда шығар, – депті.

Жылқының ішіне келсе, айтқанындай, жылқыда тай үйретіп жүр екен. Келдібек баласын шақырып алып:

– Бала, атқа мініп, атақ алғың келе ме? – депті.

Сонда бала шу дегеннен:

– Атаққа шапқанша, жақсының атын ерттеп, жатқа атымды солай шығарсам, болмай ма? – депті.

– Жарайды, балам, анау тұрған бедеуді ұстап мін де, үйге жүр, – деп, ертіп алып келіп, киіз беріп:

– Бар, балам, жолың болсын, алдыңнан, артыңнан күн тусын! Жортқанда, жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын! – деп батасын беріп, – Жүріп бара жатқан топқа барып қосыл! – депті.

Келе жатса, қалмаққа баратын топты шығарып, өзі аңға шығып келе жатқан Абылайға қарсы келіп, жолығып, сәлем беріпті. Абылай:

– Балам, қай ұлсың? – депті. Сонда Қазыбек:

– Тай бәйгесін менсінбей, ат бәйгесіне қосылайын деп жүрген Қаракесек: Келдібектің сіргелі тайы едім! – депті.

Сонда Абылай:

– Бар, балам, жолың болсын, бақытың арта берсін, бетінді бұрма! Анау бара жатқан топқа қосыл! – депті.

Қалмақтың еліне таянғаннан кейін, Тайкелтір ойланып:

– Жүз кісімен қалың қалмақтың ортасына кіріп барғанда, не бітіреміз? Онан да бір-екі кісі барып, қалмақтың бетін біліп келсін! – депті.

– Бұ да жарайды екен! – де (сіп), сөз білетін бір-екі жігітті жіберіпті.

Бұлар қалмақтың ханына келіп:

– Қазақ болып жиналып, қол келе жатырмыз. «Қапы қалдым!» – демей, дайындалсын! – деп сізге жіберді, – депті. Сонда хан өзінің бектерін шақырып айтыпты:

– Алыстан қонақ келеді, шатырды тігіп, малды сойып, дайындалыңдар! – депті.

Бұлар ханның бетін білген соң, келіп көпшілігіне айтады. Көпшілігі бөгелмей, ханның аулына келсе, айтқанындай, шатырды тігіп, еркек қойды үйтіп, тайды сойып, осындайын дайындықта екен. Бұларды қарсы алып күтіпті. Үш күн тынығып жатыпты. Төртінші күні хан келіп, амандасып, бірге отырып, қалмақ енді бұлардан сұрапты:

– Неге келдіңдер? – деп.

Сонда Тайкелтір айтыпты:

– Өгізді өлеңге байладық, өрлікті төменге байладық. Ақ десең де, қара десең де, істің (шешуін) өзіңе байладық. Ендігісін өзің айт! – депті. Сонда:

– Бүрсігүнге дейін менен хабар болса, болды, егер болмаса, бастарың аман, жандардың бейбітте елдерінді табыңдар! – деп, орнынан түрегеліпті.

Сонда босағада отырған Қазыбек:

– Таксыр, хан, дат! – депті.

Хан:

– Арызың болса, айт! – дегенде, бала былай депті:

– Сен темір болсаң, мен көмірмін,

Еріткелі келгенмін.

Екі елдің арасын

Теліткелі келгенмін!

Сөз бермейтін шешенді

Кеміткелі келгенмін.

Тұтқыр сары желіммін

Жабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар

Жарысқалы келгенмін.

Сен қабылан болсаң, мен – арыстан,

Алысқалы келгенмін.

Шалқақтамай сөз берсең,

Табысқалы келгенмін.

Шалқақтайтын болсаңыз,

Тұрысатын жерінді айт,

Шабысқалы келгенмін! – депті.

Сонда хан:

– Уа, жаным, сен қай ұлсың? – депті.

Қазыбек:

– Тай бәйгесін менсінбей, ат бәйгесіне қосылайын деп жүрген
Қаракесек Келдібек бидің сіргелі тайы едім! – депті.

Хан:

– Атың кім? – депті.

– Атым – Қазыбек! – дегенде:

– Даусың қаздың даусы сияқты, сенің атың Қаз дауысты
Қазыбек болсын! Сенің келген жолыңа қазақтан алғанды түгел 3
күннің ішінде көзін тауып берем! – депті.

Осылай бітімге келіп, барған жұмыстарын бітіріп қайтыпты.
Сол күннен бастап «Қаз дауысты Қазыбек» – атаныпты (Мәшһүр-
Жүсіп).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазыбек бидің алғаш танылып, көзге түсуіне не себеп болды?
2. Қазыбектей баланың «Атаққа шапқанша жақсының атын ертеп, жатқа атымда солай шығарсам» деген сөзінен болашақ бидің қандай қасиеттері көрінеді?
3. «Сен темір болсаң, мен көмірмін, Еріткелі келгенмін» – деген сөзден Қазбек бидің қай қыры ашылады:
 - а) өз жұртының әскери күш-қуатын біледі;
 - ә) жас би үркіту, шошыту секілді психологиялық тәсілдерді меңгерген;
 - б) бұдан бидің тәуекелшіл, қайтпас шегінбес мінезі көрінеді.

145-жаттығу

Жанқұттының қартайған шағында айтқандары

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға
Өміріне ұқпайды.
Надандықтың белгісі.

Өзін-өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға,
Өмірде таң атпайды.
Шешеннің сөзі шын асыл,
Қап түбінде жатпайды.

* * *

Тон бітпеске тон бітсе,
Қағуменен тоздырар.
Жаман болса алғаны,
Ер жігітті аздырар.
Жақсыменен сөйлессең,
Құмарыңды қандырар.
Жаманменен сөйлессең,
Көңіліңді қалдырар.

Кез болсаңыз суайтқа,
Өтірік айтып нандырар.
Өсекшімен сөйлессең,
Ұрмай-соқпай талдырар.
Жолдас болсаң сараңмен,
Жол үстінде қалдырар.
Жаман болса достарың,
Өзіңді жауға алдырар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жанқұтты шешен туралы не білесіздер?
2. Шешеннің жақсы мен жаманды салыстыруында қандай тілдік

көркемдеу құралдарын пайдаланған? Ойды дәл жеткізудегі салыстырудың артықшылығы неде?

3. Осыған ұқсас қандай акын, би, шешен сөздерін, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді білесіздер?

4. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

146-жаттығу

Қазақ совет әдебиетінде екпіндей келген жастың бірі марқұм – Тайыр Жароков. Оны мен ең алғаш Орынборлық дәуірде қазақ педагогика институтында оқып жүрген шағында көргем. Ол кезде Тайыр сұлу кескінді, сымбатты, денелі жасөспірім де; институттың оқу үйі, рабфак оқу үйінің қасында болатын. Бір мезгілдегі сабақ үзілісіне біз сапырылыса аралысып кететінбіз. Қарсы жақта «ит бақшасы» аталатын алаң бар. Араласқан оқушылар соған кіреді де, біреу қалжың айтып, біреулер өлендетіп оқып дегендей әртүрлі өнер жүйелері ортаға түсіп жатады. Сонда өлеңдері, әсіресе, өзінің өлеңдерін екпіндей оқып, көзге оғаш түсетіндердің бірі – Тайыр. Мен онымен тез танысып, пікірлес болып алдым. Кейін қадірлеп «Такең» атап кеткен Тайыр қулық сөзге шебер еді, сонда оның бір айтатыны:

– Менің өлеңдерімнің көркемдігінен кемшілік табылар, бірақ саяси қатені ешкім таба алмас.

Онысы, рас та. Әдебиет майданында қырық жылдай қалам сілтеп, мыңдаған жол өлең жазған Тайырдың бар шығармасында коммунистік идеяға шын беріліп, биікке өрлеу айқын көрініп тұратын.

Ол осы жолынан ешуақытта тайған жоқ. Қазақ совет поэзиясына оның түсірген олжасы орасан.

(С. Мұқанов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтін стилін анықтаңыздар.

2. С. Мұқанов Т. Жароков ақындығына қандай баға береді?

3. «Менің өлеңдерімнің көркемдігінен кемшілік табылар, бірақ саяси қатені ешкім таба алмас» осы сөйлемнің мәнін ашыңыздар. Ақын нені меңзеп тұр.

1. Адамзаттың ақыл-ойының даму жолын айқындайтын, көркемдік танымның бағыт-бағдарын белгілейтін, өткен өмірді қалпына келтіріп, бүгінгі өмірді таңбаға түсіріп, замандармен, халықтармен бірге ғұмыр кешетін тірі бейнелер кейіптеп, өз тарапынан жаңа бір әлем жасап шығаратын, халық рухы – әбілхаят нәрімен сусындап, фәниден озған, бақиға бата алған, ескірмейтін, өлмейтін мерейлі шығармалармен бұ дүниеде мәңгі жасайтын Жазушы болу – айрықша бақыт. Үш дүниенің сырын тоқыған, төрт тарабын түгел таныған Қазақ Жазушысы болу – он есе артық бақыт. Талабы таудай жан балам, көкірегінде от болса, туған халқынды жан-жүрегіңмен сүйсең, сенің де ірі жазушы, зор тұлға болып шығарың күмәнсіз. Ірі болмасаң да, ұлы болмасаң да, қадарынша қызмет жасаң – мұратыңа жеткенің. Ол – сенің адамдығына байланысты.

Жазушының адамдық бейнесі – әділдік, адалдық, кісілік деген ұғымдардың жиынтық көрінісі. Қазақ жалпақ тілде «жақсы адам» дейді, «жақсы кісі» дейді. Жақсы адамның бәрі бірдей жазушы болмайды, бұл жалпылық өлшем, бірақ жақсы жазушының барлығы де жақсы кісі болған. Кісілігі кем жазарман ешқашан да тәуір жазушы дәрежесіне жетіп көрген емес. Өйткені жазу – ең алдымен кісіліктің жемісі. Тетігін білмеген адам трактордың өзін жүргізе алмайды. Жақсылық пен жамандықтың тетігін айырмаған жан қалай тәуір жазбақ, Жаза алмайды, болмайды.

Қаламгердің азаматтық келбеті, яғни отаншылдық, ұлтшылдық – бұл да кісілікке жалғас, дарынмен бірге бітетін, өскен орта, алған тәрбие негізінде қалыпқа түсетін қасиет. Онсыз тағы да жазушы жоқ деп біліңіз. Әсіресе, біз сияқты отар ел жағдайында. Халқын сүймесе, ұлттық намыстан кенде болса – адамдық қасиеті де жоқ деген сөз, жазушылық қайда, дені түзу кісі есебіне қосу қиын. Қаламгер – аруақтың аманатын арқалаушы, халықтық рухтың жаршысы, яғни ұлттық сана – оның шығармашылық бітіміндегі ең игі негізгі көрсеткіші болуға тиіс. Сонымен, жазушы қайдан шығады деген әуелгі сауалымызға қайтып оралдық. Бірінші шарт – дарын дедік, ал бұл дарынның туа бітетіні – талассыз ақиқат. Бірақ сол туа

біткен қасиет жүзеге асуы үшін тағы қаншама жағдай керек екен. Соның ішінде адамның өзіне тікелей байланысты және ең мәнді, ең басты шарт – таудай талаптан серпін алған табанды еңбек. Бойдағы дарын – тәңірінің сыйы, еңбексіз келді. Өзгеше талай. Бақ Қонды. Енді соны жетілдіру, жеріне жеткізу, кәдеге асыру – құт орнаған кісінің өзінің қолында. Дарын Көктен түсті. Жеміс емес, тұқым. Өнер, оның ішінде жазушылық – сол тұқымның мәуеге айналған көрінісі. Екі арада ауыр, әрі қызғылықты, ақыр түбінде бір адам емес, бүкіл жұрт үшін, оларды ұлыс үшін игілікті еңбек тұр.

(М. Мағауин)

2. Басқаны былай қойып, мына тұрған Түркия жазушыларының жағдайы бізден мүлде басқаша. Біразының атадан қалған завод-фабрикалары, банкілері бар. Әртүрлі кәсіпорын, дүкен ұстап отырғандары қаншама. Кітап жазу – олар үшін күнкөріс көзі емес, жай хобби, бойдағы талантын әйгілеудің тәсілі ғана... Тәңірім-ау, олармен салыстырғанда, біз күні кешеге дейін Совет өкіметі үлестірген ризықты талғажау еткен «интернаттың баласы» емеспіз бе? Әрине, жағдай тудырса біздің жазушылар да өз еңбегімен күн көре алады. Бірақ біздің кітаптарымызды көп данамен басып шығарып, кітап саудасын қыздырып отырған кім бар? Қалтылдап әрең отырған баспалар төлеуге қауқарсыз болса, сонда жазушылар топырақ жей ме? Айта берсе сөз көп, сұрақтан сұрақ туады. Айналып келгенде, аужал тұтар бір ғана тірек бар. Оның аты – бостандық. Құдайым сол бостандықты қолдан шығара көрмесін деп тілейік.

Жалпы қай қоғамда да жазушы арқалайтын жүк жеңіл болмаған. Ал қазақ сияқты бодан елдің жазушысы болуды құдай енді басқа бермей-ақ қойсын! Мұнда не ұлтыңды, еліңді-жеріңді сатып, күнің үшін империяның сойылын соғуың керек. Не болмаса, «қиын қылса дулығалы бас кетер» деп, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптар секілді әділет жолында қасқайып тұрып қалуың керек. Екеуі де оңай емес, былай тартсаң бас кетеді, былай тартсаң ар-ұятың аяққа басылады. Қазақ зиялысы осының екеуін де бастан кешірді. Ерлер мен ездердің енші бөліскен жері де – осы тұс.

(Қ. Жұмаділов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қаламгер жазушы болу бақытын қалай түсіндіреді?
2. Ал қазақ жазушысы болу бақытының артықшылығы неде?
3. Екінші мәтіндегі жазушыға, жазушы бақытына берілген баға қалай?
4. Жазушыға қажет қандай қасиеттерді айтады, оны қалай дәлелдейді?
5. Екі мәтіннің ерекшелігін ашыңыздар.
6. Мәтіндер стилін анықтаңыздар.

Шешендік сөздегі әдеби-эстетикалық ғибрат

Шешендік сөздердің мақсат-міндеттерінің қатарына елді басқару ісінде, саяси дипломатияда қолдану, қоғамдық орындарда, жиын-жиналыстарда сөйлеу сияқты негізгілерін алдық. Бұндай шешендік сөздердің лексика-грамматикалық, стилистикалық, әдеби, саяси, қоғамдық өзгешеліктерімен бірге атқаратын қызметтері де түрлі болады.

Шешендік сөздердің қызмет, міндеттерінің бірі ретінде рухани мәнін де айтуға болады. Сөздің эстетикалық, тәрбиелік маңызының да қажеттігі ескеріледі.

Сөз – қай ғасырда болсын тәрбие құралы. Шешендік сөз қоғамдағы келеңсіздікті сынап, топ алдына шығара айта алатын тәрбиелік қызметімен де ерекше. Кез келген шешендік сөз бір ұлт, ел, көпшілік сөзін сөйлеп немесе белгілі бір топ мақсат-мүддесіне қарай құралады. Ұлтты, халықты, топты біріктіру үшін ортақ идеология керек. Идея көпшілік үшін құрылғанда көбіне-көп болашақ ізгі мұраттарды жүзеге асыру үшін жасалады. Осы тұрғыдан алғанда шешендік сөздер ынтымақ, бірлік, достыққа ұйытушы болса, ортақ мақсатқа кісілікке бағыттауда тек сыйластық, кішілік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттер басты назарға алынады.

Шешендік сөздегі көркемдік құралдардың мол қолдануы, ойдың көркем болуымен бірге, тыңдаушыға эмоциялық әсерлі екендігін де ескеріледі. Көркем сөз, кестелі ой айтушы – тыңдаушы арасына этикалық қатынас орнататын сөзсіз. Әрі қазақтың шешендік өнерінде кездесер тәлімі мол, үйретері көп ғибраттар – бүгінгі күні де тәрбие құралы.

Шешендік сөздің мән-маңызын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден де анық танимыз. Дау-дамай үстінде бірлік, ынты-

маққа шақырған, ұрыс, қақтығыс кезінде бітімге тартқан сөздер ел есінде сақталып, адамгершілік пен ізгілік жолы болып қалыптасты. Кейінге ұрпаққа мұра болып қалған тағылымды сөздер тәрбиенің бай тәжірибесін, елдің салт-сана, дәстүр, жол-жобасын туғызды. Бұның өзі халықтың қоғамдық ортада қалыптасқан заң нормалары мен ұстанымдары болып есептеледі.

Қазақ шешендерінің сөздеріндегі:

1. Атадан ұл туса игі еді
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын
Өзі біліп тұрса игі
Жаудан бұққан нешені,
Ортасынан қуса игі...

(Төле би)

2. Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскенінді өшірерсің...

(Қазыбек би)

3. Бай болсаң,
Халыққа пайдаң тисін.
Батыр болсаң,
Жауға найзаң тисін.
Бай болып,
Елге пайдаң тимесе,
Батыр болып,
Жауға найзаң тимесе,
Елден бөтен үйің күйсін

(Әйтеке би).

4. Бір сөз айтсаң жақсыға,

Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға
Өмірінде ұқпайды
Надандықтың белгісі,
Өзін-өзі мақтайды
Көкірегі соқырға,
Өмірде таң атпайды.
Шешеннің сөзі шын асыл,
Қап түбінде жатпайды
(Жанқұтты шешен).

Шешендік сөздердің қай-қайсысын оқысақ та, табарымыз – биік мораль талаптары: ата жолын ардақтау, ел намысын қорғау, сөз асылын қастерлеу, үлкенді сыйлау, ізгілік қасиеттерді бойға жинау т.б.

Шешендік сөздердің есте жақсы сақталуы оның ұйқаспен айтылуы, үндестік, құрылымындағы тұтастық сияқты белгілерімен байланысты. Ұйқаспен, өлең болып құйылып келетін шешендік сөздер ғибрат ретінде ойға қонса, жыр сүйер халыққа өнер туындысы ретінде де бағалы.

148-жаттығу

Төрт бөлменің отыз-қырық кісідей көп жан сиған ең үлкен бөлмесінің төріне «Абай баласы» деп Мағашты, «інісі» деп Кәкітайды шығарған. Осы жиынның ішкі жайын жақсы білген Шұбарды, Әзімбайды алғызыпты. Олар да төрден, Мағаштың қасына орналасқан. Осыларға тақау отырған Серке мен Бегеш – Уақ пен Керейдің сөзуар орамды адамдары, Мағашқа қарап отырып, кезектеп, бір сөз бастады.

Аздан соң Мағаш пен Кәкітайдың анық аңдағаны, бұлар Абайдың басынан кешкен былтырғы ауыр жайды сөз етеді екен. Мағаш пен Кәкітай өздері жүрген ортада көп естімейтін айшықты, кестелі сөз әуелі Бегештен шықты.

– Біз Абайдың жайын, асылымыз, ардақтымыз Абай ағаның

жайын сөз етпекпіз.

Абайға бала, бізге іні жас бауырлар, сендердің осы отырған үшеу-төртеуіңнің ортаңа тастағалы отырған осы топтың бір түйіні бар, шырақтар! Сендер арқылы Абай мырзаға біз сәлем жолдағалы отырмыз. Біз дегенміз кім? Міне, айнала көз салыңдар да көріңдерші! Мұнда Арғын ағадан Қаракесек жақсысы бар. Ойдағы, қырдағы Керей атаң баласы бар. Өрдегі, ылдидағы Найман азаматы да бас қосып отыр. Дәл қастарында отырған Серке мынау. Осы қасиетті дастарқанына, біздің басымызды құрап отырған Білеубай қажы болсын, кімдер бұлар? Көз жеткен мен сөз жеткенді болжасандар, «исі қазақ» деген осы. Бұл төрт арыстың баласы, Орта жүздің тізіліп келген тобы деңдер! – деп өз жиындарының жөнін ұғындырып айта келіп, енді Абай жөніне ауысқанда, анық судырған шешен сөзіне көшті.

– Кім еді Абай, ол Тобықтының ғана Абайы ма еді? Жоқ, исі Орта жүзден орасан, ойқастан озған жүйрігім болатын! – деп келіп, тағы бір Абайды көтере атаған тұсында «ол кім еді?» – деп өзі сұрап барды да тақпақтай жөнелді.

– Ол қоңыраулы бұйра нарыдай, көпке пайда көп еткен көктемдегі жауындай жақсымыз болатын! – дегенде тағы осындай құрмет, мадақтау сөзді Серке де іле жөнелді.

– Тілі бұлбұл, аяғы дүлдүл дейтініміз Абай еді! – деп Серке енді бір кезек сөзді мақсатқа қарай бұра тартады.

– Көштің байсал тапқаны, көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны төрешіге барғаны! – деп, құба жондатып, айтқалы отырған жайларын тұспалдап өтті. Тағы да Абайдың қасиетіне мақтай айтып орағытып келді.

– Отқа салып ерітсең де, алтын, сірә, жез болмас, аяққа шұлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас! Біз Абайдың қасиетін қор етер жайымыз жоқ! – деп бір тоқтай берді.

Сол кезде Айтқазы да ой қырдың қалың топ елінің аңғарын танытып, Абай бейнет көрсе де, халқының қамқоры екенін атап кетті. Халық қамын жеген жақсымның жолы оңай болмайды. Ер басына ол қымбатқа түсетін ауар салмақ екенін шешендікпен қоса ақылды сөйлеп келіп, өзінше бір ойлы түйін тастады.

– Қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң,

мақсатты тура табарсың! – дегендей, Абай өзі үшін емес, ел үшін іздену мен қиналуда еді. Оның түскен оты ел қамының оты еді! – деп енді өзгелер айтпаған тағы бір жайды орай келген.

Осындай әр елдің тобын бір-бір адам жиын мақсатын айтып өткен соң, алғашқы сөзді бастаған Бегеш қайта кеп, алғаш атаған түйінге оралды. Мағашқа тағы да бұрыла түсті.

– Жасың жас болғанмен «жастық жалын, кәрілік күл» деген, Мағаш шырақ. Қырғында қылау салмай ой табатын жол табатын да жас болады. Самарқанды сапырып жүрсек те, кәрінің келіп тоқтайтыны жас жүректің байлауы болады. Біз сенен үміт етеміз. Айтарымыз – мынау өзге екі жүздің адамымен бетпе-бет кездесек, Абайдың жайынан жүзіміз ұялатын болады. Біз, Ұлы жүз, Кіші жүз баласына, жалғыз бір жақсымызды жарақаттап отырып, не деп тура аламыз. Абай мырза біздің бір сәлемімізді қабыл алсын! Тарғыл тастың тағыларын – жуасатын да күш-күдірет бар! Айыпкерді аяғына жығамыз. Тентекті түзеп жолға саламыз. Осы ниетімізге «құп» деген сөзін күтеміз. Бізге жоқшым болып, «іздеріңді іздей бер» деген рұқсатын әперіңдер. Мағаш, Кәкітай, Шұбар, Әзімбай мырзалар – бәріңе мына жиынның айтары осы! Алдыңа далбай тастап, шырғаладық. Жауаптарыңды бүгін бересің бе, ертең бересің бе, тобымыз ішінен бір-екі кісіні таңдап алыңдар да айтып беріңдер! – деген.

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Ол кім еді?» Абайға баға берерде Бегеш шешеннің бұл тіркесті қолдану мәні неде деп ойлайсыздар?

2. Абайға баға берердегі шешен, ақындар тілінің стилін анықтаңыздар.

3. «Қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң мақсатты тура табарсың! – дегендей, Абай өзі үшін емес, ел үшін іздену мен қиналуда еді. Оның түскен оты ел қамының оты еді!» Сөйлемдерді таратып айтып көріңіздер.

4. Әр шешен сөзінде, Абайға баға берерде қандай тәлім-тәрбиелік мән бар?

Әрине, жақындық пен достық та оңайлыққа түсе бермейді. Оралымсыз жол жоқ, бұрылыссыз арна жоқ. Бірде бәсең тартып салы қайтқан көңіл, енді бірде қайнаған судай тасып төгілді. Қайрағанда бақытсыз сияқты сезінсең, қуаныштың бақыттығындай көрінеді. Соның бәрі де адам сезімінің әр алуан құбылыстарына себепші кейде «бір атым насыбайдан» өкпелесіп жүремін. Кейде аңғалдаған кездерің болады. Сорайсыз, қолайсыз қимылдаған кездерің болады. Соның бәрі ұғыспай қалуға себепші. Ал кейде достардың, туыстардың арасына ақ тікен болып шығатындар да кездесе бермей ме? Арзан күліп, жалған сөйлейтін, екі жақынның татулығын қызғанатын, андастыруға, айыруға себеп тапқыштар аз ба? Игі істер үшін қызбайтын қаны суық, жаны қараңғылар өсек-өтірікке, біреулерді шағыстыруға келгенде жылан билегендей билемей ме? Осындай себептермен Мұхаң екеуіміздің ұғыспай қалып, жұғыспай кеткен кездеріміз де аз емес. Бірақ үлкен достығымыздың оты қандай тұман қоршаса да көрінбей қалған емес. Әсіресе, бұл достықтың маған бергені өте көп.

«Қарашы, әне, Омарханұлы Мұхтарға,
Емендер ғана осылай өсіп шықпай ма?
Айта қойшы, өзің, білмейтін оны жұрт бар ма?
Тимесін көзің, тек, жаным оған сұқтанба.
Қызығып қара, қызғанбай қара сұқтанба!
Не пайда, саған, сұқтанып оны жыққанда?
Болмасаң өзің, бола алмадым деп жата бер,
Біреуді соғып, біреуді жығып шықса алға!» – деп мен Мұхаң туралы айттым.

Мен бұл ойды оның тірлігіне де тынбай айтқанмын...

(Ә. Тәжібаев)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінде адам жан дүниесінің қандай шақтағы күйі суреттелген?
2. Мәтін басындағы «Әрине» сөзінің қолдануы себебі неде?
3. Мәтіндерде кездесетін тағы да қандай окшау сөздерді білесіздер?

V бөлім. Ұлттық шешендік өнер

Қазақ ұлттық шешендік өнерінің ерекшеліктері

Шешендік өнер барлық халықтарда бар. Соның ішінде ғылым ретінде, жеке сала ретінде қалыптасуға негіз болған Ежелгі Греция, Ежелгі Рим, Ежелгі Үнді, Көне Қытай жазбалары мол сақталған. Қазақ әдебиеті, мәдениеті көшпелі тұрмысқа байланысты ауызша жеткеніне қарай шешендік өнер де ауызша таралып дамыған. Қазақ шешендерінің сөздері де ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық есінде сақталған. Сондықтан кейінгі ұрпаққа түрлі нұсқада жеткендері де бар. Ұмыт қалған, әр дәуір, жылдардағы түрлі саяси әлеуметтік өзгерістерге қарай жоғалып, түрлі себептермен жоғалған сөз үлгілері де аз емес.

Қазақ даласына саяхат жасаған ғалымдар, саяхатшылар қазақ тілі, мәдениетінің тереңдігі мен сан-салалығына таңдай қағып, таңданып, таным шексіздігін мойындаған жазбалар да аз емес. Қазақ халқында шешендік өнердің дамуы елдің саяси өмірімен байланысты. Ел басқарған ханның емес, халық сөз ұстаған бидің жыраудың айтқанына құлақ қойған. Дала демократиясының осындай би, шешенді тыңдайтын әдеті халық пен билікті жалғастырушысы, би-шешенді мойындаған, құрмет тұтқан.

Ел ішіндегі дау, жанжал, ұрыс, қақтығысының барлығы би, шешендердің бір ауыз сөзімен шешіліп, жол тауып отырған.

Қазақ халқындағы шешендік сөздерді:

- ел ішіндегі дау-дамай, жанжал, т.б. реттейтін;
- билік, төрелік айтатын, заң шығаратын;
- ұлттық сана-сезім, рухани байлық негіздерін қалыптастыратын сөздер деп топтауға болады.

Рулық қоғамның, шаруашылық, тұрмыстың дәстүрлі қалыптары әр ру, тайпаның өз мүддесі, өз мақсатын қорғауына жол берді. Осы тұста әр рудың би-шешендерінің білігі мен дарыны, таланты мен талғамы жарысқа түсті. Сондай-ақ ол дәстүрдегі өлең-жыр, ойын-сауықпен өтетін мереке, жиын тойлардағы айтыс, сөз қақтығысы ретінде де халықтың зейін қоя тыңдап, ауыздан-ауызға тарайтын

жырлары болды. Бірақ халықта ру, тайпа билеген шешен, билер айтысқа түспеген. Бұл оның ел бітімін шешер мәртебесіне сай келе бермейтін жол болып есептелетін. Осыдан-ақ би-шешен беделі арқылы сөз қадірі де арта түсті. Тек дау, бітім сөздерді шешуге қатысқан. Бұның өзі оның бақ-беделін көтеріп, ел мен билік арасына сыйластықты, құрметті қалыптастырды. «Би айтатын сөзді құл да айтады, бірақ аузында дауасы жоқ» дейтін халық билікті де тыңдайтын адамнан тыңдайды. Жаны таза, ойы сергек, көңілі адал болуын қалайды. Әрі билік айтар, шешендік сөз қалдырар адамның ата-тек шыққан ортасына қарайды. Сол себепті де қазақ халқының шешендік өнерінің ерекшелігі де сонда – билік айту да атадан балаға мұра болып қалып отырады. Ата сөзін ұстар ұрпақ болмаса, өзіне жақын рулас, аталас елден зерделі жасқа, зейінді ұрпаққа табыстап, аманаттап кетеді. Осындай дәстүрлер елдің сөзді биік қойып, қадірлеуін арттырады. Би-шешен сөзі екі айтылмайтын. Шешім берілсе, тек орындалатын, нақтылығымен, қайталанбас, көптің талқысына түспес қаталдығымен де ықпалды болды. Осы арқылы би-шешен беделі көтерілді. Би-шешен бақ-беделімен бірге айтар сөзінің жерде қалмайтындай заңдылығына негіз болды.

Ел аңыздары мен кейінгі жұртқа жеткен үлгілі сөздерінен қазақтың шешендік сөздері Өз Жәнібек жан тұсынан бастап айтылады. Тәуке ханның тұсында қазақтың алғашқы «Жеті жарғы» әдет-ғұрып, қарым-қатынас заңы жазылған. Ауыл арасы мен ру арасындағы жанжал, дау-дамайды жұрт жиналатын ас-той, кейіннен жәрмеңкелер би-шешендер сыналатын (күнде кеңес құратын) «Күлтөбелер» сөз өнеріне шыңдайтын мектеп те болды. Би-шешендерге көрсететін халық құрметі талапты жастарды сөз өнерін үйренуге ынта қойғызды.

Қазақ халқы үшін аузы дуалы би-шешендердің орны ерекше. Оның басты себебі қоғамдық құрылымға қатысты. Жұрт ішіндегі істің барлығы ата жолы, ұлт әдеті бойынша атқарылатын рулық қоғамдағы тұрмыстық, шаруашылық тізгіні ел ағасының, ауыл ақсақалының қолында болды. Көптің ісі көсемнің бір ауыз сөзінен шешілген жерде сөздің де сөзі керек екені белгілі. Би-шешеннің де ата-баба, әке, қарындас, туған-туысының қала берді ауылдас,

руласының да ел жолын, халық дәстүрін қадірлей алуы сарапқа салынады. Осыдан-ақ тәлім, тәрбиенің түп-төркінін тереңнен тартқан қазақтың рухани адамгершілік қасиеттерді жоғары қойған қоғамдық санасын да танимыз. Шешен деген сөздің өзі қазақ үшін жеке дара, екінің біріне қона бермейтін қасиет болып саналған.

Тілге шешен, сөзге ұста:

– ойы кемел, ақылы мол;

– өнегелі де парасатты;

– әділ шешіп, адал таразылайтын;

– ел дәстүрін, жұрт әдетін құрмет ететін дана адамдар ғана билік айтып, дау шешкен. Сондықтан да «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал қалған.

Қазақ тарихында ел бірлігін, жұрт тыныштығын сақтаған билер аз емес. Солардың ішінде **Төле би Әлібекұлын (1663 – 1756), Қазыбек би Келдібекұлын (1667– 1764), Әйтеке би Бәйбекұлы (1644 – 1700)** білмейтін қазақ кемде-кем.

Үш бидің ел алдындағы еңбегі - ру арасында, жұрт ішіндегі дау-дамайды шешуден гөрі, қазақ халқының басын біріктіру, жұрт іргесін нығайту, әдет-ғұрып заңдарын жасау сияқты ірі істерімен белгілі.

Қазіргі тілімізде «би», «шешен» сөздерінің мағынасын бір түсінікпен алу қалыптасқан.

Би – дау-жанжалға билік айтушы.

Шешен – сөзге шебер, тілге жүйрік адам.

Қазақ тіліндегі ортақ мағынаға көшуі ел ішіндегі дау-жанжалды шешетін би болу үшін сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін қасиет қажет. Сөз өнерін өнер атаулының ең бастысы санаған қазақ билік айтушының сөзге шебер, ойы қисынды, топты ұйыта алар шешен болуын талап еткен. Шешендік сөз билеу, басқару құралы болғандықтан, қазақ шешендік сөзі – көркем де кестелі. Билік, төрелік тәрбие, өмір жайындағы түсінік, тіршілік мәні, бір сөзбен айтқанда идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің құралы болды.

Қазақ шешендік сөздері

Мазмұнына қарай			Құрылысына қарай	
Шешендік арнау	Шешендік толғау	Шешендік дау	Термелі сөздер	Пернелі сөз
Адамдар арасындағы түрлі қоғамдық тұрмыстық қарым-қатынасқа арналатын сөздер.	Халықтың философиялық көзқарасын ашатын сөздер.	Қоғамдық, саяси, әлеуметтік, рухани мәселелерді қолданылатын сөздер.	Ұйқаспен айтылатын сөздер.	Көркем қара сөзбен айтылатын сөздер.

Қазақ шешендік сөздерінің ерекшеліктері:

- қазақ шешендік сөздері ауызша айтылып, ауызша таралған;
- шешендік сөздің көркем де бейнелі, мағынасы терең;
- шешен жайында немесе өткен жайында неғұрлым нақты түсінік беріледі;
- түсінік бөлігін жеткізушілер кейіпкерлерді мақсат, мүдделеріне қарай өзгертіп, сондықтан бір сөздің бірнеше шешенге қатысты болады;
- шешендік өнер халықтың сипаты.

150-жаттығу.

Кенжалы шешен

Кенжалының бір жақын қарындасын Сасан би өз інісіне әперіпті. Қарындасы жүректі екен. Барған жерінде жер үшін болған қақтығысқа қатысады. Осында екінші жақтың бір адамы жас келіншектің бұрымын кесіп әкетіпті.

– Бұрымынды қай жерде кесті, үйде ме, далада ма, әлде соғыста ма? – деп сұрайды Сасан би келіннен.

- Соғыста кесті.

– Онда билігін өз ағаң – Кенжалы айтсын, соған бар, – депті, бір жағы Кенжалыны сынамақ болған Сасан би.

Бұрымын кескен жігітті ертіп келіп, төрелігін сұраған қарындасына Кенжалы да:

– Бұрымыңды қай жерде кесті, үйде ме, далада ма, соғыста ма? – деп сұрайды.

– Соғыста кесті.

– Онда оның жеңіл. Егер үйде кессе, жарты құныңды, далада жай уақытта кессе лақты ешкі айып төлетер едім. Соғыста бұрымың түгіл басыңды да кеседі. Сондықтан бұрымыңның құны – айна, тарақ сабын: Айнаға қара, сабынмен жу, тарақпен тара. Сонда шашың тез жетіледі, – депті Кенжалы қарындасына. Сонда әділдігін естіген Сасан би Кенжалыға қатты риза болыпты.

Бір ауру үйіне бақсы алдырып емделмекші болады. Бақсы ауруды қарап жатқанда атын қасқыр жеп кетіпті. Бақсы ауру адамға атымның құнын төле деп отырып алыпты. Үй иесі бақсыны ертіп Кенжалыға келеді. Сонда Кенжалы тұрып бақсыға:

– Атыңның басы – он екі қой. Төрт қойын өзің төле – ақы алғалы бардың. Төрт қойды қасқыр төлейді, төрт қойды науқас адам төлейді, – деген екен. Сөзден тосылған бақсы төрт қойды айдап үйіне жаяу қайтыпты.

Жылқыларын барымтаға алдырған бір әлсіз ауыл еліндегі бір пысығын Кенжалыға жіберіпті. Ол есіктен кіре бере:

– Ассалаумағалейкум, алдияр, естіген құлақ – екеу, – депті де тұрып қалыпты.

Кенжалы оған:

– Уағалейкум, батырым, көрген көз – үшеу, қайта бер, – депті. Сонымен келген шаруасын бітірген кісі еліне қайта бет алыпты. Жолда қасына ерген серіктері, не болғанын ұқпай қалған болса керек, бұл кері қайттық деп түсіндіріпті.

(«Ел аузынан»).

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үш әңгімені салыстырып, Кенжалы шешен берген биліктерге сипаттама беріңіздер.
2. Кенжалы шешенге мінездеме жасаңыздар.
3. «Естіген құлақ – екеу. Көрген көз – үшеу» бұл жұмбақты қалай шешесіздер?

151-жаттығу.

Ел аузындағы екі сөз

Жетек деген көрегенге жолыққан шұбартаулық ақылгөй Байқотан:

– Қияннан асқан бар ма, арқардың ізін басқан бар ма, Ұлытауға шыққан бар ма, ұлардың үнін ұққан бар ма? Соны іздеп келемін, – депті.

Сонда Жетек:

– Е, сенің іздегенің менің іздегенімнен де қиын екен. Мен адам – адам болса екен, ардан безбесе екен, намыстан қашпаса екен, ерлікке бастаса екен, елдің шырқын бұзбаса екен, сөз тыңдаусыз болмаса екен деп, соны іздеп барам. Бұрынғылар айтқан екен, дүниеде орны толмас үш жетім бар: «Ел басшысыз болса, жер жаңбырсыз болса, сөз тыңдаусыз болса жетімсіз» деп. Менің бара жатқаным да сол, – депті.

Қаз дауысты Қазыбек: «Байқотанға сәлем айт, жерінде тобылғы көп деп еді, соның ішінен қамшыма сап боларлық тобылғы беріп жіберсін», – деп кісі салыпты, Байқотан бір тұтам тобылғының сыртқы сұрғылт түгін қырып, жақсылап майлап, шоққа қыздырып, қып-қызыл етіп, қағазға орап, шәйі орамалға түйіп, келген кісінің қолына берсе, анау алар-алмасын білмей көп тұрыпты. Сонда Байқотан оған: «Жетелі құл арытпас, жетексіз құл жарытпас» деген. Қазының менен сұрағаны – осы. Жоғалтпай алып барып, та-

быс ет», – депті. Түйіншекті Қазының қолына табыс еткенде, ол түйіншекті шешіп, ішінде жатқан бір тұтам қып-қызыл тобылғыны көріп: «Ішегін ішіне тартып тұрғанын қарашы, «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деген, шіркін тұлпар болып туған, жұмбағының түйінін өзіне айтқызалық, қашық демесін Байқотан», – деп Қазыбек кісі жіберіпті.

Нөкер жасап, салтанатпен келген Байқотан: «Азғынды қуып тозғанға жолықпа, туыс іздеп достан кетпе, тауға шығып айғайлама, ойда тұрып бақырма, жүнің қызыл, түгің аз, қызығарлық дұшпан көп, бас аяғың бір тұтам, басқара біл тұтамдап. Айбар шекпе алыстан, күшің қайтар қарысқан, түртіп қалып оятпа, үңгірде жатқан арыстан, қал үзіп, сіңір шығарар, байқамай қалып алыссаң! Мұз төсеніп, қар жастан, қалыспаған алыстан, ойға мініп, сабырды ту ет», – дегенім еді депті («Ел аузынан»).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алғашқы әңгімедегі Байқотан жұмбағын шешіңіздер.
2. Екінші әңгімеде Байқотан шешуінен адам бойында қандай мінез болғанын қалайды?
3. «Мұз төсеніп қар жастан, қалыспаған алыста, ойға мініп, сабырды ту ет» дегені не?

152-жаттығу. Берілген тақырыптарға әңгіме құрастырыңыздар.

1. «Шешеннің сөзі – мерген, шебердің – көзі мерген» (мақал)
2. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ» (мақал)

Би, шешен.

Қазақ тарихындағы белгілі шешендер мен билер

Би – дау жанжалға билік айтушы. Би халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсыбілетін, сөз жарысында шешендігімен,

тапқырлығымен, даулы істе әділдігімен танылса ғана елге жаққан, халық қадірлеген жан. Билер – дау-жанжал мен ел ісінің қайсысында болсын төрелік айтып, жұрт жайын шешкен адамдар. Қазақ қоғамында билер көп жағдайда ханна да жоғары тұратын кездері бар. Ханға дегенін орындатқан би-шешендердің тегеуріні – халық атынан сөйлеп, адалдық пен ел болашағы, жұрт жақсылығы үшін бас тіккенінде.

1. Қазақтың тұңғыш биі деп Майқы биді атайды. Аңыз-әңгімелерде Майқы – әділ бітім айтып, шешім шығарған парасатты, ақылды би. «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген халық даналығы осыдан шыққан. Ханды ақ киізге көтеріп хан сайлағанда Майқы би батасын берген деп ел аңыз етеді. Сол кезеңнің дәлеліндей халық есіндегі төмендегідей бір сөз қалыпты.

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжакпас туады.
Таздан жарғақпас туады,
Сараңнан бермес туады.
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

2. Жанқұтты шешен. Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сарым елінің беделді биі Шабанбайға бата алуға келеді. Би Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрайды.

Сонда Жанқұтты:
Адал болсаң судай бол,
Су арамды кетіреді.

Мықты болсаң жердей бол,
Жер жаһанды көтереді, –
деген екен. Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанқұттыны
бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Алдыңа жағам десең – азанды бол,
Ағайынға жағам десең – қазанды бол,
Халқына жағам десең – әділ бол,
Судай таза бол,
Жердей берік бол,
Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын, –

деп батасын беріп аттандырған екен.

(«Ел аузынан»)

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың үйленген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып:

– Шырағым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды.

Абай:

– Дүние үмітке сүйенеді.

– Көздің көрмесі бола ма?

– Көз қабағын көрмейді.

– Шам жарығының түспесі бола ма?

– Шам жарығы табағына түспейді.

– Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

– Тамағына тартпайтын маққұлат бола ма?

– Өз тамағына тартпайтын мақұлат болмайды, – дейді Абай.
Жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жазып беруін сұрайды.

Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұйдағы,

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табағына.

Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,

Маққұлат тартпай қоймас тамағына, – депті.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – дейді.

– Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты.

– Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай.

Жанқұтты:

– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе, жанарыңның оты бар екен – ақындығын шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқының қалаулы азаматы бол, – деп батасын беріпті.

(«Ел аузынан»)

153-жаттығу.

Отыз жетінші сөз

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны.

Адамның баласы – бауырың.

Ер артық сұраса да азға разы болады.

Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп,

ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі – виноват.

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да – көпте, бірақ қызық та, ермек те – көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Қарасөздегі ойларды жинақтап, ортақ тақырыпқа, тақырыпты тақырыпшаларға бөліңіздер.
3. Қарасөзде адамның қандай мінездері мен қасиеттері айтылған? Адам мінезі мен қоғам, әлеумет туралы Абайдың афоризмдерінің ортақ ой-түйінін анықтаңыздар.
4. Қарасөздегі ой-түйіндерді берудегі көркемдік тәсілдерді көрсетіңіздер.
5. Қарасөзге бүгінгі күн тұрғысынан баға беріңіздер? Не айтар едіңіздер. Өз ойларыңызды көркемдеп жазып, мәнерлеп оқыңыздар.

154-жаттығу

Жақсыдан жаман тумайтыны

Өз Жәнібек бір күні Жиреншеден сұрапты:

– Шешен, хас жақсыдан жаман туа ма? – депті.

Шешен:

– Тумайды! – депті.

Сонда хан ойлапты: «Өзінің баласы жаманға қосылып кетеді, – деп, – соны қорғап отыр-ау!» деп.

Мұнан кейін біраз жылдан соң Жиренше өліпті. Мұнан кейін біраз жыл өткен соң, басқа елді шауып келуге жорыққа шығыпты. Сонда Жиреншенің баласы шешесіне келіп:

– Осы жорыққа мен де барсам, қайтеді? – деп сұрапты. Шешесі баласына:

– Әкеңнің айтып жүрген сөзінен ұққаның бар ма? – депті. Сонда баласы айтыпты:

– «Жорыққа барсаң, аттың сырмінезін мін, сырмінезі жоқ болса, жасынан мін!» – деуші еді. – депті.

Сырмінез аттың бәрін мініп қойған. Бір жас атты ұстап мініп, бұл да барыпты. Барған ел соғысып, ханның атына оқ тиіп, қолда қамауда қалуға қарағанда, басқа батырлардың бәрі қашып кетіп, Жиреншенің жаман баласы ханға келіп, атын беріп, өзі қолда қалыпты.

Сонан елге келгеннен соң батырларын жинап алып, Әз Жәнібек хан айтқан екен:

– Таудан аққан тас бұлақ
Құймай қоймас теңізге.
Жақсыдан жаман туғанмен,
Тартпай қоймас негізге! – депті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгіме кім туралы? Аты аталған адамдар туралы не білесіздер?
2. Жәнібек хан Жиреншені қалай сынады?
3. Жиренше шешен не деп жауап берді?
4. Жиреншенің жауабының дұрыстығы қалай дәлелденді?
5. Әңгімеде өзінің басқалардан артықтығын көрсеткен кім деп ойлайсыздар.

А) Жиреншені сынаған хан. Себебі хан сол арқылы басқаларға Жиреншенің ақылының қандай екендігін танытқысы келді.

В) Жиренше. Өзінің ақылының тереңдігін көрсетті.

С) Жиреншенің баласы. Жиреншедей елге үлгі болған адамның ұлының да ақылды, ер екендігін дәлелдеді

6. Жақсы адам, жаман адам дегенді қалай түсінесіздер. Әңгімеде жақсы деп кімді, жаман деп кімді айтады? Қазақ халқы «жақсы адам», «жаман адам» дегенде мінез-қасиеттерді ескереді?

7. Әңгіме соңындағы ханның нақылын таратып айтыздар.

8. «Ата-ана ақылын азамат болар жас ұғар» деген тақырыпта әңгіме жазыңыздар.

Мақал-мәтелдер. Нақыл сөздер

Шешендік сөздер дегенде мақал-мәтелдерге соқпай өту мүмкін емес.

Мақал-мәтелдер – қазақ халқының таланты мен талғамның даналығы мен даралығының куәсі. Халық мақал-мәтелдерді ғасырлар бойында тәрбие құралы етті. Көшпенді тұрмыс пен дала табиғатының қаяр талаптарына ұрпағының сай болуын қалаған ел болашағының дені сау, жаны таза болуына көңіл бөлді. Осы тұрғыдағы халық пайдаланған жазылмаған заң мақал-мәтелдер болды.

Мақал-мәтелдер – авторы белгісіз, халықтық сипат алған даналық сөздер. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы ел мен жер, оны сүю, қадірлеу, туған жұртты құрмет ету, батырлық пен ерлік, еңбек, т.б. сияқты болып келеді. Бұның өзі ел тұрмысы мен шаруашылығына не қажет, қандай мұқтаждық болды деген сұрақтарға жауап береді.

Мақал-мәтелдердің ерекшелігі – лексика-грамматикалық стильдік сипаттарында. Даяр, жұмсауға қолайлы сөйлемдер ақын-жырау, шешен, би сөздерінде де мақал, нақыл, сілтеме түрінде көп кездеседі.

1. Сөздер дыбысталуы жағынан үндес болады.
2. Екі құрамды мақалдардың ұйқасып келуі есте сақтауға жеңіл.
3. Құрамындағы сөздердің көбіне бір, екі морфемадан болуы тұтастыра түседі.
4. Ұлттық таным, түсінікті негіз еткен ой бірлігі көңілге қонымды.
5. Синтаксистік тұтастың мазмұн мен пішінді біріктіреді.

Мақал-мәтелдердің замандар елегінен өтіп өкшеленумен бірге өміршендігін тағы да халық тұрмысы мен танымнан табамыз. Көшпелі ел әр адамның жұрт алдындағы беделі мен еңбегіне қарай мәртебесін де қоя білді. Ортақ мүддені, көзқарастағы ой бірлігін, адамгершілік қадір-қасиет нормаларын, моральдік талаптарды да мақал-мәтел, нақыл сөздерден табамыз. Нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің авторлары аты бізге жетпеген шешен, би, ақын, жыраулар екені белгілі. Хатқа түспеген сөздердегі автор аты келе-

келе ұмытылып, ел сөзі болып кеткен. Мақал-мәтелдерді кейінгі заман би, шешен, ақын, жыраулары ел сөзі ретінде пайдаланған. Қашанда жеке біреудің сөзінен де көптің атынан айтылған ой-пікірдің пәрменді болатындығын мақал-мәтелдер дәлелдейді. Ел ішінде халық сөзі деп қолданған мақал-мәтел, нақыл сөздер кімге де болса тоқтау, бітім болғаны да осыдан.

Нақыл сөздерді кейінгі қаламгерлерден де кездестіреміз «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» (М. Әуезов), «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» (А. Байтұрсынов), «Отан үшін отқа түскін, күймесең» (Б. Момышұлы), т.б. нақыл сөздер ел аузында мақалға, ұрпақ тәрбиелер, жұрт тыңдатар халықты ертер сөздерге айналған.

Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер:

- рухани байлық көзі;
- тәрбие құралы;
- моральдік талаптар негізі;
- шешендік өнерде қолданар даяр үлгілер ретінде маңызды.

155-жаттығу.

Мақал-мәтелдер

1. Өзін аяған дұшпанға дос.
2. Өмір үшін өлгенше күрес.
3. Тірескеннің тізесін бүктірген ер
Қайратыңа әдісінді жолдас ет.
4. Қырағының өзі де, көзі де батыр.
5. Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,
Жеңдім дей бер.
Бұқсаң – сұқты,
Тығылсаң – тықты.
Имендесең – езді.
Өлдім дей бергін.
6. Ана үшін аянба – ант ұрады.
7. Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек

8. Елсіз ер бола ма?
9. Біреу батыр болғанша, мың батыр болсын.
10. Мен істедім дегенше, –
Мың істеді десеңші,
Мың істеді дегенше, –
Ер істеді десеңші,
Ер істеді дегенше, –
Ел істеді десеңші,
Мен мыңдікі болмаса,
Ер елдікі болмаса
Кім істеді дер едің?
11. Шегініп серке болғанша
Секіріп теке болғын.
12. Айқаймен ала алмайсың,
Ақылмен, айламен алғын.
13. Көп тұрған су сасиды,
Ойламаған ми сасиды.
14. Өмір сүргің келсе, сүріне істе.
15. Маған деген атақты
Міндет етсең, өзің ал,
Әділдікке бас ұрып,
У берсең де, маған бал.
16. Ерді ел үшін,
Жігітті жұрт үшін – мақта,
Ежелден ер тілегі – ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
Қол жайып шын ниетпен берген бата,
Шаршаған жауынгерге бел тірегі.
17. Мақтанбағын мас болып,
Абырой алсаң табысқа
Қоян болма тығылып,
Жау көргенде қамысқа.
Арыстансыма ақырып,
Данышпансыма ақылдан,
Елемей көзге жалпыны,
Айырылып қалма жақыннан.

18. Жанымда жатыр деп ойлап
Қатынның тілін алмағын.
Бауырым екен деп ойлап
Жақынның тілін алмағын.
Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезіп тармағын.

(Б. Момышұлы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.Момышұлының нақыл сөздерінен қандай ғибрат алдыңыздар?
2. Ел жайлы, ер жайлы, Отан жайлы қандай ой айтылады?
3. Ғибрат сөздердің қазақ нақыл сөздерімен байланысын, мақал-мәтелдермен байланысын, ұлттық түсінікпен сабақтастығын ашыңыздар. Пікірлеріңізді мысалдармен дәлелдеңіздер.
4. Б. Момышұлы ғибрат сөздері туралы өз толғамдарыңызды айтыңыздар.

156-жаттығу.

Үлгілі сөздер

Барлы, Барлы, Барлы тау,
Басы есеннің – малы жау.
Ұйықтамаса, қабак жау
Ішпей жүрсе, тамақ жау!
Арық атқа – қамшы жау,
Жыртық үйге – тамшы жау!
Ұрысқақ болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келін жау!
Кетеген болса, түйең жау,
Тебеген болса, биең жау.
Ұл он беске жеткенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың!

Ақсұңқар, ұшқырмын деп мақтанба,
Алдыңда жаюлы тұрған торлар бар.
Тұлпар, сен жүйрікпін деп мақтанба,
Алдыңда қазулы саған орлар бар!
Басым көп деп, топтанба,
Малым көп деп, шоқтанба!
Бұрынғылар айтқан екен:
«Мал ұрысы – пенденің ұрысы,
Сөз ұрлаған – құдайдың ұрысы», – деген екен.

Сыбырласып сөйлесудің, сөзді жасырып сөйлескенінің хақында айтылған сөз. Бұрынғы заманның жақсылары бүркітше саңқылдап, айдай ғаламның көзінде сөйлесуші еді. Бұл заманның қулары: «Бері шығып кетші!» – деген пәлеге қалды. «От ішінде мақта, Мақтадай құдай сақта!»

(Мәшһүр-Жүсіп)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Халықтың жаулық туралы ұғымына не алып қосасыздар?
2. «Ақсұңқар ұшқырымен деп мақтанба» деген сөздің мағынасында не жатыр деп ойласыздар?
3. Бұрынғы заман кейінгі заман туралы халық не дейді? Адамдар танымындағы өзгеріс тілде қандай өзгеріспен көрінеді?

157-жаттығу.

Мақал-мәтелдер

Үй іші туралы

1. Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы.
2. Бала – ананың бауыр еті.
3. Бала қадірін, балалы болғанда білерсің.

4. Талабы жоқ жас ұлың
Жалыны жоқ шоқпен тең.
5. Ат болатын тай саяққа үйір,
Адам болатын бала қонаққа үйір

Тәлім тәрбие туралы

1. Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен жоқ болса, кішіден сұра.
2. Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман
3. Көп біл, аз сөйле
4. Ақылдассаң – шешерсің,
Ақылдаспасаң, кем кесерсің.
5. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені
Сыйласаң, сыйымды боларсың.
6. Қарағайға қарап тал өсер,
Қатарына қарап бала өсер.

Адам және оның қасиеттері туралы

1. Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.
2. Жақсы адам – елдің ырысы,
Жақсы жер – жанның тынысы.
3. Адам болатын бала
Алысқа қарайды.
4. Кісі болар баланың
Кісімен ісі бар,
Кісі болмас баланың.
Кісіменен несі бар?
5. Бірлігі жоқ ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.
6. Жаман дос – келеді,
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.
Басыңды бұлт алса,

- Іздеп таба алмайсың.
7. Биік төбеге шықсаң,
Көзің ашылады.
Жақсымен сөйлессең,
Көңілің ашылады.
8. Жақсы келді дегенше,
Жарық келді десеңші.
Жақсылықтың уытын
Алып келді десеңші.
9. Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.
10. Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.
11. Еменнің иілгені – сынғаны.
Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.
12. Еңбексіз өмір – сөнген өмір.
13. Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.
14. Жан қиналмай, жұмыс бітпес,
Талап қылмай, мұратқа жетпес.
15. Ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
16. Оқу түбі – тоқу.

Тіл өнері туралы

17. Көп сөз – күміс,
Аз сөз – алтын.
18. Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.
19. Шешеннің сөзі мерген,
Шебердің көзі мерген.
20. Тоқсан ауыз сөздің
Тобықтай түйіні бар.
21. Әдептілік, ар-ұят –
Адамдықтың белгісі.

- Тұрпайы мінез, тағы жат –
Надандықтың белгісі.
22. Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мақал-мәтелдерден қалағандарыңызды жаттап алыңыздар.
2. Мағынасын түсініп, қоғам мен тұрмыстан өздеріңіз қалаған 5 мақалға түсініктеме беріп, халық нақылының қай қоғам үшін де, қай кезең үшін де өзектілігін, мәнділігін ашыңыздар.

158-жаттығу.

Сонымен қасына батыр келіп отырған соң:

– Бүгін бес-алты солдат келіп ауылды тінтіп, сені сұрап кетіпті. Кешеден бергі сөйлеген сөздердің анау. Осы ұлықты ойыншық деп білемісің, осы? Кеше өзіңе ел аман, жұрт тынышта ел бүлдіруші осы деп, үш айға абақты кесіп отырған ұлық бүгін мынадай астаң-кестең үстіне ең алдымен елден бұрын сені торымай кімді ториды деп ойлайсың?!

– Уа, жаным, не қыл дейсің енді?! Кеше ұлық жалғыз мені көздеген болса, бүгін бар Албанның баласын қоса көздеп, қоса іздейтін болып отыр. Іздеді деп өле қалайын ба? Ұлыққа қай қылығым жағушы, еді менің? Жер үстінде жүрме, үніңді шығарма, қатын бол дейді. Соның бәріне бас ие берейін бе? «Басқа ұрса – өл, артқа ұрса – көн» дейсің ғой. Өлтірейін десе де жағаласпай, қол қусырып өл дейсің ғой. Өйтетін болсам, әкем Саурықтың аруағынан садаға кетсем болмай ма? Не айтпақсың? Не қыл дейсің? Төрт-бес солдат келіп-кеткен екен, шошығаның сол ма? Көрмеген құқайым ба еді?

– Сен болсаң өстесің? Өршеленбесе Ұзақ бола ма? – деп ыза-лағандай кекетіп:

– Сен ұлықпен ерегесімен деп сақалыңның ағына жеттің, кімді жеңдің? Неңе қолың жетті? Алты алаштың баласын қыбыр еткізбей бағындырып, ауыздықтап отырған құрығы ұзын патшаға Албан ішінен бір тентек шықса, жүк болады деп кім айтты, осы? Тартынатын, ойлайтын шағың бар ма, жоқ па? Өзге болмаса, ертең тілеуі бар балаң бар, артыңнан ерген інің бар. Ең болмаса, ертең кешегі тентек Ұзақтың баласы, інісі дегізбей көзге түрткі қылмай соларды ойласаңшы, ауыл ауылды, ағайынды ойласаңшы,

– Уа, Тұңғатар, тілеуің құрғыр Тұңғатар, не қыл дейсің? Соны айтшы. Күйдірің ғой сен-ақ. Өмір бойы «шөк-шөк» деп-ақ өлтірдің ғой сен!.. Айтшы енді, қайтейін мен? Кәне айт енді!

– Айтамын, айтатыным: кешеден сыбыс салып, әр жерден байқап жүрмін. Өзіміздің ауылдың балаларын мал шығарсақ, түгел амандап алып қалуға болатын көрінеді. Құдайға шүкір, екі-үш баланы алып қалатын дәулет бар. Өзгенің барғаны барар, бармағаны осылай жан сауғалап қалар. Мынау елді босқа желіктіріп құтыртпа, тоқтат. Қалмаққа барып жетіспейміз. Мал дүниеден айырыламыз. Ата қоныс мекеннен ел ауған деген оңай емес. Ол үлкен апат, сұмдық. Ешкімнің де бар Албанды сыйғызатын жері жоқ. Алдымен қыруар малмен өзіміз сыймаймыз. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында ата дәулет, қан қазына шашылып, төгіліп кеткелі отыр. Осы ақылға көн, тоқтат мынау елді.

– Болдың ба, Тұңғатар?

– Иә, болдым. Мен десең, аруақ риза болсын десең, осы сөзге бақ... тоқтағын.

Тұңғатардың «аруақ» деген сөзі батырдың бұрын да ашу кернеп отырған бойына у құйғандай болды. У құйғандай болды. Кішкене суық көзі қанталап, от шашып, шарасынан шыққандай шатынап қарсы отырған қажыға қарап:

– Аруақтан садаға кет, кәрі ит! Сені бүйтіп алжытқанша, неге алмайды бұл құдай шұнақ? Жоғал көзіме көрінбей, дүниеқор арам сирақ. Албан атынан, Саурықтың зәрінен садаға кеткір!... Өшір қараңды! Жолама менің маңыма! Осы жолда өлемін. Бірақ сен маған топырақ салушы болма! Өлігімді былғама... кет, кет.. қазір қасымнан!... – деп сөзің аяғына тепсініп ақырып жіберді. Батырдың қолы қалшылдап, жанындағы пышағына әлденеше рет барын қайтты.

Інісінің неше алуан қатты сөздеріне бұрын талай рет құлағы қанып, бойы үйренсе де, мына жерде Тұңғатар тіктесіп шыдауға жарамады.

– Мен арылдым... мен болдым... енді бір-бірімізге жоқпыз... мейлің, мейлің, – деп, атына мініп жөнелді.

Ұзақ бойын қалтыратқан ашумен қамшысын таянып, күн батысқа, жәрмеңке жаққа қарап, қадалып жалғыз отырып қалды.

Көз алдында асау, тентек өмірде өзінің істеген қылықтары да бірі артынан бірі тіркеліп, желіге тізілгендей ырғып өте бастады.

«Аруақ, аруақ», – дейді-ау, қара бет! Қай аруақты риза қылып еді? Маған аруақ осыны қабылдайды дерлік бұның не қасиеті бар еді? Тірі туысқан, өлі аруақты күңіrentкен қылық осыдан шықпап па еді?... – дегенде, бейуақытта ауыр оймен құлазып отырған кәрі батырдың көз алдынан өткен дәуірінің бір ауыр қайғысы шұбатылып, көлденеңдегендей болды.

(М.Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өңгімелесушілердің өз мүдделерін қорғауына баға беріңіздер.
2. Өз пікірлерін қорғауда қандай әдіс-тәсілдерді қолданады?

159-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Қандай ғибрат айтылады?

Ғибратнама

Апырымай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді,
Өткіздім қасірет пен қапалықта
Қызықты ойнап-күлер мезгілімді.
Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай,
Шықылдап көзге түстім сауысқандай.
Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім,
Өттің бе зарлауменен қайран күнім.

Түлкінің қызылдығы өзіне сор,
Болғандай, болдың маған өнер-білім!
Айналдым бұлт болып биік тауға.
Іліндім шортан болып жібек ауға.
Тілі жоқ көп мылқаулар тиыш жатыр,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.
Бұл күнде алтын азып, жез болыпты,
Дүниеде жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл іздеп гүлстанда жүрген бұлбұл
Бір күні қаршыға кез келіпті.
Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:
– Жалғанда ынтызарым – бір қызыл гүл.
Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын,
Ақылың сенің менен емес қой мол.
Бектердің оң қолында тұрағымыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұрадыңыз.
Татисың қымбат баға, қадір пұлға,
Жүресің патшалармен шығып жолға.
Жазым боп, жазатайым түссең торға,
Түсірмей әкететін қолдан-қолға.
Өткіздім мен әрбір түнді сайрауменен
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Ұзын түн зығырданым қайнауменен.
Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып шашылмайды.
Оянсам ұйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім бір көре алмай басылмайды.
Қаршыға келді, сонда жақындасып,
Бұлбұлмен сөйлесуге жауаптасып:
– Құс ішінде, сен ақымақ, ақылың жоқ,
Бір күнде мың мұратты табар едің.
Қаршыға мұны айтқан сен де ерсің,
Тілегін әр пенденің тәңірім берсін.

Табарым мылқау болып мұрат болса,
Болмаған хасыл мұрат кете берсін.
Мұрнынды шошайтасың мақтағанға,
Жүруші ең келемеж боп көк тағанға.
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып жүресің де сақтанғанға.
Бермейді саған етті қанымен,
Бір құстың тоятатпас саныменен.
Өзінді ертеден-кеш ашықтырар,
Құс көрінсе, алсын деп жаныменен.
Бір ұрттам қан ішерсің, бір құс алсаң,
Сен ақымақ, тамақ үшін болған сарсаң.
Қанатың бола тұра құл болғаннан,
Онан да жақсы емес пе өле қалсаң.
Жаратқан бір құдайға жетер дәтім,
Зарланған ұзақ түндер мінәжатым,
Бітпесе мұрадым кетсін, барсын,
Ғаламға датан болған «бұлбұл» атым.

(Мәшһүр-Жүсіп)

Шешендік толғау. Терме

Шешендік өнердегі ең күрделі кесте – шешендік толғау. Толғау – шешеннің ішкі толғанысы. Толғаныс өмір жайы, дүние, дүние сыры, адамдар қатынасы, анық мәні, т.б. түйінін шешуі күрделі мәселелерге арналады.

Қазақ дүниетанымындағы дүние, оның мәні, сыры не деген сұрақтарға жауап басқа халықтар мәдениетіндегідей жазбаша хатқа түспеген. Дүние сырын шешу өлеңмен, жырмен айтылады. Бұның өзі қазақ би, шешендерінің даналығын, ақындығын, терең ой иелері екендіктерін көрсетеді. Би, шешендер – тек жұрт алдына шығып, уағыз айтушы немесе әдемі, ойын жүйелі сөйлеуге үйретуші ғана емес, таным сырларын шешуші, тағлым мәнін жеткізуші де. Шешеннің орны, бидің қызметі – қазақ елінде тек сөйлеуші емес, билеуші, шешім айтушы сондай-ақ, жұртқа таным сырларын, саясат ісін, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мәнінің

түйінін ашатын жан ретінде қадірлі. Шешендік толғаулар осындай зор қызметтер атқаруымен маңызды. Толғау – қазақ қарақалпақ, ноғай халықтарында бар. Толғаудың жоғарыда атанған қызмет, мән-маңызына қарай қырғыздар «санат-насыят ырлар», құмықтар «ойлы қырлар» дейді.

Толғауда:

- қоғамдық қызметтер;
- саяси;
- философиялық-танымдық;
- тәрбиелік, тағылымдық;
- азаматтық мәселелер көтеріледі.

Толғаудың басқа түркі халықтарында кездесуін оның қалыптасу кезеңі іргесі алшақтамай, бөліне қоймаған XII-XIV ғасырлармен байланыстырамыз. Толғау – ақынның, шешеннің ішкі жан толғанысы. Толғаулардың көбіне-көп көтеретіні – ел, жер, ұлт тағдыры. Толғауға:

- насихат, өсиет;
- қоғамдық-әлеуметтік жайға алаңдаушылық;
- саясатқа күмән;
- философиялық талдау тән.

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінде Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, т.б. есімдермен қатысты кейінге нақыл, мақал-мәтел болып қалыптасқан тіркестер мен үлгі сөздер көп. Толғаудың нақыл, мақал-мәтел, шешендік сөздерден айырмашылығы – белгілі бір мақалмен, аспаптың сүйемелдеуімен айтылатындығында.

Терме – қазақ тіліндегі ғибраттық мәні бар мораль идеялары айтылатын, нақыл сөзге құрылып, үлгі-өнеге беретін ұйқасты сөздер. Мазмұны мен пішіні толғауға жақын. Толғау қоғамдық-әлеуметтік, танымдық, т.б. мәселелерге арналса, термеде көпшілікке ғибраттағлым, тәрбие, мораль айтылады. Тыңдаушының қабылдауын ескеріп:

- сөздің мағыналы, әсерлігіне;
- ырғағының ширақтығына;
- екпінінің тегеурінділігіне назар аударылады.

Терме – ғибраттық мәні бар лирикалық өлең түрі. Нақыл

сөз үлгісіндегі өнегелі сөздер жеті-сегіз буынды болып келеді. Мазмұны, пішіні жағынан толғауға жақын. Толғауда әлеуметтік-қоғамдық жайлар көбірек айтылса, термеде күнделікті тұрмыс, тіршілік өлеңге қосылады. Терме қалың көпшілікке түсінікті, тілі, айтар ойы күнделікті тіршілікте кездесетін жайлар болғандықтан әсерлі де. Оның жігермен, аспаптың сүйемелдеуімен айтылуы да кең тарауына мүмкіндік берері сөзсіз. Толғау мен терменің шешендік өнермен қабысуы да – көркем, бейнелі тілмен өмір, тіршілік, қоғам, адамдар қатынасы жайында ой тастауында. Толғау, терме – ұлтты жан-жақты тәрбиелейтін рухани мәні, танымдық сипаты жалпы жұртқа орналып айтылатын жырлар. Толғау – шешен, билер қолданатын қалыптасқан үлгілер.

160-жаттығу. Түсініп оқыңыздар, мазмұнын айтыңыздар.

Дарынды сөз

Дарынды сөз деп ақын тілді шығармаларды айтатынымыз алдыңғы баптарда айтылған сөздерден мәлім болғандықтан, мұнда қайта баяндаудың қажеті жоқ.

Қара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі болатындығы қара сөз түрлерінен анық көрінеді. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңіліне түйіп, өз ойынша сезіп, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады.

Ақындықтан шыққан сөзді, яғни көркем шығармаларды, үлгілі жұрттар айтылуында қарап, үшке бөледі: **1)** әуезеленіп айтылуына қарай, **2)** толғанып айтылуына қарай, **3)** ғамалдап айтылуына қарай. Бұлайша бөлу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне

келсе де, ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей, тұтыну орнына қарай бөлінеді. Осылай бөлінбесе, ауыз әдебиеттің сөздерінің көбі жоғарғы айтылған үш салаға үйлеспей, далада қалып қояды. Ауыз шығармаларды сөз қылғанда, көркем сөзді шығармалар жоқ. Неге болмайтындығын азырақ айтып, түсіндіріп өту қажет болады.

Әдебиет сөзін тәртіппен топқа бөлу керек. Жұрттан шыққан ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш топқа бөлген: **1) әуезе, 2) толғау, 3) айтыс.**

Не үшін олай бөлген мәнісі әр табы бас-басына баяндалғаннан көрінбекші.

Толғау

Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйіншіп, сүйіншін айтып, шер тарқату үшін толғайды, екінші, ішкергі ғалымында болған халдарды, нәрселерді, тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында.

(А.Байтұрсынов).

161-жаттығу.

Шын мәнінде Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқының этникалық болмысымен санасу арқылы, шаруашылық-мәдени сүлесін ескеру арқылы және елдің географиялық орналасу ерекшелігіне орай жасаған мемлекеттің саяси-праволық заңы болатын. «Жеті жарғы» арқылы далалық демократия, дәлірек айтсақ, көшпелілер демократиясы өзінің ұзына тарихында шырқау

биікке көтерілді. Бұған дейінгі үш мың жылдық тарихта хан мен қағанды тәңірге балап келген халық өзі тап болатын бақты да, сорды да сол хан мен қағанның қылық-қасиетінен көріп келсе, Тәукеннің «Жеті жарғысынан» кейін біртұтас қазақ халқы өз тағдырының тізгіні өз қолында екенін сезінді. Халық өз ішіндегі тәртіп пен сыртқы қорғанысқа ең алдымен өзі жауапты екеніне мойын ұсынды. Тәуке хан мұндай демократиялық үрдіске «билер кеңесін» құру арқылы қол жеткізді. Рас, бұл жерде заң шығару, шешім қабылдау ісіне хан мүлде араласпайды деген ұғым тумайды. Тәуке хан енгізген демократиялық биліктің икемділігі сонда, ел тағдырына қатысты істе тек қана ақыл мен қайратқа алдымен жол беріліп отырды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, Махамбет ақын, Сүйінбай ақын сияқты ұлы тұлғалардың тіреп тұрған әскері болмаса да, шалқып жатқан дәулеті болмаса да, қарсы келген ханға қасқайып тұрып сын айтып, кемшілігін бетіне шығғырып басқандай ететіні, сонысымен мәртебе мерейінің аспандай түсетіні, ең алдымен халқының сөзін сөйлеп, халқына арқа сүйенгендіктен, даланың бұл сияқты демократиялық үрдісі ел ішінен шын мәнінде дана бидің, тапқыр шешеннің, көрген қолбасшылардың сұрыпталып шығып отыруына себепші боды. Әрине, мұндай үрдістен көшпелілер қоғамы Тәуке ханға дейінгі өзінің ұзына тарихында мүлде құралақан болып еді деп, ауызды қу шөппен сүртудің қисыны жоқ. Тәуке ханның тарихи еңбегі, өзіне дейінгі сан ғасырдың өмір тәжірибесін, көшпелілердің демократиялық үрдісінен жинақтап қорыта келіп, елдің бірлік пәтуасына қызмет ететін тетікті таба білуінде. Сондықтан да, халқы оның есімін «Әз-Тәуке» деп қастерлеп атады.

(А. Сейдімбек)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Жеті Жарғыға» берілген ғалым пікірін санамалап жазып шығыңыздар.
2. Билер қызметі туралы не айтылған? Мәртебесі мен халық алдындағы беделі туралы қандай пікірлер келтірілген?
3. Мәтіндегі тірек сөздерді жазыңыздар.
4. Мәтінді әңгімелеңіздер. Автор ойына өз көзқарас-пікіріңізді қосып, түйіндеңіздер.

VI бөлім

Пікірталас мәдениеті

Пікірталас түрлері

Шешендік өнердегі қажетті тұс – сөз айтысына қатыса білу, пікірін таластырып, өз ойын қорғай алу. Шешен жұрт алдына белгілі бір тақырыпты алып, сол бойынша өз ойын, өз ұстанымын береді. Осы ұстанымның тірегі мықты, дәлелі нақты, ойы жүйелі болуымен бірге, оны қорғай білудің де маңызы зор болмақ. Бүгінгі қоғам сөз еркіндігіне мүмкіндік береді. Бірақ бұл не айтқысы келсе, соны айта беру деген емес. Ұтымды ойдың, адамгершілік норма қалыптары мен қоғам талаптары шеңберіндегі көзқарасты танытуға, соны дәлелдей алуға деген мүмкіндік. Сондықтан да шешеннен талап етілер шарттардың қатарына аудиториямен жұмыс істеу, сұрақтарға әдеп тұрғысынан жауап бере білу, пікірталасты дұрыс өрбіте білу, полемиканы шебер меңгеру көпшілікпен мәдениетті әңгіме жүргізіп, тіл табыса алу негізгі болады. Шешендік сөздің ерекшелігінің өзі де көпшілікпен әңгіме жүргізу, диалог құра білу. Күнделікті қарым-қатынаста біз пікірталас мәдениетіне көп мән қоя бермейміз. Ал, көпшілік алдына белгілі бір мақсатты ұстанып шыққанда бұны орындаудың қажеттілігі анықталады.

Пікірталас мәдениетіндегі ең басты аудиторияға ой тастау, ал көпшілік ойы әрқашан бір арнаға құя бермейді. «Ойды ой қорғайды», жаңа пікір тудырады немесе жаңа пікірдің ашылуына жағдай жасайды, не қарсы көзқарас пайда болады. Бұның өзі – шешеннің аудиториямен дұрыс жұмыс істей алуының жемісі. Егер шешен пікіріне орай сұрақ болмаса, онда әңгіменің мақсатына жетпеуді деп те бағалау керек.

Сұрақтың мазмұнына қарай оны екіге бөлуге болады:

- 1) түсіндірме сұрақтар;**
- 2) қосымша сұрақтар.**

Сұраққа берілген жауапқа әрқашан да барлығы бірден келісіп, немесе шешен сөзіне мойынсұну бола бермеуі де мүмкін. Бірақ бұл тұста пікірталас пайда болады. Жалпы пікірталасты сөз айтысының бір түрі десек, шешендік сөз жарысы ретінде ерте дү-

ниеден бастап белгілі. Сөз айтысының теориясын жасаушы Аристотель оны үшке бөледі:

- диалектика – ақиқатты анықтау мақсатындағы айтыс;
- эристика – қалайда өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу;
- софистика – жалған пайымдармен жеңіске жету.

Көне Грецияда Сократ пен Платонның софистер мен эристермен арадағы қызу сөз айтысы – тарихтағы сөз жарысының үлгілері.

Сөз айтысын ең көп қолданылатын түрі – пікірталас.

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлері қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірлерін дәлелдеу.

Пікірталасты мынадай түрлерге бөлуге болады.

1. Пікіралмасу
2. Ойталқы
3. Пікірсайыс
4. Ойбөліс
5. Айтыс.

Пікірталастың нәтиже беруі сөз айтысының логикалық-құрылымына, тойтарыс беру тәсілдеріне, репликаны қабылдай білуге, осал тұсты таба алуға байланысты болады.

162-жаттығу.

Абай оның сәлемін алмаса да, үнсіз ғана қабылдап, өзінің оң жағынан төменірек орын нұсқады. Сабыр етіп отыра тұруын аңғартты. Сөйтті де жаңағы халфеге бұрылған алғашқы бет ажарын сол күйінде сақтай отырып, сөйлей жөнелді.

– Сіз, дін адамдарды, осы қаланың хазірет, ишан, ғұламалары осындай жайға өздеріңіз араласуда шарт, қажет деп біліпсіздер. Айтайық оларынңыз жөн болсын. Бірақ осындайда інсапты, ұлтжанды, ар-иманды несіне ауызға алып көмей толтыра, көптіре сөйлейсіздер? Неге риямен, екіжүзділікпен сәттің арасында жүз құбылып, жалған жолда жүресіздер? – деді.

Абай сұрауларының салмағы бата бастаған Юнус халфе жүгінен қалпында, жорғақтай түсті.

– Қалай, қалайша? – деп қалып еді. Абай оң қолын жай салмақпен, бұйрық ете қозғай берді.

– Сабыр сабыр... солайша – деді де, жылдам ғана бастырмалытып, қадала сөйлеп кетті.

– Риялық, екіжүзділік дейтінім: сіздер кеше мен бүгін, барлық мешіттердің ұстаздары, имам-қазіреті болып, ең алдымен патшалық кеңсесінің, орыс чиновниктердің, бөтен дін адамдарының, яғни қауымның ұлықтарына бардыңыздар! Бар ажар, назарларыңды, салып неше алуан айла, дәлелмен жалынып та, жалбыранып көрдіңіздер. Жағынып, мақтап сөйлеп, өтініштер айтып шықтыңыздар. Мешіттеріңіздің мөрлерін былшита басып, нелер шебер жазылған хұсният, ғаризаларыңызды өбектеп апарып, жағына кіргіңіздер! Енді сол махкамалардан қарға адым жерге шықпай, менің үстіме келіп, үйіме кіре бере жаңа ғана өздеріңіз мадақтай мақтап шыққан патшалық әкімдерін хақаттырып, ияттай келесіздер. Бұның аты не? Барып тұрған екіжүзділік, жалғаншылық маскаралық емес пе? Жеке адам жалғыз басымен, өз бетімен осындайды істесе, біз соны көре тұра жерге түкірер едік! Жиренгеннен өртенгендей болар едік. Осы қаладағы ноғай, қазақ халқының атынан сан мыңдаған қауым атынан, сол қауымның ұстазы, тәрбиешісі, рухани басшысы аталған көп жандар, яғни ишан, имам халфе қазірет молла, мәзін, шәкірттер атынан сөйлететін сіздердің мінездеріңізді не деп ауызға аламыз? Қайтіп жиренбей, ренжімей атаймыз? Жалғаншылар, екіжүзділер, қор мінезді, адамгершілік қайыршылары демей, сорлары демей қайтіп шыдаймыз? Мен сіздер шығып келген сол мешіт, сол дін атынан намыс етер едім әуелі! Қорландар едім осындай мінездерің үшін! – деп екі халфенің енді аузын ашырмады. Осы сөздердің бәрінің тұсында әрі даугер, әрі айыпкер сыншы қалпына ауысып алған Абай екі халфені, соншалық шындап, елемей де отыр. Сондықтан бұның қыры көп, кесек мінезіне қазір үнемі бір мысқыл, жерлегіш ажуа да ұдайы араласа отырды.

Әбіш көлденеңнен қарайды. Оның естіген сөздері мен ұғынған жайлары Абайды қатты бір намыспен ширықтырып отырған

сияқты. Бірақ сонымен қатар Әбіш әкесінің жүзіне қараса оның ақ-қарасы да ап-айқын, шошақтау біткен көздеріне салқын күлкі, ащы бір мысқыл аралас отырғанын байқайды.

Абай ендігі сөзінің соңын иман деген жайға, Юнус халфе бұны өзінше тұсамақ болған жайға соқтырды. «Шархы Ғабдоллаға» дейін жетіп, құлдық «үлкен кітапқа орай біліміміз бар» деп жүрген моллаларды енді Абай сол кітаптардың тілімен сөйлеп, таңдандыра бастады.

– Екі түрлі иман бар еді – яқини иман, тақлиди иман. Жұртқа сол иман атымен өсиет, хукім айтпақ боласыздар. Осы отырған екеуіңізді мен не дейін?! Яқини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ. Тақлиди иманы деуге әуелі өздеріңізге беріктік жоқ, яғни, я алданғанда, я азғанға, я бір пайдаңызға қарай дархал осы сағаттың өзінде «ақты – қара» деуге, «қараны – ақ», «өтірікті – шын» деуге әзірсіздер. Сол терістердің бәріне ант етуге әзір отырған сіздерді не дейміз? Жоқ, бүгін мынадай дау мен пәле шығып тұрған шықта, «қылыш үстінде серт тұрмайды» десеңіздер, сіздерден не күтейік? Патша әкіміне кіргенде тағзым ете жалынасыз, жалған айта-сыз. Үйге қайтып киізші Сейсекедей байға барғанда, бет сипап фатика қыла отырып, жаңағы өзіңіз кірген ұлықты қиянаттайсыз. Маған келе бере жаңа ғана өзіңіз екі жерде екі түрлі жүз көрсетіп, өздеріңіз сатып қорлап келген иманды маған қарсы құрал етесіз. Қылыш етіп сауырасыз. Яғни менің қолыммен қазақтың бишара қызын дарға астырсақ, қанға былғатпақ боласыз. Солай ма? Осылайша, иманы мен арын саудалап жүрген сіздердей жаңдардың сіздерді жіберіп жұмсап отыраған иман ұстаздарыңыз «жалғаншы сіздерді жіберіп жұмсап отырған иман ұстаздарыңыз «жалғаншы, қиянатшы жүзі құрысын!» демеске не шарам қалды? Барыңыз, жөнеле беріңіз! Менен осыдан өзге естір сөз, алар сыйларыңыз болмас! – деп соңғы сөздерін бұйрық ретінде айтты.

(М. Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Абай дін өкілдеріне бастырмалата, шалқыта сөйлегенде нені сөзіне дәм тұтты?

2. Абай имам қазіреттердің патша кеңсесінде сөйлеген сөзі мен мұсылман қауым ішінде айтқан сөздерін, істерін неліктен ұнатпай, жирене айтады?

3. Абай айтар «яқини имам, тақлиди иман» туралы өздеріңіз ой толғаңыздар, сол қасиет бүгін кімдерде бар деп топшылайсыздар?

Сабақ соңында «Қазақ және дін» тақырыбында шешендік толғау жасаңыздар?

Пікірталасқа дайындық. Пікірталасты жоспарлау

Көпшілікпен сұхбат немесе жеке адамдармен пікірлесу, пікірталасқа түсуде алдын ала дайындықтан өткенде нәтижелі болары сөзсіз. Көпшілікпен, жеке адамдармен пікірлесу, пікірталастыру үшін дайындықтың бірнеше кезеңдерін көрсетуге болады.

Күнделікті дайындық. Баспасөз құралдарын қадағалау, ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиеттер оқу, ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарынан хабардар болу, қоғамдағы саяси, әлеуметтік істерді ой елегінен өткізіп, баға беріп отыру т.б. күнделікті тұрмыста алатын мәлімет, білімді орнымен пайдалану қажет. Қызметі, жұмыс ыңғайы көпшілікпен қарым-қатынасқа негізделген адам үшін дайындық:

- көркем әдебиеттерден цитата, үзінді, мысалдар жинау;
- мақал-мәтел, қанатты сөздер жаттау;
- сөйлеу техникасына жаттығу;
- сөйлеу әдебі нормаларын сақтау;
- шешендік өнердің теориялық, әдістемелік негіздерін меңгеру.

Белгілі бір тақырып бойынша сөйлеуге дайындық

Нақты бір тақырып бойынша сөйлеуді шешендік өнердің бір түрі деп те қарастырады. Оның төмендегі бөліктерін жетік түсініп, басты сипаттарын аша алғанда нәтижелі болары сөзсіз.

- Тақырыптың мәні;
- тақырыптың өзіне ғана тән ерекшеліктері;
- аудитория құрамы;
- сөйлеу тілі.

Тақырыптың аталуы нақты, мүмкіндігінше қысқа, көпшіліктің қызығушылығын туғызатын болғаны дұрыс. Тақырыптың жалпылық сипатынан гөрі нақты бір мәселені көтеретіндей жинақылығы да оң нәтижеге жетуге кепіл болады. Көпшілік алдында айтылар сөзге дайындықтың басты кезеңі – материалдар жинау. Сондай-ақ, сөздің нәтижелі шығуы төмендегі материалдар:

- негізгі ресми құжаттар;
- ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер;
- анықтамалық әдебиеттер: энциклопедиялар, энциклопедиялық сөздіктер, ғылымның әр саласына арналған сөздіктер, лингвистикалық сөздіктер (түсіндірме, шет тілдер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдер, т.б.) библиографиялық көрсеткіштер;
- көркем әдебиеттер;
- газет-журналдағы мақалалар;
- радио, теледидар хабарлары;
- әлеуметік сауалнама нәтижелері;
- өзінің бұғанға дейінгі білімі мен білік, танымы;
- байқау, ой қорыту.

Кез келген ортада әңгімеге шығу үшін сол ортаға қатысты материалдарға жетік болуы керек. Сөйлеу алдындағы дайындықтың маңызды кезеңдері:

- іріктелген әдебиеттерді игеру;
- оқыған материалдарды ой тезіне салу;
- қорытынды жасай білу;
- талдау, материалдарды жүйелеу;
- ортаның ықылас, талабына, қажеттігіне қарай материалдарды іріктеу.

Дайындық түрлеріне:

- сөздің жазбаша мәтінін дайындау;
- мәтінді бірнеше рет дауыстап, мәнерлеп оқып дағдылану;
- қажетіне қарай кейбір тұстарын жатап алу керек десе келесі бір сөз шеберлері;
- тезис немесе жоспарын жасау;
- мәтіннің негізгі бөліктерін ғана жазу, яғни тірек бөліктерін әзірлеу;

– мәліметтерді (аты-жөндерді, статистика, қанатты сөздер, цитата, т.б.) іріктеу маңызды деп есептейді. Қалай болғанда да, ойды дәл жеткізе білу, тақырып мәнін ашу үшін жоспар құрудың маңызы ерекше. Жоспар – мәтіндегі ойдың берілу реті, қысқаша мәтін бағдарламасы. Жоспар жай және күрделі деп бөлінеді. Жай жоспар бірнеше тармақтардан тұрса, күрделі жоспар кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан құрылады.

Кіріспеде тыңдаушыларды тақырыпқа дайындайды, тақырыптың көтерілуінің қажеттілігі (өзектілігі), дәл сол аудитория үшін мәні, маңызы, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ мәселенің тарихы айтылады. Кіріспе бөлім тыңдаушыларды қызықтыра алатындай тартымды ойлы, көңілге қонымды болса, келесі бөлімдерді ашуда сөйлеуші үшін оңай болары сөзсіз.

Сондықтан да риториканы зерттеушілер кіріспеде:

- тыңдаушыларды ұйытардай бір сәтті даяндау;
- юморды сәтті пайдалану;
- аңыз, ертегімен сабақтастыра бастау;
- көпке мәлім оқиғаны талдау;
- риторикалық сұрақ;
- тыңдаушыларға сұрақ қою, жауап алу әдістеуді қолдану аудитория ерекшелігіне қарай өз нәтижесін беретінін айтады.

Негізгі бөлім айтылар ойдың орнымен жеткізілуі, жинақталған материалдардың аудитория ыңғайына қарай сәтті қолданылуы үшін олардың ретімен, жүйе-жүйемен баяндалуын талап етеді. Мәтіннің дұрыс құрылуы материалдарды орнымен пайдалану әдістеріне байланысты. Оның бірнеше түрлері бар.

1. Индуктивті әдіс (жекеден жалпыға).
2. Дедуктивті әдіс (жалпыдан жекеге).
3. Салыстыру әдісі (түрлі құбылыс, оқиға т.б. салыстыру).
4. Баспалдақты әдіс (бір мәселені талдап талқылап аяқтап, келесіге көшу).
5. Тарихи әдіс (хронологиялық жолмен баяндау).

Мәтінді нақты бір әдіспен зерттесе, нәтижелі болады. Негізгі бөлімдегі теориялық талдау, дәлелдеменің нақтылығы, мәліметтердің дәлдігі, сөйлемнің түсінікті құрылымы, ойдың жүйелілігі қорытындыны дұрыс жасауға ықпал етеді.

Қорытынды «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» береді. Кіріспеде қойылған мақсат-міндеттердің орындалуы айтылады. Негізгі бөлімдегі алынған нәтижелер жинақталады. Келешек істер жоспарланады, атқарылуы қажет жұмыстар айтылады. Мәтіннің стиліне, айтылған ой-пікірлердің түйініне қарай қорытынды да түрлі реңкпен (эмоциямен, нақты жоспар, міндет қабылдаумен белсенді іс-қимылға шақырумен) аяқталатыны белгілі. Қалай болғанда да сөздің соңында ортақ ой, түпкі мәселе шешімі түйінделуі керек.

163-жаттығу.

1. «Алғашқы өркениет қайдан бастау алады?»
2. «Соңғы сәнмен киіну: батылдық па, талғам ба, еліктеу ме?»

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Берілген тақыптарға әңгіме құрастырыңыздар.
2. Жай және күрделі жоспар құрыңыздар.
3. Жоспардың қай бөліктерін өздеріңіздегі бар білімді пайдалана аласыздар? Қай бөліктеріне арнайы дайындық қажет?
4. Қай тақырыпқа арнайы, қайсысына көпшілікке арналған материалдарды пайдалансыздар? Неге?

164-жаттығу.

XXI ғасырда айқын сезіле бастаған да, ашық айтылып та жүрген жаһандау үрдісінің демеушісі АҚШ-та, оның тіл саласындағы ұстанған саясаты – ерте ме, кеш пе, әйтеуір, жер жүзіне ағылшын тілінің үстемдігін жүргізу. Бұл процесс ғылым мен техника, экономика, мәдениет, т.б. саласымен қабаттаса, бүкіл Азия елдерінің де көбіне ене бастады. Қазақ өмірі де одан тыс қалып отырған жоқ. Басқа ұлттарға, әсіресе қалыптасып тұрақтанған елдерге бұл процестің әсері өзгеше болса да, мемлекеттік тілдің жағдайы

өзімізге белгілі қазақ еліне тигізер әсері игілікті бола қоймайтын сияқты. Біз үшін, біздің тіліміз үшін, бұл жаһандау қазақ атам айтқандай: «Кедейді қарақшы кезеңде күтіп алып бір тонаса, ойпат-та жатып алып екі тонайды» дегеннің керін келтіретін сияқты.

Қазақ тілі орыс тілінің өктемдік әсерінен құтыла алмай отырғанында, ағылшын тіліне қақпасын ашуға мәжбүр. Ал ағылшын тіліне лап қойған жастар қазақ тілі тұрмақ, орыс тілінің өзіне селқос қарайтын болды. Міне, жаһанданудың тілімізге тигізер әсері.

Ендігі мақсат: жаһанданудың тайқазанында ең болмаса «қазақ» болып қайнау үшін қолдан келетін айла-амалды ойластыруымыз керек.

Қорыта келгенде айтарым: мемлекеттік тілімізді аман сақтап, тұрақтандырып, ілгері дамыту үшін қазақ баласына, бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет-ақ.

Ана тіліміздің атқаратын қызметтері қандай? Әдетте, оның негізгі қызметін – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы деп санайды. Алайда, оның басқа да сан алуан қызмет атқаратыны қарапайым жұрт біле бермейді. Мәселен, көркем шығарма тілі адамға эстетикалық ләззат сыйласа, тілдің жинақтаушылық қызметі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени байлығын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, танымдық қасиеттерін бойында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мұра етіп жалғастыратын қасиетке ие. Ол ғана емес, тіл – қорған, тіл – қару, өнер алды – қызыл тіл, тіл – ұлттың жаны мен мәні, т.т. Сонымен қатар: тіл – елдің елдігінің кепілі, ұлтты ұйыстыратын ұйытқы.

Осылардың әрқайсысы жеке-дара философиялық ұғымдар. Өз тілінен айырылған ел – ел емес, ұлт – ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына: ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі. Сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жержүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып қалуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйытыратын ұйытқы болар күдіреті күшіне сүйенуі керек деп білеміз.

(Ә. Қайдар)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаһанданудың тілге әсері туралы мәтінде не айтылған?
2. Орыс және ағылшын тілдерін білудің пайдасы қандай? Зияны бар ма?
3. «Ұлттық сана», «азаматтық биік тұғыр», «мемлекеттік идеология» тіркестерін қалай түсінесіздер?
4. Тілдің эстетикалық, жинақтаулық қызметі туралы не білесіздер?
5. «Тіл – қорған», «тіл – қару», «өнер алды – қызық тіл», «тіл – жаны мен мәні» деген ғалым пікірін таратыңыздар.
6. «Жаһандану және қазақ тіл» тақырыбына баяндама әзірлеңіздер.
7. Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемді қалай түсінесіздер?

165-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

№	Қорытынды түрі	Қолданған сөздер мен тіркестер	Тақырып
1	Жалпылама қорытынды.	«Сонымен», «Ендеше»	
2	Тыңдаушыларды нақты бір іске жұмылдыру.	«Біріншіден», «Екіншіден»	
3	Тыңдаушыларға алғыс айту.	«Тыңдағандарыңызға» «Көңіл қойғандарыңызға»	
4	Юмормен аяқтау.	«Бірде Қожанасырдан сұрапты»	
5	Мадақтау, көңіл көтерумен аяқтау.	«Сіздерге үміт артуға болатынына сенемін»	

166-жаттығу.

Жұмбақтың шешілуі

Ұзақ жолдан шаршап келе жатқан бір жігіт бір ауылға келіп түседі. Үй иесі ақсақалды қария екен. Сәлем беріп, үйге кірген жігітке қария:

– Сәлемші болсаң, жоғары шық, мысығым! – дейді. Жігіт іштей «мысығы» несі деп ойлайды да, қисайып жатып көзі ілініп кетеді. Бір уақыттар шамасында әлгі қария:

– Тұр, арыстаным, тамақ дайын болды, – дейді жігітке.

Жолаушы бұл сөзіне де таңданып, ештеңе демей, тамақ ішіліп болған соң жүруге әзірленеді. Кетерінде ақсақал жігітке:

– Жолың болсын, жыршым!– дейді.

Қарияның жұмбақ сөзіне таңданып, түсінбеген жігіт аң-таң болып кете барады. Еліне жеткен соң көпті көрген көнекөз бір қарияға келіп, осы жайларды айтады.

– Е, балам, түсінбеген екенсің, – дейді бұған өз аулындағы қария. – Ол ақсақалдың саған айтқандары мыналар еді. Біріншісі, тосын қонақ алғаш рет үйге келгенде «қалай қарсы алар екен» деп жалтақтай келеді. Саған «жоғары шық, мысығым» дегені сол. Екіншісі, қонақ келген соң үй иесі ұялады, «қонақтың көңілін, жай-күйін қалай тапсам екен» дейді. Саған «тұр, арыстаным» дегені сол еді. Ал үшіншісі, қонақ аттанып кеткен соң, көрген сыйсияпатын қай жерде, қалай айтса да өз еркінде. Ақсақалдың саған «жолың болсын, жыршым» дегені сол еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қонақты мысыққа, арыстанға, жыршыға тенеуде қандай ұлттық сипат бар?
2. Қонақ жайында қандай мақал-мәтел, нақыл сөздер білесіздер?

Пікір алмасу және оның ерекшеліктері

Адамдар арасында пікір алшақтығы, түрлілігі пікірлесуге, ой бөлісуге, талдауға негіз болады. Айтыс – қазақ халқының ежелден қалыптасқан өлеңмен суырып салып айтатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – түрлі ой-пікірлер толқыға түсуі, әр пікір, ойды айтушының өзін қорғай алуы. Айтыс көпшілік алдында немесе екеуара немесе топтар арасында өтуі мүмкін.

Пікіралмасу көпшіліктің шындықты, негізгі ойды анықтаудағы айтысы. Пікіралмасу – көпшілік-ғылыми немесе саяси айтыс.

Пікіралмасудың нәтижесі – ортақ пікірге келу, сондықтан да қатысушылар бір пікірге тоқтамаса да, өзара түсіністік, келісім болады.

- Пікіралмасу – пікірталастың бір түрі;
- қатысушылардың мүдделері ортақ болады;
- пікіралмасуда ортақ шешімге, пікірге тоқтайды;
- қатысушылардың барлығы өз ойларын айта алады, тең құқылы;
- регламент қатысушылармен келісе отырып белгіленеді.

Пікір алмасуда есте ұстайтын талаптар.

1. Мүмкіндігінше өз пікірін әдеп ережелері шеңберінде жеткізу.
2. Қызуқандылыққа, сабырсыздыққа жол бермеу.
3. Өзің терең білмейтін, тақырып жайында айтысу дұрыс емес.
4. Пікір алмасу кезінде өз пікірінің дұрыс еместігіне көз жеткізген кезде, бұрыстығын мойындау.
5. Айтыс – өзі ойының дұрыстығын дәлелдеуден гөрі шындықты анықтау екенін ұмытпау.

167-жаттығу.

Серікбай алғашқы қымсынып қалған қалпынан жазыла алмай, **бөгелектеп** тұрып, сөз бастады. Бірақ сөзі бұрынғы ойдағы дайындаған сөзі емес, жуасып, жұмсақталғандай кібірттік еді. Өзі де ырза бола алған жоқ. Тізектетіп, әуел бастан-ақ елді алдына сала:

– Елдің жауап беруі қиын болып тұр. Елге ауыр тиіп тұр... Көптің өзі біледі! Жұрттың ісі.. Жұрт өз аузымен айтсын. Бала бересіңдер ме? – деп, елге қарай бұрылып дауыстап жіберді.

Жұрт бір ауыздан:

– Жоқ! Жоқ! – деп, шу-шу етті. Маңайдан түйілген көп қабақ, тістескен жақ, ашу мен қанын ішіне тартқан жүздер, ұлықтарды оңды-солды шаншып, шошытып өткендей болды.

Жұрт жаңағы Серікбай сұрағымен шу-шу еткенде, Тұрлығожаның бойына ел ұранымен бірге **тасқындап кернеп келген** ашу қаны білінгендей болып еді; ол ел тоқтай бергенде, Серікбайдың қолын қағып қалып:

– Тоқта, олай емес, – деп, ашулы шатынаған көзбен Ақжелкеге қадалып тұрып, ойдағы сөзін **желілеп, кие жөнелді**. Даусы барлық топқа түгел естілгендей, зор ашулы саңқ-саңқ етті. Даусының зілді қаттылығының өзімен-ақ ұлықты **бетке былшылдатып ұрып тұрғандай** болды. Бұның даусы шыққаннан-ақ, елдің айызы қанып, әр жерде суық **жымыңдаған** жүздер көрінді. Ұлық та тесірейе қарап, түйіліп, тісін басты.

Тұрлығожа алғашқы сөзден-ақ өзінің даусын да, түсін де еркін билеп алып, жатық бастады.

– «Хан әділінен тайса, қарашысы бұзылады» деген. Бұл күнге шейін бізді билеп келген патша мына жарлықты шығарамын деп елге екі сөз айтты. Әділінен тайды. Біз ақ патшаға қарағалы елу жыл толған жоқ, елу жылға шейін солдат алмақшы емес еді. Одан танды, бұл-бір, – деп, оң қолы мен сол қолының бармағын басты.

– Бір сом жиырма тиыннан артық түтіннен **рамат** алмақшы емес еді, биылғы жыл жиырма бір мен қырық бестің арасына келгеннен алым алды, артық алды. Бұл-екі. Жерді алды, қонысты алды. Ел күн көріп отырған суды алды. Бұл-үш. Өз жеремізді өзімізге сатты.. Біз өгей бала есепті болдық...ұлықтың, әділмін деген патшаның бір сөзінде тұрмай, екі айтқанына ел көптен бері назары болатын. Бүгін мына солдат деген сөзді шығарып, тағы жалған сөз сөйледі. Бұл күнге шейін түзелер, ондалар деп күтіп келіп еді, енді түзелмейтініне көз жетті. Елдің шыдамын тауысты. Бұдан арғыға шыдай алмаймыз. Бала бере алмаймыз, рас па, халық? – деп еді.

– Рас, рас, бере алмаймыз!.. – деп, мың-мыңдаған жиын бір де бірі қалмай, дүр-дүр етті. Айғайы жер жарғандай қылып аспанға шығарды.

...Оның түсінде әлі де **таймаған ажар, қайтпаған қажырлы ашу** бар еді. Жұрт айғайы басыла бергенде:

– Патша бала алмасын; мал алсын, егер, тіпті, қоймай бала аламын десе, мына қолына қазір жабдық берсін. Ұрыста ор қазып

шепке ұсталып, қойша қырылғанша, жастығын ала жататын болсын. Астына ат, қолына қару берілсін. Жұрт осыны тілейді, – деп, сөзін бітірді.

Бұдан қалған сөзді Айтбай айта бастап еді, бірақ оның **даусы кібіртіктеп ақырын шығып** сөйледі. Жұрт Тұрлығожадан қалған сөзге құлақ салғысы келмегендей, жан-жақтан қаптап, жабырласып сөйлеп, ду-ду етіп, Айтбай сөзін ешкімге де естіртпеді. Барлық жиын кеңсені қоралай қамап тұрған айналаның барлығынан Тұрлығожа айтқан сөздерді неше алуан қылып айғайлап, шулап, дамылсыз айтып жатты. Бірақ бұл кездегі сөздерді ешкім де түгел естіп, түгел ұққан жоқ. Әсіресе, ұлықтар естіген жоқ.

(М.Әуезов)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіндегі сөйлеушілер сөздеріне баға беріңіздер.
2. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашыңыздар.
3. Тұрлықожа сөзінің қисынды, әрі тегеурінді, көңілге қонымды шығуының себебі не?

Ойталқы

Ойталқы – қоғамдық маңызды мәселені талқылау. Ойталқының басқа таластарынан ерекшелігі талқылауға түскен мәселенің қойылысы, мақсаты түрпкі нәтижесі, т.б. сипаттарынан танылады.

– Ойталқы – жиылған топқа талқылауға ұсынылар сөз таласы.

– Ұсыналар тақырып алдын ала белгіленеді.

– Түрлі көзқарастарды талдай отырып, оң шешім мүмкіндіктерін табу.

– Ортақ шешімге келу міндетті емес.

– Ғылыми және қоғамдық тақырып талданады.

– Бірнеше адам баяндама, хабарлама да жасауына болады.

– Ғылыми тақырыпты, көркем шығарманы талқылау, «Дөңгелек үстел», т.б.

– Қатысушылар саны үш-төрттен он бес, жиырмаға дейін болу мүмкін.

Диспуттың басты сипаты сөз таласы емес, белгілі бір мәселені талдау, талқылау екенін есте ұстаған жөн. Сөз таласынан, айтыстан талқылаудың айырмашылығы қатысушылар өз пікірлерін, көзқарастарын айтады, әрі жаңа мәліметтер, тың ойлар алады. Ойталқыда өз ойының дұрыстығын, екінші біреудің пікірінің бұрыстығын дәлелдеудің қажеттігі жоқ. Сөз таласы, пікірталасы сияқты белгілі бір мәселені талқылауда түрлі көзқарастарды ортаға салу. Қатысушы жақтар өз көзқарас, ойларын, пікірлерін дәлелдейді. Бірақ қарсы жақты сынамайды. Сөз таласының мақсаты да неғұрлым ыңғайлы, қолайлы, маңызды мәселені ашу. Анықталған мәселені кейінде толықтыру, әрі қарай зерттей түсу міндеті қойылады. Көпшілікпен талдау дебат немесе жарыссөз болуы мүмкін.

Дебат – қоғамдық мәні бап мәселеге қатысты түрлі көзқарастарды көпшілікпен талдау.

Жарыссөз – ғылыми, саяси, есеп-беру баяндамасына қосымша талдау.

168-жаттығу. Берілген тақырыптарға дебат ұйымдастырыңыздар.

1. «Ренжіспей өмір сүруге бола ма?
2. «Әрқашан шындықты ғана айту қажет пе?

Дебат өткізуге дайындық

1. Аталған тақырыптардың бір тандап алу.
2. Көзқарастарды сәйкес келтіру.
3. Дәлелдейтін тезистерін анықтау.

Мысалы:

1. «Ренжіспей өмір сүруге болады»
2. «Керіссіз де келісімнің жолы бар».

Тезистерге қойылар талап:

- тақырыпқа сәйкес келуі;
- тұжырымды, нақ, анық, бере білу;
- неғұрлым қысқа болуы;

- тыңдаушыларға түсініктілігі;
- қорғай алатындай ыңғайлылығы.

4. Дебатқа қатысушылардың бір-біріне сыпай түрде «сіз» үлгісінде тілдесу.

5. Регламент сақтау.

6. Қарсылас сөзін бөлмей, соңына дейін тыңдау.

7. Қарсыласқа сұрақтарына жауап берген соң, алғыс айту.

8. Егер қарсылас сұрағына жауап бере алмаса, соңында қорытынды өзде жауап беруді ұмытпау.

9. Қарсылас сөзінің соңын көрермендермен бірге қолпаштап отыру (қол шапалақтау).

10. Соңында өз топ мүшелерінің, қарсыластарының қолын алып, алғыс айту.

179-жаттығу. Қазіргі жасөспірімдер мен жастар мәселесі, олардың қоғамға берері жайында дебатты қалай ұйымдастырар едіңіздер?

1. Тақырыбын қалай деген жөн?
2. Қатысушылар кімдер болады?
3. Қандай тезистер алынғаны дұрыс?
4. Сауалнама жүргізген жағдайда кімдерге сұрақ беруге болады? Қандай сұрақтар қойылуы керек?
5. Дайындалуға материалдарды қайдан алуға болады?
 - Газет-журналдардан;
 - теледидар, радиодан;
 - сауалнамадан;
 - көркем әдебиеттерден.
6. Дебат қорытындысын шығаруға кімдер төрелік етуі керек?

Пікірсайыс

Пікірсайыс – өз аты айтып тұрғандай пікірлер, идеялар сайысы. Пікірсайыстың басты ерекшелігі – қатысушылардың бір жағының жеңіп, мақсатқа жетуі, яғни бір ғана идея, пікірдің дәлелденуі.

– Пікірсайыс көбіне қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға арналады.

– Адамгершілік қасиеттерді сақтау, рухани құндылықтарды қорғау, адам құқығын жоғары қою, ізгілікті дәріптеу, т.б. мәселелер төңірегінде ұйымдастырылады.

– Әр шешен, әр қатысушы өз ойын, пікірін дәлелдей білуі керек.

– Өз ұстанымының маңыздылығына, мәніне қатысушылар мен тыңдаушылар көзін жеткізе алуы қажет.

– Айтар уәжін ғылыми, әлеуметтік жағынан негіздемесінің сенімді әрі нақты болуына назар салу.

– Пікірсайыс кезінде әдеп ережелерін ұмытпау.

– Шешеннің азаматтық ұстанымы мен ұлтты сүю, елді құрметтеу.

– Қоғам, көпшілік мүддесін қорғау.

– Пікірсайыстың қамтитын ауқымы кең материалдары мол болу.

– Пікірсайыс қоғамдық партиялар, жекелеген қайраткерлер арасында өтеді.

– Сот ісінде ақтаушы мен прокурор, айыптаушы мен куә, т.б. арасында да жүруі мүмкін.

– Пікірсайыста шешеннің сөзі, өзін-өзі ұстауы, ойын ұтымды жеткізуі, дәлелінің нақтылығы қажет.

170-жаттығу.

Тоқсabanың сөзден тосылуы

Атақты Тоқсаба шешен жолаушылап келе жатып, бір ауылдың сыртында қозы баққан сегіз жасар балаға жолығып:

– Балам, бұл қозы кімдікі? – деп сұрапты.

– Ата, бұл қозы – қойдікі.

– Әкең аты жоқ па еді, шырағым, – десе.

– Әкемнің қара аты да, торы аты да, сары аты да, құла аты да бар, – депті.

Шешен ішінен «мынау бір қиқар бала екен..» деп ойланып қалады. Таутекенің мүйізінен жасаған сылдырмақты шақшасын ердің басына қағып-қағып насыбай атады. Сонда бала тұрып:

– Ата, шақшаңыз ненің мүйізі, – депті.

Балаға іштей қиястанған Тоқсаба:

– Бұл – біздің елдің қоянының мүйізі, – депті.

Шешеннің өтірігін естіген бала лып етіп:

– «Елі азғанның жері тозған» деген рас екен-ау. Біздің ел қоянның мүйізінен шаңырақ иеді. Сіздің елдікі шақшаға ғана жарапты ғой, – депті. Тоқсаба тойтарма сөзге қарсы түк дей алмапты

(«Ел аузынан»).

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тоқсаба сұрағына неге бала қияс жауап берді деп ойлайсыздар?
2. Бала сұрақ жауабы мен Тоқсаба сұрақ жауабының ұқсастығы бар ма?
3. Тоқсаба шешен неге сөзден тосылды?
4. Әңгімені пікірсайыс деуге бола ма? Ойларыңды дәлелденіңдер.

171-жаттығу. «Үздік оқу, үлгілі тәртіп үшін ақшалай марапаттау қажет пе?» деген тақырыпта пікірсайыс өткізіңіздер.

1. Көзқарастары сәйкес келмейтін екі топ құру.

2. Дәлелдейтін тезистерін анықтау.

Мысалы: «Үздік оқу, үлгілі тәртіп үшін ақшалай марапаттау қажет». «Үздік оқу, үлгілі тәртіп үшін ақшалай марапаттау қажет емес».

Жарнама

Біздің күнделікті өмірде жарнамаға мән бере қарауымызға тура келеді. Соңғы мәліметтер бойынша, жарнама теледидарда радио, газет-журнал т.б. көп беріледі. Жарнама не үшін керек деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

1. Тауар өндіруші өз өнімінің сапасы, басқадан ерекшелігі, қалай, қайдан алуға болатыны туралы мәлімет береді.

2. Қызмет көрсету түрін, сапасы, артықшылығы жайында айтып, жұртшылықтың назарын аударады.

3. Саяси партия сайлау алдында ұсынар адамы жайында, оның істеген істері мен болашақ елге тигізер пайдасы жайында айтады.

Тауар	Сапасы, ерекшелігі, сатылатын нүктелері.	Сатып алуға ұсыныс жасау
Қызмет көрсету	Сапасы, артықшылығы, мекен жайы	Аталған қызмет көрсету үлгісін таңдау
Жеке тұлға	Атқарған істері, болашақ жоспары	Сайлауда дауыс беру

Жарнама мен ақпарат беру, мәлімет таратудың арасында ұқсастық та бар. Мысалы концертке келу, экскурсияға шығу, көрмеге шақыру, т.б. сияқты әрі ақпараттық және жарнамалық үлгілер кездеседі. Жарнама болу үшін ең бастысы ақпарат беру және жарнамалап отырған істің тыңдаушыға керек екеніне сендіру мақсаты қойылады. Осындай ерекшелігіне қарай жарнаманы:

- 1) хабарландыру – жарнама;
- 2) аңдатпа – жарнама;
- 3) хабарлама – жарнама деп бөлуге болады.

Ақпарат пен жарнаманың айырмашылығы

Ақпарат	Жарнама
Өткен, өтетін оқиға (немесе зат) жайында айтады	Өтетін оқиға (немесе зат) жайында айтады
Неғұрлым жан-жақты мол мәлімет беру	Нақты, кең көлемде айту міндетті емес
Бейнелеп, суреттеу міндетті емес	Көркем, бейнелі назар аударатындай
Хабарлама, ақпарат беру	Сатып алу, пайдалану, қолдау

172-жаттығу. «Менің тауарымды сатып алыңдар» ойыны.

1. Ұялы телефон, сумка, қалам, т.б. заттарын сату үшін жарнамалау. 2. 3-4 студент шығып, әркім өз заттарын кезек-кезек қатар-қатар тұрып жарнамалайды.

3. Ойын соңында кімнің жарнамасы жақсы шықса (заты өткені), жеңіске жетеді.

173-жаттығу. Жарнама жазыңыздар.

- Балалар кітаптарын шығаратын баспа ашылғаны туралы.
- Соңғы көрген көркем фильм.
- Өз оқу орындарыңызды.
- Өз мамандықтарыңызды.

Айтыс

Өз пікірін, ойын, көзқарасын жеткізуде пікірталас түрлерінің ішіндегі ең көркемі, нағыз сөз шеберінің ғана қолынан келер өнер туындысы – айтыс. Айтыс:

- ой жарысы;
- сөз жарысы;
- көркем сурет кестесі;
- қолма-қол тауып айта алу шеберлігі;
- қоғам, ел мүддесін өлеңмен жеткізуші.

Қазақ еліндегі айтыс, оның ерекшелігі туралы әдебиеттен өздеріңіз де оқыдыңыздар. Халыққа танымал айтыс ақындары ән мен жырдың шеберлері ғана емес, ел тілегін, жұрт құқын айтқаннан соң, ел еркелері де – солар. Айтыстың пікірталастың бір түрі ретінде ерекшелігін тарата кетейік. Айтыстағы ақындар жыр додасына шығар алдында қандай да бір мақсат- мүддені арқалап шығары сөзсіз.

Айтыс – пікірталастың бір түрі.

1. Айтысушы – ақынның қорғайтын өз мүддесінің болуы.
2. Қарсылас – ақынды сөзбен сынауы.
3. Өз көзқарастарын қорғауы.
4. Сөз орамдарын қорғану құралы ретінде қолдануы.

5. Өзін-өзі мәдениетті ұстау, әдеп ережелерін сақтаудың мәні.
6. Ұтқыр ой, шешен тілді қолдануға ұмтылыс.
7. Қоғамдық-әлеуметтік, саяси мәселелердің көтерілуі.

Айтыс қай кезде болсын шаршы топ алдында өтеді. Көптің, халықтың алдында сынға түсуде нағыз жүйрік топ қана жеңері сөзсіз. Шын талант халық қолдауынан қуат алып, шабыттана түседі. Айтыс – қазақ үшін өнер мектебі. Халықтың жай-күйі, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер – айтыс тақырыптары. Қазақ тарихындағы Шөже, Біржан, Сүйінбай, Түбек, Кемпірбай, Қалихан т.б. ақындардың жалғасы Ә. Беркенова, С. Құсанбаев, Д. Кәпұлы, Р. Зайытов, Б. Шойбеков, т.б.

Пікірталасқа қажет білім мен білік негіздері

Пікірталас – шешеннің сыналар орны. Ең бастысы – шешеннің аудиторияны қызықтыруы. Ол үшін шешен аудитория ерекшелігін жақсы білуі, әрі соның сипатына қарай әрекет етуі қажет.

Аудиторияның түрлері

Жасына қарай	Дайындық деңгейіне қарай	Кәсіби белгісіне қарай	Көлеміне қарай	Гендерлік белгісіне қарай	Ұлттық белгісіне қарай
Балалар	Жақсы дайындалған	Нақты ғылым өкілдері	Үлкен	Ерлер	Түрлі ұлттар
Орта жастағы	Орта дайындық деңгейінде	Гуманитарлық	Орташа	Әйелдер	Бір ғана ұлт өкілдері
Үлкендер	Дайындығы төмен	Оқушылар, жұмысшылар	Шағын		

Шешен үшін әр аудиторияға түрлі дайындық қажет. Пікірталастың түр-түріне қарай шешен мен аудитория қатынасы құралы да әр түрлі. Шешеннің міндеті – сол ортаға қарай сөйлеу тілін, тақырып ауқымын, сөйлеу әдебін, қозғалыс, көзқарас, ым-ишара,

киім кию ерекшеліктерін дұрыс таңдау. Пікірталас мәдениетін игеру шешеннің өз-өзімен көп жұмыс істеуін қажет етеді. Шешеннің терең білімді, әдепті де мәдениетті болуы шарт. Басқалардан білім, мәдениет, тың ойымен ерекшелене алатын шешен ғана көпшілікті өзіне қарата алады. Пікірталасқа қатысушылардың, жалпы бүгінгі қоғамдағы жұртшылықтың кез келген ақпараттан хабардар, білімнің әр саласынан мағлұматтары бар екенін де ұмытпаған жөн. Тыңдаушылардың білетін материалдарын қайталап бергеннен оларды бір ортаға ұйыту қиын. Жұртшылыққа таныс материалда салыстыру, салғастыру, қатар қою, талдау әдістерімен қайта жаңғырта білу – шешен шеберлігі.

Пікірталастың қай түріне де дайындық тақырып таңдаудан, тақырыпты талдаудан басталады.

Тақырып таңдау немесе тақырып талдау

1. Қазіргі күн үшін өзектілігі қандай?
2. Әлеуметтік мәні бар ма?
3. Саяси-қоғамдық тәжірибемен байланысы қандай?
4. Қатысушыларды қызықтыра ма?
5. Осы тақырып бойынша шешеннің өзі не біледі?
6. Қай ғылым, қоғам саласына қатысты?
7. Негізгі мәліметтерді қандай тірек сөздерінен алуға болады?
8. Қандай зерттеулер жүргізуге болады?
9. Кімдерден кеңес алған дұрыс?

Қандай сұрақтарға (мәселелерге) жауап іздеу керек?

1. Қандай мәселелер аудиторияны қызықтырады?
2. Белсенді пікір алысу үшін нендей мәселелерді көтеру керек?
3. Шешеннің сөзді неден бастағаны дұрыс:
 - а) аудиторияға таныс мәліметтерден;
 - ә) жаңа, тың ғылыми мәліметтерден;
 - б) риторикалық сұрақтан;
 - в) өз ойын бірден айтып, дәлелдеуге көшу;
 - г) аудиториямен әңгімелесуден т.б.

4. Ұстанымын қалай дәлелдеген дұрыс?
5. Аудиториямен қалай байланыс жасаған жөн?
6. Негізгі бөлімде қандай мәселелерге назар аудару керек?
7. Қорытындыны қалай жасаған дұрыс болады:
 - а) басты ойларды тағы да бір қайталау;
 - ә) аудиториямен бірлесе түйіндеу;
 - б) аудиторияның өзіне қорытынды жасату.

Шешенге қажет білім негіздері туралы алдыңғы тақырыптарда айтып өттік. Ал біліктілік күнделікті дайындықпен ғана жүзеге асады. Дайындық әр тақырыпты алдын ала електен өткізу, тыңғылықты әзірлену, қайталау, пысықтау кезеңдерінен тұрады.

174-жаттығу.

«... Бүгінгі шыққан ауылыңызды «Ерекең» ауылы дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы – жалпағынан ел. Бір атаның баласы жүз елу-екі жүз үйлер бар. Қыс қыстаулары басқа болғанмен жаз көбіне бірігіп отырады. Мынау алдымызда көрінген – «Қамысақты» дейтін көліміз. Осының маңайы – жыбырлаған шұқырынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Әр томарға төрт-бес үйден қонып, бөлек-бөлек отырғандары. Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой.

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен.. иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы барып августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама.. оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кезде ғана жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы – жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, тілегін берген бір

адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға, Шұға өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ақ... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда... Осы күнгілердің бір тапқаны қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші...

(Б. Майлин)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтіннен әңгімелеуге тән ерекшеліктерді көрсетіңіздер?
2. «Дариға», «дәурен», «шіркін», «иә» деген сөздердің әңгімелеу стиліндегі мәні қандай?
3. Әңгімелеушінің қыз баланың көркі, мінезі, талғамы туралы ойына келісесіздер ме?
4. «Қыз көркі – сыпайы мінезі» тақырыпта пікіралмасуға тезис әзірлеңіздер.

175-жаттығу. «Қоғам және қажет маман» тақырыбына ойталқы өткізудің жоспарын жасаңдар.

1. Дайындықты неден бастаған жөн?
2. Қандай ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді оқу керек?
3. Бұқаралық-ақпарат құралдарынан қандай материалдар алуға болады?
4. Кімдерден кеңес сұраған дұрыс?
5. Сауалнама жүргізу қажет пе?
6. Қандай тезистер дайындар едіңіздер?
7. Жоспар, дәлелдеме үшін қандай материалдарды пысықтау қажет?
8. Қарсылас қандай сұрақтар беруі мүмкін? Бірнеше нұсқасын әзірлеңіздер. Оған өз жауаптарыңызды дайындаңыздар.
9. Қорытынды түйін қандай болу керек?
10. Өз дайындықтарыңызға баға беріңіздер.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бейсенбаева З., Уәлиев Н., т.б. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 112 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 1991.
3. Сыздық Р. – Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана, 2001.
4. Балақаев М. – Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1999.
6. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы, 1999.
7. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1991.
8. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974, 1996.
9. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1995.
10. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: Ғылым, 1970.
11. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989, 1996.
12. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1972.
13. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.
14. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1982.
15. Мүсірепов Ғ. Әдебиет тілі жайында // Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. 440-445-беттер.
16. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987.
17. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
18. Серғалиев М. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
19. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі /Лексикасы мен грамматикасы/. – Алматы: Ғылым, 1968.
20. Тіл мәдениеті және баспасөз // Баспасөз тілінің мәдениеті жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары/. – Алматы: Ғылым, 1972.

21. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің негіздері. – Алматы: Агроуниверситет баспасы, 1997.

22. Алдашева А., Уәлиев Н. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. – 110 б.

23. Серғалиев М. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1995.

24. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000.

25. Сыздықова Р. Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). – Алматы, 1983.

26. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 2002.

27. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары 6-том - Павлодар, 2005

28. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті Шығармалары 6-том, Алматы, ҚМКӘБ, 1964

29. Ел аузынан (Құрастырған Б.Адамбаев) – Алматы, 1989

30. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы – Алматы, 1994

31. Билер сөзі (Құрастырған Т.Кәкішов) - Алматы. Қазақ университеті, 1992

32. Негимов С. Шешендік өнер – Алматы, 1997

33. Бөлтірік шешен (Құрастырған Ж. Дәдебаев) – Алматы, 1994

34. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері – Алматы, 1994

35. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері – Алматы, 2003

36. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Деловая риторика. Учебное пособие для вузов. 2-ое издание. Ростов н/Д, 2002.

37. Дональдсон М.К., Дональдсон М. Умение вести переговоры / Пер. С англ. Киев, 1998.

38. Колтунова М.В. Язык и деловое общение. Нормы, риторика, этикет. Учебное пособие для вузов. М., 2002.

39. Кузин Ф.А. Культура делового общения: Практическое пособие. 5-ое изд., перераб. доп. М., 2000.

40. Психология и этика делового общения: Учебник для вузов / под. Ред. В.М. Лавриненко. 2-ое изд., перераб. и доп. М., 1997.

41. Холодова Т.И., Лебедева М.М. Протокол и этикет для деловых людей. М., 1994.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I бөлім. Қазақ тілі – ұлт тілі тілі.....	6
Тіл мәдениеті және ұлттық мұрат	6
Ұлт тілі тарихының деректері	13
Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметтері.....	21
Қоғамдық қатынастағы ұлттық тілдің мәні.....	29
Әлеуметтік тұрмыстық қатынас тілі	34
Қайталау	44
II бөлім. Сөз мәдениеті	52
Ауызекі сөйлеу тілі	52
Жұрт алдында сөйлеу	58
Сөз қолдану мәдениеті	63
Сөз дәлдігі.....	73
Сөз дәлдігі және тұрақты тіркестер	75
Сөйлеудегі сөз бен мағына бірлігі	80
Сөйлеудегі қосымша құралдар	87
Ойдың түсініктілігі	90
Сөз әсерлілігі	95
Сөз байлығы	102
Сөз байытудағы қосымшалар орны.....	109
Сөз әдебі.....	112
Тіл тазалығы	118
Қайталау	122
III бөлім. Іскерлік қарым-қатынас тілі	127
Іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі.....	128
Іскерлік қарым-қатынастағы жазба тіл үлгілері	131
Жеке адамға қатысты іс-қағаздар	134
IV бөлім. Шешендік өнер.....	141
Шешендік өнер тарихы	141
Шешендік сөз түрлері.....	145

Шешен. Шешенге қойылатын талаптар.....	153
Шешендік сөздегі әдеби-эстетикалық ғибрат	162
V бөлім. Ұлттық шешендік өнер.....	168
Қазақ ұлттық шешендік өнер ерекшеліктері.....	168
Би, шешен.	
Қазақ қоғамдағы белгілі шешендер мен билер	174
Мақал-мәтел. Нақыл сөздер	180
Шешендік толғау. Терме	191
VI бөлім. Пікірталас мәдениеті	196
Пікірталасқа дайындық. Пікірталасты жоспарлау	200
Пікірталас және оның ерекшеліктері	206
Ойталқы	209
Пікірсайыс	211
Жарнама	213
Айтыс	215
Пікірталасқа қажет білім мен білік негіздері	216

Қапасова Б. Қ.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ. ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Оқулық

Басуға 22.08.14 қол қойылды. Пішіні 60х90^{1/16}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Баспа табағы 14.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 1700 дана
Тапсырыс № 857.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, zakaz@dauir.kz